


БЕРИК ШАХАНОВ

Г 2010

259 4к



884.342-3

L1-31

Каз. яз.

АҚ ИІРІМ

БЕРІК ШАХАНОВ



АҚ НІРІМ



Г 2010/2594к

БЕРИК ШАХАНОВ

884.342-3

Ц131

АҚ ИІРІМ

ӘҢГІМЕЛЕР МЕН ПОВЕСТЬ



«Жалын» баспасы

Алматы — 1979 ж.

Каз2
Ш 31

Шаханов Берік.

Ш 31 Ақ пірім: Әңгімелер мен повесть.— Алматы:
Жалын, 1979.—192 бет.

Берік Шахановтың бұл жинағына жас автордың соңғы кезде жазған он шақты әңгімелері, мен «Қоңыр жон» деп аталатын бір попсей енген. Замандастар бейнесі әсерлі бейнелентең бұл шыгармалар оқушылар ілтилатына ілігер деп сенеміз

Каз 2

Ш $\frac{70303-088}{408/07/79}$ I75 — 78

(C) «Жалын» баспасы, 1979

ӘҢГІМЕЛЕР



НИЯЗ ШАЛДЫҢ НЕМЕРЕЛЕРІ
ИІС СҮ
ТОЛҚЫН
АЯУЛЫ МЕН АҢСАҒАН
СЕЙІЛУ
МӨЛДІР САҒЫМ
АҚ ИІРІМ
АҚ ТЕКЕ
ЖЫРТЫЛҒАН ЖЕЙДЕ
КӨКТЕУДЕ

◆
Атам Бекет пен әжем
Қынаға ескерткіш.
Автор.

Жаңа жол» мен «Қызыл қайрат» колхозының балалары оқитын бастауыш мектеп екі ауылдың қоныстануынан жырақ, айдалаға, екі аралықтағы жатаған қоныр төбенің етегіне салынған, қамыс бұғатының қалыңдығы бір құлаш төбесіне сабан араластыра балшық жатқызған, еңсөлі ақ тамға орналасқан. Ұзын дәліздің бір түкпіріндегі шағын ғана мұғалімдер бөлмесінен басқа мектепте даңғарадай-даңғарадай төрт класс бар. Сол кластарда «Жаңа жолдың» балалары танертең, «Қызыл қайраттың» балалары түстен кейін оқиды.

Мектептің алдынан екі ауылды жалғастыратын үлкен қара жол өтеді. Артында жатаған қоржын там. Оқу ісінің менгерушісі Сапар ағайдың үйі сонда отырады. Бір жағында еден сыпыруши, әрі қарауыл жалғыз басты кемпір тұрады. Мектеп атанатын бұл елді мекеннің басаяғы осы.

Жаздай елі көшіп кеткен жүрттай құлазып, қаңырап тұратын бұл төңірек күз түсе күйіне кіреді. Ү-ду еткен бала даусынан құсы көп көлдің айданындағы азан-қазан жамырап жатады.

Софыстан соңғы кезең еді. Жаңа оқу жылы басталғалы бір аптадай болған. «Жаңа жолдан» бірінші класқа келгендердің ішінде ешкіші шал Серәлінің Бердені де бар еді. Ол ауылдан мектепке қатынайтын балалардың у-шуына мәз, сумкасын арқалап келіп қайтқаны болмаса

мына жана тірлікке жаттыға қойған жоқ-ты. Жамырап үзіліске шығатын, жарысып ауылға қайтатын сәтті күтіп аландастын да отыратын. Кластардың бәрінің терезесі түстікке қараған.

Есік алдынан өтетін қара жолдың үстіндегі қыбыр еткеннің бәрі көрініп тұрады.

Бұларды Сапар ағайдың өзі оқытады. Ол соғысқа бір аяғын беріп қайтқан, протеzi сықырлап баяу қозғалатын, иықты, еңгезердей, тұлғалы, ақ сұр өнді, зор дауысты, сұсты кісі. Мұғалім класс ішін күнгірлете «А-р-р-а-а, с-о-о-н-а-а» деп бір қалыпты ежелеп тұрған оқуын тоқтата қойып: «Әй, Сералиев қайда қарап отырсын?»— деп гүр ете қалғанда бұл селк ете түседі. Жалма-жан алдындағы қағаздарына үцілгенсиді. Енді қайтер екен деңгендей оқытушы жаққа жасқаншақтай көз салады. Бірақ жаратылысынан сабырлы, үстамды Сапар ағай онан әрі нықыртып, зәрленбейді. Сол салмақты қалпы, жылы раймен сыпайы ескертіп:

— Сабак үстінде терезеге қарамас болар,— дейді.

Берден қылмыс жасағандай ыңғайсызданып, қысылып «ендігәрі өйтпейінші» деп-ақ ойлайды. Алайда аздан соң онысын ұмытып кетіп, қара жолдың бойына қуалай көз жүгіртіп отырғанын өзі де байқамайды.

Бірде түске таяу қара жолдың май топырағын толарсақтан кешіп, ілбіп келе жатқан екі жаяу көрінді. «Бұлар кім?» — деген балалық аусарлықпен қарап отырған Берден таяна келгенде ажыратты. Бірі еңкейген кәрі шал, қасындағысы оң аяғын сұлтып басып, сұлбыр аяңдаған жас бала екен.

Жүргіншілер жақындаій бере мектепке қарай бұрылды. Сәлден соң кластың зілдей ауыр үлкен есігі сықыр етіп ашылып, ішке кіріп келе жатқан жаңағы екеуі көрінді. Балалар орындарынан ду көтерілді. Назарлары үстегіне бейсеубет кіріп келген мына шал мен балада. Жапырлап қарап қалыпты. Мұғалім балаларға:

— Отыра беріндер,— деді де шалға бұрылып сәлемдесті.— Иә, Ниязеке, келініз.

Шалдың да, баланың да үсті-басы жүдеулеу. Қарттың мына ыстықта басына мильтыра киген тұлкі тымағының маңдайлышы мен екі самайының жұні түсіп, жарғақтанған. Қазір қандай мата екенін ажыратуға болмайтын тысына сан жерден жамау салыныпты. Үстінде әр түсінан түтеленіп, жабагысы көрінген қабулы қара шапан. Белін бөз белбеумен шарт буынып алған. Тіzelігінің түгі қырылып, тақырланып тозған, түсі оңып кеткен қонырқай шің барқыт шалбарының балағын қара санға дейін шаң түтқан. Қонышы қатпар-қатпар қыртыстанған көн мәсінің басына киген «әзиат» галошының сүйір тұмсығы мен артыша қарай тепкен өкшесіне қайыс жамап бастырған. Өзінің де мына ұзақ жүрістен шаршап, қажыған түрінен көрілік жецип, мұқалған жан екені байқалады.

— Сапар, шырағым, мынау, менің немерем,— деді шал қайда тап болдым дегендей жасқаншақ жанарымен жан-жагына үркектей қараған баласын көрсетіп.

— Ә-ә, солай ма,— деді Сапар шалдың немересіне көз тоқтата.— Жақсы онда. Аты кім? Бері кел, бері таман түр есіктің алдынан.

— Аты Өсер. Өсержан, бері келе ғой, қарғам. Мына Сапар ағаңа сәлем бер. Бұл өзінің аған. Айдар атаниң бір тұяғы,— деді қария төменшікте, орнынан қозғала қоймаған немересіне жақындай түсіп: — Момын, аса жуас, бейшара бала,— деді сонан соң Өсердің тым бүйірі, тағылау мінезіне әлде ақталғандай, әлде ренжігендей бәсек үймен.

Сапар болса баланың бас-аяғына аяушылықпен көз жүгіртіп тұрган:

— Өсер, жасың нешеде? — деп сүрады қасына келіп.

Бала именшектеп онан әрмен тығыла түсті.

— Был жаз сегізден асып тоғызға кетті,— деді қарт.

— Мектепке былтыр беруіңіз керек екен ғой?

— Сапар, шырагым, мұның әкесі Байболды білесін,— деді қария жай-жағдай айтатын ыңғаймен әңгіме бастап.
— Катар едіндер, ұмытпасам сенен аз-ақ жас үлкен шығар.

— Иә, арамыз екі жас еді.

— Бәсе солай. Ауылдан бірге аттандындар. Әкесі соғысқа кеткенде бұл енді жүре бастаған. Байболдан екі-ақ рет хат алдық. Бірінде «соғыс ойынын ойнап жатырмыз, менімен бірге ауылдан екі-үш жігіт бар»,— депті, екіншісінде «майданға жөнелтетін болды, жүргелі тұрмыз»,— деген. Соңан қайтып хабар-ошар болған емес. Бейшараның өлі-тірісін бір жаратқанның өзі біледі. Бұйрық-тағы, мұның шешесі сол қыс сүзек болсын. Қоқтем шыға дүниеден қайтты. Содан екеуміз қалдық. Оның үстіне сорлы бала жасынан мешел болып ауырды. Қөретін жарығы бар екен, тірі қалды. Соңан бір аяғы кеміс.

Шал тымағын қолына алып, маңдайының, мойнының терін сұртті.

— Сырышы Ібіш бізben сүйек жекжат болатын. Мениң кемпірім марқұм онымен туысқап еді ғой. Соның қарасын панарап жүрміз қазір. Малдағы адам үнемі сыртта жүреді. Жаз тауға, қыс құмға көшеді. Соған ілесіп жүріп, өткен жылы баланы мектепке бере алмадым. Енді биыл алып келіп отырмын. Пешенесіне жазса қатарынан қалмай оқыса деймін. Осы жолы да таудан бері қарай көшетін елді күтіп кешігіп қалдық. Оқуың басталып кетіпти. Енді, шырагым, өзіңе тапсырамын. Бөтенің емес. Бір жетім інің. Нашарға істеген жақсылықтың қайры тиер. Қоз қырынды сала жүр.

— Жақсы, Ниязеке, жарайды. Ал, баланың жатын орнын қайтесіз,— деді Сапар.

— Коныстануда өзіміздің ескі там бар ғой. Биыл осы бала үшін сопы қыстамақпың. Мал іші береке, тамағы тоқ. Бірақ қайтемін, мұны тастап қайда барамын? Аштаң өліп жатқан кісі жоқ қой. Құнқөрістің бір реті болар.

— Дұрыс. Жол жүріп келген екенсіздер. Онда бүгін барып демалсын, ертең осы балалармен бірге мектепке келсін. Өзіңде орталықта болады екенсіз, жай-күйін біліп тұрарсыз,— деді мұғалім.

— Ал енді, шырағым, мұның қағаз, кітабы жоқ еді! Соны өзің қаастырып, тауып берсөң, көп жасағыр! Мен керекті тыын-тебенін тастап кетейін,— деп шал қойнынан шыт орамалын алып, бір шетіндегі түйінін жұлмалай бастап еді, Сапар:

— Қария, әуре болмаңыз. Қажет деген қағаз-қаламдарын мен берейін. Ал оқитын кітабын анау тұрған магазиннен алады,— деп мектептің күншығыс жағында тerezeden көрініп тұрған «Қызыл қайрат» колхозының бергі шетіндегі әктелген аласа тамды нұсқады.— Соған өзі барып, бірінші кластың кітабын сұраса береді. Сіз әуре болмай-ақ қойыңыз, баланың өзін жіберіңіз.

— Жарайды, жарайды. Рақмет. Нұр жаусын, шырағым! Мына тұрған жер ғой, өзім-ақ ертіп барайын, Өсержан, жүре ғой, қалқам. Ал жақсы, шырақтарым.— Шал бүкендей шығып бара жатты. Соңынан артына жалтақ-жалтақ қарап немересі шойнаңдай жөнелді.

«Жаңа жол» мен мектептің арасы үш шақырымдай болатын. Серәлінің үйі «Жайлайуқұдық» аталатын жазықтың ортасындағы жатаған қоңыр белдің үстінде отыратын. Талай жылдан бергі жазғы жайлайуы осы. Берден сабақтан шыққан соң орталыққа дейін балалармен ілесіп келді де, солардың бірімен алданып ойнап қалған. Үйіне күн еңкейе жеткен. Есіктің алдындағы жер ошаққа қазан асылыпты.

— Ту, қалқам-ай, сабағың бағана бітті, осы уақытқа дейін не бітіріп жүрсің, қоныстануда сені біреу байлап коя ма осы,— деді қайнаган самауырды үйге көтеріп кіргелі сыртқа шыққан шешесі мұны көріп.

— Ол кім, Берден бе? — деді әкесі тұрулі іргеден еңкейіп сыртқа көз тастап.— Біздің үлкеніміз ғой. Биыл

мектепке барды. Өзі ауым-сауымдау, басының ауған жағына жүре береді. Сабағынан тарасымен үйге қайтпай-сың дейді оған шешесі,— деп түсіндіре бастады.

— Жақсы болыпты. Құтты болсын. Қөрінген таудың алыстығы жоқ. Ертең-ақ адам болып шыға келеді. Бар жақсы бәрінен де,— деп жатты әкесіне біреу.

«Үйде қонақ бар екен ғой»,— деп ойлады бұл. Есіктен кіре бере отыргандарға көз салып еді, манағы мектепте көрген екеу екен. «Бұлар қайдан жүр. Бізбен қандай қатысы бар?» — деп таңырқаған күйі төр алдындағы шалға келіп, сәлем берді.

— Өмірлі бол, балам,— деді ол ықыласпен қолын алып.

— Ал, отыр шайынды іш,— деді әкесі қонақ баланың төменгі жағын нұсқап.

Шалдың немересі біреу алып қоятындаï үш-төрт кітапты қолтығына қысып ұстапты. Тастанмайды. Бұған жаутаңдап күлімсірей қарады.

Шал тымағы мен шапанын тастанап, омырауы ашық, ақ жейдешең, әжімді жүзінен сорғалаған терін сүртіп қоюып, шайды асықпай сораптап, әкесімен әңгімелесіг отыр. Үй иесі бәйек болып:

— Нәке, алыңыз, Нәке, ішіңіз,— деген сайын:

— Рақмет, рақмет, көп жаса, мың бол,— деп пейілдене бас шүлғиды.

— Өсержан, ішіп отырыңың ба, ал шырағым, қысылма,— деп өз алдында жатқан ірімшік, тоқашты қайта-қайта немересіне қарай ысырғыштай береді.

— Серәлі батыр, біздің ар жақ, бер жағымыздан хабарың бар. Бұрыннан жеккет-жұрат, ағайын ауылмыз. Сен білмегендегі кім біледі, біздің жайды,— дейді шал бір әңгіме қозғап.— Ендігі біздің қарағанымыз осы. Тілек осының үстінде, өзің білесің. Бұл Байболдың тұңғышы рой. Оナン кейінгі екі ұл соғысқа үйленбей тұрғанда кетті. Тұқым қалмады.

— Е-е, білем ғой. Қайтесіз. Барына шүкіршілік етініз. Жаратқандікі өзіне жөн.

— Әлбетте, әлбетте. Бұған да шүкір. Құпірлігім жоқ. Осының оқуы деп келдім. Қозі ашылып, бір нәрсе таныса, ел-жұртты көрсө деймін. Бауырын көтермей жатып кісі қолына қараған соң не кінә, тым ұяң, қорғаншақ. Нәміне тартса ынжық болмаса керек еді. Біреудің үйіне өзін қалдырып кетуге дәтім бармайды. Бында қоныстануды қыстамақпын. Ел іші ғой, ас-судан тарықпаспын, ағайын қол ұшын берер деймін.

Тамақ ішкен соң Нияз шал кешке қарай қоныстануға қайтты.

— Нәке, біз осы төңіректеміз ғой, келіп-кетіп жүріңіз. Қазір елде ақ тапшы, сабағынан келген соң баланы жүгіртпіп жіберіп, айран алдырып тұрыңыз,— деді әкесі қоштасып жатып.

Шал мен бала орталыққа қарай баратын жалғыз аяқ соқпаққа түсіп едәуір ұзап кеткен. Серәлі түрулі есіктен олардың соңынан қарап отыр еді. Бір кезде өзімен-өзі сөйлескендей:

— Адамды құдай қор қылмасын деңіз. Қүш қайтқан, кәрілік жеңген, әбден мұжіліп біткен ғой. Әжептәуір кісілігі бар, бұрынғы-соңғыға зерек жан еді. Қажыған соң, амал бар ма? Қәрілігі түскір кісіні қор етеді-ау,— деді бір түрлі қамыққан дауыспен.

Нияз шал немересі екеуі ескі тамына кірді. Қейде шай-суын көрші-қолаңың әйелдері жасап береді. Қебіне қонақтап, қыдырыстап жүреді. Шакырган жерге немересін үнемі іlestіріп барады. Әлдеқалай ол мектепте болып, ілесе алмай қалса: «Мынаны Өсержанға берейінші»,— деп дәм татқан үйінен оның сыбагасын тастамай орап ала кететін.

Бердениң әлі есінде, бірде көктемде мал төлдеп жатқан кезде үйіне Нияз келді. Шешесі:

— Нәке, тісіңізге жұмсақ, әрі жаңалық ас кой,— деп ешкінің узыны қатырып алдына қойды.

Шал ризалықпен батасын берे отырып, дірілдеп үйиған тәтті уызды толғай жұтты. Біраз қарбытқан соң:

— Келін, мынадан Өсержанға ала кетсем, ыңғайлы ыдыс жок-ау, ә,— деді.

Үйдистың тапшы кезі. Шешесі ретті еш нәрсе тауып бере алмады. Уыздың өзін үйдегі шұғыл қара шөңкеге құйып, шөңкені ұлken қазандағы қайнатаған суға қойып қатырған еді. Бұл ыдысымен алып кете алмайды.

— Ертең өзін жіберсөнізші. Сабактан қайтқанда Бердеімен бірге келіп, жеп кетсін,— деді шешесі.

— Менсіз ол ит ешқайда кірмейді. Айтқаныммен келе қоймайды ғой,— деді шал енді қайтсем екен дегендей айналасына ойланған қарап. Соңан соң қойнына қолын жүгіртпіл жіберіп, орамалын суырып алды: — Мына тұрған жер ғой, кеуіп кете қоймас, келін осы орамалға салып алсам қайтеді,— деді ақылдақсандай.

— Болады ғой, сұы сорғалап үстіңізді бұлдірмесе.

— Байқармын, қашығырақ ұстармын киімінен,— деп Нияз шеміршектеніп бекіген сары уызды ұлken-ұлken етіп опырып, шыт орамалға сала бастады. Соңан соң орамалдың ұшын аса қысып тартпай байластырып, түйіп алды.

— Ал, жақсы, келін, бала-шағаңыңигілігін көр,— деп, таяғына сүйеніп орнынан тұрды.

Уыздың ылғалы шыттың сыртынан шып-шып шығып, түйіншектің төменгі жағынан тамшы сорғалай бастады.

— Шапаныңызға тимесін, байқаңыз. Кап, ыдыстың болмағаны-ай! — деді шешесі.

— Оқасы жоқ, қазір сорғиды, қанша сұы бар осының,— деді шал орамал ұстаған сол қолын шапаныңың өнірінен қашқақтата көтеріп.

— Берден, атаңды есіктен шығарып сал. Иттер жүгіріп жүрмессін. Үйден шыққан кісіге ондай әдеттері жоқ еді. Соңда да, итпісің деген ғой,— деді шешесі.

Берден түсірулі киіз есікті түріп алдынан шалды өткізіп жіберді де, өзі артынан ілесті. Майлыаяқ есіктің алдында жатыр екен, бұларға бұрылыш та қараған жоқ. Қарауыз қаншық қоранын төрінде жүр.

— Жоқ, бұл үйдің иттері кісіге бейсауат жүгірмейді. Заты солай, өздерінін,— деді шал ұзын құйрық, ұлкен қызыл тәбетке көз тастап.

— Ал, хайыр, балам,— деп шал жалғыз аяқ жолға түсті. Алдыңғы жақтан екі аралықтағы шенгел, алабота, қурай, арық жағасына өскен құрак, қамысақ шөптерден асып қоныстанудың қамыс бұғатты, балшық үйлерінің біркелкі жатаған тәбелері, шошайған мұржалары көрінді. Неге екені белгісіз, Берденге кенет таяққа сүйенип әрең ілбіл бара жатқан мына карт әлдекашан-ақ бұл өмірден баз кешкен, тек бір мәнейі себептермен кеудеден жаны шықпай, қыбырлап тірі жүрген, тірі жүргенде де Өсер үшін ғана, Өсер жеткенше ғана өзін-өзі сүйрелеп, тоқтамауга бел байлаған, соған бола беріспей, көнбей, тырмысып келе жатқан жандай көрінді. Қөніліне аяныш үялады.

Өсердің оқуға үғымталдығы жаман емес. Бірақ жас-каншак, бүйіғы. Керек десе біліп түрған сабағын да дұрыстап айтып бере алмайтын үяң еді. Сапар Нияздармен бір аталас, жамағайын кісі. Үзілісте ол шалдың немересін үйіне ертіп келіп, тамақ ішкізіп, жылы қабақ танытып, мандайынан сипап жүреді. Ондайда Өсер жайраңдалап, мәз болып, елменен бірге ойнап, күліп қалады. Ал сабақтан қайтқанда, ауылдағы ойын кезінде кейбір сотқар балалар күн көрсетпейді-ақ. Сөйтсе де олардың жасаған зәбіріне ашынып, айбат білдірейін деген ниет байқатпайды. Тек қыстығып, үнсіз жылап-жылап алып қайта ілесе беретін.

Жаз кезінде Нияз бұлардың үйіне жиі қатынап тұратын. Қыста да ара-тұра соғып кетеді. Бір байқайтыны — басқалар мұсәпір санап, көп сөйлеспейтін осы шалға

әкесі өзгеше ықылас білдіретін еді. Құрметтеп төрге шығарып, қазанға сыбағалы асын салдыратын. Жай-күйін сұрап, әңгімеге тартатын. Жайшылықта сөзге сараң, ешкіммен шүйіркелесе бермейтін, өзімен-өзі тыныш, түйық жүретін, момын, кейуана қария мұндайда едәуір көтеріліп, жадырап қалатын.

— Шырағым, Серәлі, ол бір заман ғой,— деп әжептәуір шешіліп, өткен-кеткеннен әңгіме қозғап отыратын. Ескі құлақ, көне көз қартқа тән әңгіменің төркіні көбіне елдің елдігі, жақсының жақсылығы, кімнің кім болғаны мазмұндас келетін.

Алпысты алқымдан, өзі де шалдардың санатына кіріп қалған әкесін баладай көріп, «шырағым» дегені Берденге бір түрлі оғаш естіледі. Ал әкесі оған көңіл аудармайды. «Нәкелеп» дастарқан үстіндегі жылы-жұмсақты соның алдына сырғыта береді.

— Қөрмегелі біраз болды. Өзіңмен сәлемдесіп, әңгімелесіп кетейін деген едім. Жақсы болды. Ішті біраз босатып алдық. Ой, деген-ай, бәрі де кетті солардың дүниеден. Шіркін-ой, адам баласында не бір дүлділдер өткен-ау,— деді қою шайдан маңдайы жіпсіп, жүзі құрсқіткен, қара шал кессесін төңкеріп жатып.

— Ал, Өсержан, қайталық, жүре ғой, балам....

— Жүргүре жиналдыңыз ба, Нәке? Жақсы онда, саусаламат болыңыз. Қеліп тұрыңыз,— дейді Серәлі, қонағын қолтығынаң демеп жатып.

— Рақмет, рақмет... көп жаса... Аманат жан аман болса келеміз ғой. Хайыр енді. Жандарыңа жамандық бермесін...

Хош айтқан соң, Нияз немересін ертіп, қоныстануға баратын таныс соқпаққа түседі. Ол кеткен соң, әкесі біразға дейін өзімен-өзі сөйлесіп:

— Қыруар жан еді, ауру алды, ажал алды, соғысқа кетті, өйтті-бүйтті, төңірегі әбден тақырланды өзінің. Қасында қалған жалғыз қарасыны мына бір қаршадай же-

тім бала. Қеудесінде жан барда адам баласының үміті үзілмейді екен гой. Бұл пендепің көнілі дегенді қойсаңшы. Енді осыны да алданыш етіп, медеу көріп жүр-ау. Артымда қарайып қалса дейді-ау. Әйтеуір, тұяқ. Барғой. Бар болған соң үміт етеді. «Жас өспей ме, жарлы байымай ма». Тірі болса адам болып кетеді гой ертең-ақ. Иә, бар жақсы бәрінен де,— деп толғанып отырар еді.

Бұлар төртінші класс бітірген жылы Нияз қария қайтыс болды. Бердендер көрші ауылдағы орта мектепте оқи-тын болды да, Өсерді Сапар аудан орталығындағы ин-тернатқа апарып кіргізді. Сонан ол «Жаңа жолға» жаз айларында ғана қатынап жүретін. Онынши класты бі-тірген соң, сол жерден тракторшылар дайындастын курс-ты тауысып, білдей механизатор болып бірақ оралды. Аяғының ептеген сылтығаны білінгенімен еш кемдігі жоқ. Өсс келе таралып, сырқтай жігіт болған. Бірден гараж-ға жұмысқа кірді. «Тындырымды, еңбекқор, қақ-соқпен жұмысы жоқ»,— дұрыс адам болып өсіпті десті жүрт.

* * *

Бұл күндері «Жаңа жолдағы» көше-көшениң бойына қатарластыра салған шатырлы көп үйлердің бірінен алды жоғары кластарда оқитын, арты әлі жас, үйелмелі-сүйел-мелі алты-жеті қара домалаш бала шығып, мектепке ба-рып жүреді. Қейде Берден ауылына келгенде үйінің жа-нынан өтіп бара жатқан оларды тоқтатып, алдымен үл-кенинен:

— Фамилияң кім? — деп сұрайды.

— Ниязов.

Онаң кейін екіншісінен сұрайды.

— Ниязов.

Сөйтес-сөйтес бәрінен сұрап шығады. Сонан соң:

— Нияз деген кім ол, көрген кісің бе? — дейді бірін-шіге барып жүрген ең кішісінен.

Бала қайдам дегендей нығын қиқаң еткізіп, бұның өзіне қарайды.

— Танымасаң неге Ниязов боласың,— дейді бұл күлкі қысып, жыбырлай бастаған тамағын кенеп.

— Папамның фамилиясы Гой,— дейді ересегі мұның өзін кінәлағандай.

— Нияз папамның папасы,— дейді тұрғандардың тары бірі.

— А-а, солай ма, онда жөн,— дейді бұл. Көз алдына қара шапанды, қара тымақты Нияз шал елестейді.

«Бейшара осыны келіп бір көрмейді-ау,— дейді бұл болмайтын қияс, аусар қиялға беріліп,— Шіркін-ай, кеткендер сөл сәтке болса да қайтып келіп, өзінің артын көрер ме еді. Қаншасы тірліктегі істегенінің өкінішіне өртенип, санын соғып, қаншасы шүкірлігін айтып, куаныштан көзіне жас алар еді.

Нияз шалда бұдан артық тілек, үміт, арман болды дейсің бе?! Көкірегін сүйретіп жүргенде аңсағаны осы болар да».



Берден демалыс алып, ертең бала-шағасымен аулына жүрмек. Кешкісін үйіне келген соң, жолға жиналды. Қаздарын реттеп кетпек болып жазу столының тартпаларын ақтарыстырып отырған. Бір кезде суырманың түкпір жағында жатқан әлденеге көзі түсіп кетіп, қалт тоқтай қалды. Ұстап отырған қағаздарын стол үстіне тастап әлгі затты қолына алды. Бұл бір үлкендігі сіріңкенің қорабындай ғана, көгілдір түстес, жez тығынды шыны құты еді.

Ішіне аз толмаған сүйық құйылған, бүйіріндегі жez туїмдей жарқыраған таңба қағазында «Духи» деген жазуы бар осы құтыны әрлі-берлі айналдырып қарап, әлде не есіне түскендей ойланып, отырып қалды.

Осы сәт көз алдына өзі оқуға аттанардағы құм ішінде отырған ауылы, сол ауылда қалған қара күпәйкелі, қоңыр орамалды, жайдары қабак, жылы жанарлы, қараторы келіншек келді. «Ол да бір қызық кез екен-ау»,— деп ойлады әлденені аңсағандай. «Кісіге жастық шактағының бәрі қымбат қой деймін. Өткен күннің бәрі армана деген осыдан шығар»,— деп бір толқыды...

Сол кезді есіне алса болды өткеннің тәтті елесіне еніп кетеді. Қөңіліне сағыныш ұялайды. Басқаны былай қойғанда; жалғыз жүргенде жалғыздықтан құлазып, қашып кеткісі келетін сонау иен даланың тәбешіктері мен бұталарына дейін қаншалықты ыстық болып елестейді десенші қазір. Иә, әркімнің туған топырағы өзіне киелі ғой.

Берден құтының тығынын бұрап ашып, алақанына ти-гізді де қайта жапты. Танауына жусанның дәміндегі қышқылтым иіс келді. «Жабық түрған соң, иісін еш жоғалт-пайды-ау, ә, бұрқырауын», — деді құтыны уысына қыса, мұны қайтсем екен дегендегі ойға кетіп.

«Әй, осыны неге өзіне апарып бермеймін,— деді әлден соң, шешімге келгендей.— Несі бар, бөтен адам емес, жақын жеңгем. Қайта қалай алғанымды, қашаннан бері сақтаулы жүргенін айтып берейін, күлсін бір. Откенді әңгімелеп, мәз болып қалайық».

Осы тоқтамға келген ол қолындағы иіс суды жолға алатын заттарының ішіне қосты.

* * *

Берден он жылдықты бітірген жылы талай уақыттан бері қой бағып келе жатқан әкесі пенсияға шықты. Бірақ пенсияға шықтым деп малдан бірден қол үзіп кеткісі келмеді. Үйренген ата кәсіп, әрі мал іші береке, соны қимайды білем:

— Сақырлап орталыққа көшіп барғанда не бітіремін. Атқа міне алмай отырғаным жоқ. Әрі онда барғанда қолдағы мына азын-аулақ қара-құраны қайда сыйғызамыз. Шырағым, сен осы малға қарайласаң қайтеді. Қолымызға келсейші,— деп жоғары оку орнына түсү үшін екі жыл «стаж» жинамаққа ауылда қалып, гараждың төңірегінде жүрген Берденді коярда-қоймай күзге қарай шақырып алып, малға жеккен.

Сөйтіп Берден қой соңында бір қысты өткізіп салған. Осыдан бірер жыл бұрын көрші отырған екі колхоз қосылып, совхозға айналды да, бұлардың колхозының бастығы, жақын ағайындары, Жақып деген жас жігіт өздеріне ферма менгерушісі болып қалған. Жақып келер жылы екі жылдық оқуға баратын болды. Өзінің алғашқы алған әйелі тұңғыш баладан қайтыс болып, сонан біраз салт

бас жұрген ол, өткен жылы Созақ жағынан келін түсірғен. Экесі ертеректе ауыл көлемінде атқа мініп, қызмет істеген, бертін келе мал бағатын. Қазір де қойшы. Сол Жақып оқуға жүрер алдында үйін мұның ауылының қасына көшіріп алып келді.

— Мен жолға жүріп бара жатырымын. Үйді қасынызға қондырамын. Қолыңызда Берден бар ғой, біздің шалдың шаруасына да қолғабыс ете жүрер. Әрі бір-біріңізге сәрік болыңыздар,— деді.

Жаз бойы екі үйі қара көрінер жерде қатар отырды да, күзге салым бірге қонды. Қырқын мен күйек өткенше шабындық сазда болып, қысқа таяу құм жиегіндегі қыстауга көшіп келді.

Каратайдың теріскейінде алыстан жон көрсетіп, ұзына бойына жарыса созылып, көсліп жатқан үлкен құмның бір бүйрек шығып, Қесегенің көк жонына таяу жатқан тұсы Шоқат аталатын быжырқай, құмдауыт төбелер мен құмақша болып келеді. Жері мәйек. Топырағына құм атаулыға тән өсімдіктің шықпайтыны жок. Қысы жылы, малға жайлы, шұрайлы өнір. Шоқаттың шығысын ала үлкен құмға дейін жететін кең жазық басталады. Қектемде тасыған тау өзендерінің бәрі осы жазыққа құяды да, жазға қарай бұл аймақ айдан көл, шалқар шабындық, қорық болып жатады. Шабындықтың Шоқат пен шектелген жиегінің ұзына бойына әр жерден қыстау жайлар салынған. Етектегі осы қораларға шөп шабылып алынған соң, күз өте ел қоныстанады. Сонаң көктеуге шыққанша осында отырады.

Бұлар биыл қыстауға ажырықты жазықтың майдың құмға кірінкірей жатқан тұсындағы төбесін қамыспен жапқан, қос балшық қораны таңдады. Қорадан әріректе бір-біріне жанастыра салынған қос мая бар. Екі аралықта жатаган қоржын там түр. Ауылдың карағысы.

Бұлар көшіп қонған. Екі үйі ортасында дәлізі бар қар-

сы есік екі бөлмеге кірді. Келген күні Берденнің үйі мал сойып көршіні ерулікке шақырган.

— Екі шал шаруа жайын ұзак тәжікеледі.

— Қазір күн жылы, жер қарада қыс қамын мұқият қамдағ алған жөн,— деп қайта-қайта мақұлдасты.

— Екі бала ертеңнен бастап осы шаруаға кіріссін,— деп қорытынды жасады Берден мен Тынымкүлге естірте.— Қыруар жұмыс бар. Қора-қосыны бүтіндеу керек. Жинаулы шөптің сыртынан бейсеубет мал жеп кетпеу үшін жыңғылдан ірі қара бұзып кіре алмайтындей шалы тұрғызу керек. Коралардың ішінің өткен жылдан қалған қызы бар екен. Оны да сыртқа шығарып тастантайтын... Ой, шаруа көп,— деп екеуі бірінің сөзін бірі қуаттап, бұларға тапсырманы берді-ай келіп.

— Сендер де азаннан кешке дейін шай ішіп, әңгімені гөйтіе бермей бір мезгіл тірлікке шығындар. Балаларға қолғабыс тигізіндер,— деп екі кемпірді де ықтияттады.

— Бізді қоса сүйрете жүрмесендер ішкендерін ас болмайды ғой екеуінің.

— Өле-өлгенше қырсық тілі қалмайды бұлардың. Азаннан кешке дейін әнгіме соға бермей деуін қарашы. Біз бір ерігіп қарап отыратындар.

— Бір мезгіл ат үстінде мал қайырып қайтқанға тау құлатып, тас қопарып келгендей болады да жүреді. Біз болмасақ көрер ендер...— деп кемпірлер де шамданып жатыр.

Берден мен Тынымкүл он шақты күндей таңың атысы, күннің батысы осы тірлікпен айналысты. Шоқаттан жыңғыл шауып түйеменен тасып, бір аптаның төңірегінде маяның айналасына биік албар тұрғызды. Қыстаудың қем-кетігін жөндеп, бір екі-күн демалған соң қолдагы жүк артуға жарайтын түйелерді жадылап, тұз әкелуге орталыққа жұруге жиналды. Қайта-қайта қатынап әуреленбей үшін екі үйге керекті қант-шай, ұнды да осы жолы ала қайтпақ болды.

Таң алагеуімнен жолға шығып, бұлкілмен отырып орталыққа сәске түсте ілікті. Қажет заттарын тауып, тиеп қайтқанша күн кешкіріп қалды. Түнгі ұзак жүріске да-йындалып, артылған жүктөрді мұқият тағы бір қарап алдып, бұлар жолға түсті.

Түйелердің жүгі едәуір. Енді келердегідей қатты жүрісті қойып, жай; сары аяңға салды. Бұлар ауыл қарасынан ұзап шыққанша күн ұсынына қонып үлгерді. Артта баған бастарында жанған орталықтың шамдары жүлдиздай жымындал, жарқырай түсті. Ай қорғалап туатын кез еді. Алдыңғы жақты қою қараңғылық түмшалап, төңірек меніреуленіп, түнгі жолдың ауыр бір тылсым тау-қыметі басталып келе жатты.

Екеуі екі атанда қара жолдың қараңғы болса да сайрап жатқан кең сорабында қатар келеді. Бірақ бір-біріне тіл қатулары сирек. Ара-тұра Берденнің жетегіндегі боталы інген онсыз да көңілсіз, жым-жырт төңіректі құла-зыңқы үнге бөлеп, төбе қүйқаларын шымырлата ұзак боздайды.

— Берден жол қысқарсын, әңгіме айтсайшы,— дейді Тынымкүл.— Бүйтіл үн-түнсіз отыра берсек ауылға же-те алмайтын шығармыз.

Жаратылысынан түййық, аз сөйлейтін Берден үндеңді. Табан астында не айтпак. Бірақ сол үндеңеген ғұрлы өзі де қиналып, қысылып отыр. Басқа істер лажы жоқ.

— Түнгі жолдың кісіге әсер ететін тұс сияқты тылсым бір құпиясы бар осы,— деді Тынымкүл өзімен-өзі сөйле-сіп отырғандай.— Кісі өзін күндізгідей еркін сезіне ал-майтыны несі екен. Тунде, жалпы, белгісіз әлденендей құш иелік ететін тәрізді адамға. Соған еркінен тыс ба-ғынышты сезінесің. Оған қарсы жасар еш қайратың жоқ. Дәрменсіzsің. Қандай қызын, ә.

Берденнің жон арқасынан құмымырсқа жүгіріп өткендей денесі тітіркенді. Айнала қараңғылыққа елегізи қара-

ды. Жаңағы Тынымкүл айтқандай күйді өз бойынан да байқағандай сезімде еді.

— Мен, тегі, тұнгі жолды ауыр сезінемін,— деді Тынымкүл бір әңгіме бастайтын сыңаймен.

— Тұнде жол ұзарады дейді гой,— деді Берден де әңгімеге араласқан бол. Оның сөзіне өз ойымен болып отырган Тынымкүл мән бере қоймады.

* * *

— Онда төртінші класқа барған жылым еді,— деді жадының үстіне салған аяқ жібі қысқа болғаннан екі тізесі бүктетіле шоқып отырған күйі алдындағы қою қараңғылықтан көз алмай.— Әкем мен іште жатқанда соғысқа кетіп, сонан оралмапты. Маған тете апам бар, шешем үшеуміз ғана. Ауылдағы мектеп бастауыш класқа дейін. Жетінші оқитын апам аудан басындағы интернатта жатады. Тек қыскы, көктемгі, жазғы демалыста ғана келеді. Үйде шешеммен екеуміз.

— Өзің мектепті қайдан бітірдің, аудан басынан ба? — деді Берден оның сөзін бөліп.

— Жоқ, ауылдағы мектеп кейін сегіз жылдыққа айналды. Сонда оқыдым. Сегізді бітірген соң, әрі барғаным жоқ. Үлкен апам ұзатылып кеткен. Шешем жалғызлікті. Енді оқуды қойып, соған қолғабыс жасадым,— деді Тынымкүл мұның сұрағына жауап беріп. Сонан соң айтып келе жатқан әңгімесін қайта жалғастырды:

— Күздің орта кезі еді. Таудағы дірменшіге барып үн тарттырып келмекке апам колхоздан демалысқа қарсы бір күнге өгіз арба сұрап алды. Тұнде барып қона жатып, ертең бидайды тарттырып алып, қайтып келмек бол мен сабактан шығысымен кештете жүріп кеттік. Тұн сондай қараңғы болды. Бұрын бұлай далаға шығып көрмегендін. Ауылдан ұзаған соң-ақ көніліме бір түрлі қорқыныш кіріп, пұшайман күйге ендім. Онымды сездіргім

келмей апамды сөзге тартам. Ол кісі әнгіме айта бастаса кішкене женіл сезінемін. Өзіне тығыла түсіп отырмын. Мына жол таусылмайтындай, мына тұн сейілмейтіндей көрінеді. Енді қайтып шыға алмайтындай, басқа бір қаранғы дүниеге еніп кеткендей үмітсіз сезімдемін. Мұнымды байқағандай апам да бауырына тартып, шапанымен орап, қайта-қайта қымтап қояды. Айналага қарауга дәтім бармайды. Құмдақ жолда ара-тұра шиқылдап қойып, сықыр-сықыр айналған арба дөңгелегінің дыбысына құлақ түріп, сауырына қайыс қамшысы сарт-сұрт тиген қос өғізден көз алмаймын. Мына айналадағы үрейлі дүниенің ішінде бұл екеуі таныс тіршіліктең жаныма жақын сезіледі.

Бір кезде апама назар аударсам, әлдеқайда қарап отыр екен.

«Бұл кісі неге қарап келеді?» — деп сол жаққа мен де көз тігіп едім, сонау алыс қаранғылықтан жылтырап жіңішке от көрінді. Айдалада, шымқай қаранғы тұнде көрінген жарықтың өзі кісіге әр түрлі әсер етеді гой. Мен әлгі отқа үрейлене көз тастап отырмын.

— Апа, анау үйдің оты ма? — деп сұраймын.

— Қайдам, қалқам. Ол жақта ел жоқ болатын еді.

— Онда ненің жарығы? — деймін көңіліме күдік қіріп. Шайтанның жарығы шығар деген сұық ой қанша қашсамда суман-суман етіп соңымнан қалмай.

— Білмеймін, қалқам, — дейді ол менің елегізіп отырғанымды сезіп тыныштандырғандай үнмен. — Әулиенің оты болар. Бұл жақта, жарықтық, әулиелердің зираты көп қой. Тұнде әулиелердің басынан шырақ жанып тұратын әдеті.

— Апа ол неге жанады?

— Қасиеті фой, жарықтықтардың.

— Апа, мен қорқамын.

— Қой қалқам, оның не?

— Ол от бізге келмей ме?

— Жок, алыста ғой. Ол оттан қорықпа? Оның көрінгені жақсы. Үлкен сауап қой. Қез келген адамға көріне бермейді. Оны көрген кісінің күнәсі азаяды, сендей жас балалар көрсе өмір жасы ұзақ болады. Сен онан қорықпа. Қайта келимаға тілінді келтіріп, аруақтардан: «Өмір жасымды ұзақ қыла ғер. Әкемді аман-есен тезірек келтіре ғер», — деп тіле, — дейді шешем.

Шешем қанша бәйек болып, тыныштандырғанымен менің көңілімнің қобалжығаны кетпей-ак қойды. Бір кезде бүрісіп, тығызып жатып үйиқтап кеткен екем, шешемнің түр-түрлаған даусынан шошып ояндым. Қөзімді ашып алғанда дүниені шайқалтып түрғандай қатты сарыл-гүріл еткен дыбыс құлағыма шалынды. Қорыққанынан аяқ-қолымды қимылдата алмай қалдым. Тыпты етуге шамам келмей жатқан күйім төңірекке көз салсам, қараңғыда не екенін ажыратып болмайтын аспанмен тірескен аба-жадай сүмдүқтар айналаны қоршап алыпты. Жаңағы гүріл жерді солқылдатып әкетіп барады.

— Апа! — деп шыңғырып жіберіппін.

Менің даусынан шошығандай асып-сасып, абыржып шешем жетті бір жақтан.

— Қорықпа, қалқам, қорықпа. Мен мұндармын. Кел тұра ғой, — шешем қолымнан тартып, сүйеп көтере бастады. Оның даусын естіген соң ес жияйын дедім.

— Апа, бұл не, біз қайдамыз?

— Тау ішіне кірдік, қалқам, дірменшінің үйі жақын енді. Өзеннен өте алмай тұрмыз. Арбаның дәңгелегі қайырлап суға тоқтап қалдық.

Мен айналама зер салып, жағдайға енді-енді қаныға бастадым. Арба гүрілдеген тау өзенінің ортасында түр. Өзеннің екі қапталындағы биік жартастар төбеден төне карайды.

Шешем шешініп, түрініп алған екен. Суға қайта түсті. Екі өгіздің алдына шығып жетек жібінен сүйреп:

— Ал үр, — деді.

Мен арбаның үстіне тұрып алып, айқайлап, әлімнің келгенінше кезек-кезек қамшының астына алдым. Ақыры тас табандап тұрған өгіздер мықшындан қозғала бастады. Сол-ақ еken сықырлап арба да жылжи жөнелді. Әзер дегенде арғы бетке өтіп, тоқтап, апам үсті басының суын сорғытып қайта арбаға отырғанда табан астынан найзағай ойнап, жаңбыр төгіп берсін. Үйден ала шыққан ескі шекпен, киізбен қаптарды жаптық. Өзіміз дійрменшінің үйіне жеткенше малмандай болдық. Тісімтісіме тимей жаурап ұшып кете жаздадым. Үйге кіре құлап едім, соナン екі-үш күндей тіл-аузымды қойып жатыптын.

Қөпке дейін түзеле алмадым. Жатсам болды, бір қапқараңғы дүниеге еніп кетемін де, кілең алыстан жылтырап жанған от көремін. Сол отқа жетемін деп жүгіре беремін, жүгіре беремін. Шаршап, қара суға түсемін. Соナン соң әлгі жарық бұлдырап, мың сан бөлініп кетеді де төңіректің бәрі балқыған от ағынға айналады. Енді сол от ішінде жанталасып, жүзіп жүремін. Есімді жиып көзімді ашқанда «Бейшарам-ау, не болды саған. Енді қайтемін. Не істеймін»,— деп жылап отырған апамды көретінмін.

Мұндай үстамадан кейін қу сүлдерім қалады. Бір қыс осылай азап тарттым. Апам аудан басындағы дәрігерге де көрсетті, молдаға да үшкіртті. Әулиенің басына да алып келді. Әуресі аз болған жоқ. Әйтеуір, жаз шыға тәуір болып, бірте-бірте кеселімнен айықтым. Ал соナン бері түнде жолға жүрсем бір түрлі елегізіп, үрейленіп отырғандай сезінетін әдетім бар.

Тынымкул әлдене ойға беріліп кеткендей өзімен-өзі үнсіз қалды. Түн тып-тыныш. Жел де жоқ, ызғар да жоқ. Күзде сирек кездесетін мінезбен май тоңғысыз маужырап тұр. Төңірек сәл бозаңытқандай болып, артынша шығыс көкжиектен жұқалтаң қызғылт сәуле сызаттады.

— Ай туып келеді,— деді Берден үнсіздікті бұзып.

— А-а, кәне. Иә, туып келеді екен,— деді Тынымкүл де солай қарай бұрылып. Сонан соң қошуақ алғандай серги түсіп: — Мынадай қараңғы үйықтан гөрі айлы тұнде журу көп жеңіл ғой,— деді.

Бірте-бірте жер бетіне себелеген күлгін сәуле үлғайып, дала ақшулан тартып, жол жиегіндегі қарасын бұталарға көленке үялады. Маңайдағы қырат, белдер құба жонданып, көзге шалынып жер бедері айқындалды. Диірмен тасындағы дөңгеленген дүние төңкерілген аспан астында сүттей үйып, тұншиға тыныстап жатты.

— Ай батқанша ауылға жететін шығармыз. Жап-жарық болып туды ғой, жарықтық,— деді Тынымкүл. Даусында жаңағы әзірдегідей емес көңілділік бар.

— Ой қайда, ай таң ата батады. Біз қазір-ақ жетеміз. Түйелердің жүгі ауыр, әйтпесе, манағыдай біраз желдіріп алсақ, жол өніп қалар еді.

— Кой, обал болады. Асығыс не, жетеміз ғой. Берден, онан да өлең айтсайшы, қарап отырғанша.

— Не айтам, білмесем. Ондай өнер маған бітпеген.

— Эй, сен білсең де айтпайсың,— деді серігі мұның сөзіне шүбә келтіріп. Сонан соң аз уақыт үнсіз отырды да бір кезде сыңғырлаған әдемі, жіңішке дауыспен ел арасында көп естіле бермейтін қоңыр сазды халық әуеніне салып, жайлап ән бастады.

Балапанның қанатындағы дірілдеп, нәзік көтерілген ән ырғағы бірте-бірте ширап, қатайып, әуелей берді. Берден ә дегенде елең етіп, қалт бұрылған қалпы серігінен көз алмай қарап қалды. Мұндай әсерлі, ашық дауысты бұрын естіген емес-ті. Жүргегі езілердей болып, елти, елжірей тыннадады. Мына дүниені үмитып, өзге бір сырлы әлемге еніп кеткендей, өңмен-түстей күйде еді. Егіліп, әлденеге ағыл-тегіл жылағысы келеді. Біреке кеудесіне шым-шымдап жылы шуақ құйылды жатқандай, сол шуақтан көnlі шаттыққа толып, қуанышқа бөленгендей. Бар ықыла-

сы сағыныш сазды әнгө ауып, ән айтып отырған келіншекке сүйсіне, қызыга қарай берді. Қараған сайын толқыған сезімнің ыстық ағыны тұла бойына тарап, депесін жалын шарпып, діріл биледі.

Көкке әбден көтеріліп, толысып алған ақ сағым ай алтын шарадай жарқырайды. Ай астында күміс сәулеге малынып, Сортаңдының жазығы көсіледі. Қара жолдың кең сүрлеуінде мац-мац басқан желмаяның үстінде отырған қағылез келіншек ен даланы мұқды бір әуенге бөлөп, шымырлата ән шырқайды. Төңірек түгел үйип тындаған қалған. Тіпті, ботасын іздеғен боз інгеннің де, тұнгі далада тынымсыз шақыратын жылқышы құстың да даусы естілмейді.

Осынау сурет Берденнің көз алдында мәңгі қалыпты. Есіне алса болды, бояуы солғын тартпайтын, көнермейтін әлгі елес, қаз-қалпында тіріліп тұра қалар еді.

* * *

Тынымкүлдің жасы мұныменен қатар болатын. Бірақ өмір көріп ысылғандікі ме бұған қарағанда көп ересек, басалқы кісі тәрізді-тін. Өн бойында кісіге бауырмал үйірсектік бар. Ашық-жарқын, елгезек. Үлкенді де, кішіні де биязы мінезімен өзіне үйіріп алатын жайдарылығынан болар, жаратылысынан түйіктау Берден оған тез бауыр басып кетті.

Ауылға келген соң, екеуі бір апта бойы үй іргесіндегі құмиан түйеге артып сексеуіл тасыды. Сөйтіп қыстық отынды қамдап алды. Қар түскенше қос атанмен күнара ауыз су үшін арнадан мұз тендереп әкеліп тұрды. Бәрінде де екеуі егіз жандай бірге жүрді. Келіннің ата-енесі қалай жүріп, қалай тұрдындар деп қадағалап жатпайды. Құдігі, секемі жоқ. Қайта Берденді өзімсініп, осы үйдің баласындаі көреді. Соңан соң да ол күндіз демей, тұн демей қолы боста, іші пысса осы үйге жетіп келеді.

Екеуі «хан талаппай», «ауыз тұртпек» ойнап, кемпір-шал жатқан соң да түн ортасына дейін отыра береді.

Тынымкүл көңілі келсе әңгімешіл-ак. Әрі-бері жүргенде, жол бойы Берден ықылас қойып тыңдайды да отырады. Қебіне-көп ауылын, ауылында болған бір қызық той, жиындарды есіне түсіріп, соны аңсай, сағына әңгімелейді. Айтып отырған адамдары, ел-жұрты бейтаныс болғанымен Берден тапа бір сол той-думанды қазір көзімен көріп, ішінде жүргендей беріле, қызыға тыңдайды. Жүзі нұрланып, бал-бұл жанып, өз әңгімесіне өзі рақаттанып отырған серігінен көз алмайды.

Қыс ортасына таяу екі отардан да малдың арық-тұрагы мен ертерек іші біліне бастағандарын ауылға ірікten алып қалып, бөлек бага бастады. Өріске шығатындарына шалдар ие. Корада тұратындарын бұларға тапсырды.

Қамысташ екі бөлек шалы тартып ауылдағы малдың күндіз соған қамайды. Шөп, жемін сонда әкеп жатады. Ақыр сыртта жүрген соң, қебіне екі үйінің де жаман малдарын Берден жайгайды.

Қариялар күндіз өрістегі малдың соңында. Азанда кетіп, кешке келеді. Кемпірлер сәскелік шайын ішіп алған соң, үршықтарын белдеріне қыстырып, көрші ауылдарға қыдырыстап кетеді. Ауылда екеуден екеу қалады. Қейде Берден сырттағы шаруасын жайланаған соң, Тынымкүлдің қасына келеді. Ол өмірі қарап отырмайды. Не жүн іріп, не кір жуып, не наң аштып, тоқаш қуырып жатады. Бұл төрдің алдына шығады да жастыққа жантаяды.

Пештің аузында шокта тұрған шайнекті көтеріп:

— Шай жасайын ба? — дейді келіншек.

— Жоқ, рақмет, жаңа үйден ішіп алғанмын.

— Жалғыз өзіңе қалай ас батады? Неге осында келіп бірге іше салмайсың? Сенің-ақ сыпайылығың қалмайды екен,— дейді ол зілсіз реңіш білдіріп.

Бұл ештеңе деп жауап қата қоймайды. Сонаң соң екеуі де біразга дейін үнсіз қалады.

— Тынымкул ән айтшы! — дейді бір кезде бұл өтініш жасап.

— Ой, қойшы. Ән айтатын мен, немене, шілдехана-да отырмын ба? — дейді ол күліп.

Бұл өтініп қоймайды.

— Эй, қой, ән айтқан не сәнім, мазам болмай отыр өзімнің. Онан да мына шаруамды тындырып алайын. Апам келген соң «Әлі бітпегенсің бе, шырағым-ау», — дейді ғой.

— Тынымкул, айтсайшы,— деп қыллады бұл. Жұмысты аузыңмен емес қолыңмен істейсің ғой.

— Эй, қой енді,— дейді ол жеңіл қарсылық білдіріп.— Сен сияқты ерігіп отырганым жок.

— Ал жарайды. Сонша пәлдендің ғой,— дейді бұл өкпе арта, орнынан самарқау көтеріле беріп.

— Отыра тұрсышы, келгенің жаңа ғой. Қайда бара-сың асығып,— деп ол енді шынында ренжіп қалды ма де-гендей мұның жүзіне барлай қарайды.

Берден қайта жантаяды. Сәлден кейін «ал, қоймадың ғой» дегендей бұған бір қарап алыш, әсем даусымен тұла бойды шымырлата ән бастайды. Үзілдіре баяулатып, шырқай көтеріп, нәзік бір сазды әуендеңі құбылтады-ай келіп.

Берден жастықта шынтықтап жатып үздіге тындаиды. Тындал жатып қиялға беріледі. Әлденені армандастын-дай, іздейтіндей беймәлім күйді басынан өткізіп, тебіре-не толқиды. Келіншекке егілген бір сезіммен үзіле қарай-ды. Қараған сайын оны қимас көнілмен жақсы көріп, жақын тартып, елжірей түседі.

Аңғарымпаз келіншек жігіттің күйін зерделейді. Бір кезде әнін тоқтатып:

— Эй, маубас, малыңа шықпайсың ба? Өзіңе не болған, терен ойға батыпсың ғой. Қөп ойлай берме, қияли болып кетесің бір күні. Өзің де түйіксың оның үстіне,—

дейді табан астынан ойнақы қалыпка еніп, әзілмен. Соңан соң артынша байылты түрде бұған жәудірей қарап:

— Бірақ, айтшы-еї, жаңа не ойладың соңша? Мен сені жылайын деп отырма екен деп қалдым... Айтсайшы не ойладың? Мен білсем сенің бір ғашық қызың бар. Сүмдышқ жақсы көресің оны. Айтсайшы ол кім? Суреті барма өзінде, көрсетші? — дейді шынымен өтініп.

— Мен саған қанша рет айттым ешқандай қызым жоқ деп. Сен қайдағыны қайдан тауып аласын осы.

— Ал мен сенің қызың бар деп ойлаймын. Соны көргім келеді. Қандай өзі. Әп-әдемі шығар, ә? Мен қазір көзіме елестетіп, қандай екенін айтып берейін бе?

Берден лажсыздан күледі.

— Сен кейде бала сияқтысын, Тынымкүл.

— Әулие сияқтысың де.

— Жоқ адамды қалай елестетесін.

— Бар. Бар деймін. Бір жерде жүр, әйтеуір. Мүмкін сен әлі кездеспеген шыгарсың.

Берден онан сайын күледі:

— Осың дұрыс болар түбі. Бірақ көрмеген, әлі кездеспеген адамды маған қазір қалай телисің?

— Сен әйтеуір біреуге ғашықсың, мен білсем,— деп келіншек дөңгелек жүзі алабұртып, мұның көзінен көзін айырмай қадала қалып еді, Берден екі беті ду етіп, қызырып төмен қарады.

— Ә, бәлем, мойыннадың ба? — деді ол әлденеге мәз болып.— Әлі кім екенін де айтқызамын. Менен жасыра алмайсың.

Берден басын көтеріп еді, келіншектің ойнақы, отты жанарына жанары ұшырасып, сол сәтте жүргегі дұрс-дұрс соғып кетті.

— Сонымен мені қалайда біреуге ғашықсың дейсің гой. Кім екенін айтайын ба онда? — деді толқыған күйі әлдеқандай батыл шешімге бел буып.

Келіншек әлденені сезгендей құлкісін тыя қойды.

— Жок, жок қазір айтпай-ақ қой. Кейін өзім сұраймын. Сонда. Жарай ма? — деді бәйек болып. Қөзі жәуді-реп, бұған жалына қарады. Соナン соң:

— Малыңды суаратын уақыт болды ғой, негып тұрсын? — деді ақырын ғана жылы, жана шырын мен.

Қөңілі алай-түлей Берден үйден үн-тұнсіз шыға же-нелді. Мал қораның алдындағы тау боп үйілген кәшекке жантая кетіп, дел-сал қүйі біраз жатты. Өзін қылмысты жандай сезінді. Қөңілінде бір өкініш тұрган тәрізді ме, тамагына түйіліп келіп, қайта-қайта өксік тығылды. Өз қүйін өзі ұға алмай дал болды. Бәрін тастап, тап қазір, осы бойы, көз көрмес, құлақ естімес әлдеқайда кетіп қалғысы келді. Айналаны қоршап жатқан Шоқаттың өркеш-өркеш құмақшаларымен, шоқыларынан, безерген құм жоталарынан көз алмай, қөңілі құлазып, көп отырды.

* * *

Ауылда бағылатын арық малдарға шөпті маядан күнделікті арқалап таситын. Екеуі алдымен маяның үстіне шығып, тапталып қалған пішенді екі жақтап босатып, жерге түсіріп алады. Айырды табан астарына көміп жіберіп, ашы, кермек дәмі мен тозаңы қолқаны атқан көкшулан ажырықты қопара көтеріп, бүркырата, жарыса лақтырады.

Тынымкүл талдырмаш болғанымен қарулы, мұнан қалыспайды. Айырды бірдей сілтеседі. Шарт буып алған қалың орамалының астындағы жазық мандаіы мен тәмпіштеу мұрының ұшы шып-шып тершіп, күпәйкесінің жоғарғы түймесі ағытулы омырауынан, тамақ астынан жеңіл бу көтеріліп, екі бетіне қан ойнап, жүзі алабұртып, тығыншиқтай қеудесі көтеріліп басылып, алқына ентігіп, ара-тұра бір сөт дем алып алады да: «Ал қане», — дег қайта жарыса жөнелді.

Екеуі босатылған пішен жетерліктей болды-ау дегенде айырды жерге лактыра шашып, майның үстіне отыра, отыра кетеді. Демалып терін басады. Сонан соң Берден жерге алдыменен секіріп тұседі де, Тынымқұлді демеп, қолтықтап, көтеріп алады.

Бірде майның үстіндегі келіншекті демей бергені сол еді, тәмен сырғып келе жатқан ол жерге таяп қалғанда мұның мойнынан тарс құшақтай, денесін бос тастап, салмағын сала үстіне құлай тұсті. Аяғы жерге тиген соң да құшағын жазбай тұрып қалды. Беті-бетіне дәп келіп, ыстық демі шарпып кетті. Сол шарпудан жігіттің денесі дір етіп, тұла бойы ысып қоя берді. Сол сәт от қызу сезімнің жетегінде кеткен бұл өз ісіне есеп беріп жатпай, құшағында тұрған жанның етшең, толық ерніне қалай қадала кеткенін байқамай қалды. Тер мен кепкен шөптің кермек дәмі аралас кісі тоймас бір шырын сезімді жұта берді, жұта берді. Келіншек кенет бұлқынып қалды. Бұл есін жигандай селк етіп, басын көтеріп алғанда ол құшағынан сыйылып шыға берді. Тэттінің дәмін енді тата бастағанда біреу аузынан жұлып әкеткендей сезімде алас ұрып қалған жігіт қайтадан өзеурей ұмтылып еді. Келіншек шегініп, ұстатпай, сабырлы қабақпен.

— Тентек болма, қой,— деді.

Бұл оны тыңдағысы келмеп еді.

— Айналайын, қой енді, мұның не? Сен ақымақ емессің рой,— деді жалынғандай.

Берденнің лажы таусылып, тоқталып қалды. Енді оған^ж қарап еш нәрсе айта алмады. Сонан кейін бір-біріне қатысқан жоқ. Үн-тұңсіз тірліктеріне кірісті. Екі-үш қатынап, майдан шәп арқалап тасып, малға шашты. шеден қалған кәшекті жинап қораның сыртына үйді. Аның бардың ішіндегі астаулардың тұзын жаналады. Сөйтеп шаруаларын жайлаган соң, үйлеріне қарай келе жатқан^ж кенет. Тынымқұл бұған бұрылып:

— Берден, мен сені бірге туған бауырымдай жақсы көремін,— деді.— Сонан соң әлдене айтқысы келгендей оқталып тұрды да, бірақ еш нәрсе айтпай кідіріп, ойлаңып қалды. Сол үнсіз қалпы мұның жүзіне қимастықпен, мұңая мөлдірей қарады.

— Оқуға қашан жүресің?

— Келесі аптада. Ертең орталыққа барып, жол қаражат, оны-мұны реттеп келемін.

— Сөйтіп кететін болдым де. Оқуға барған соң бізді ұмытасыңғой, ә?

— Неге? Ол не дегенің? Сені қалай ұмытамын.

— Рас айтасың ба?

— Рас!

— Мен саған сенем. Сен жақсысыңғой,— деді ол ри-за болғандай, бала көнілмен ақтарылып: — Оқуға барады дегелі мен сені қимай жүрмін. Әбден бауыр басып, үйреніп кетіппін. Білесің бе, кейде маған дүниедегі ең жақын адам бір сен ғана тәріздісің. Рас айтамын... Сен кеткен соң, әбден жалғызырайтын шығармын.— Даусы мұңайып, құлазып шықты,

— Қысқа қарай Жақан: «оқу бітеді, практикаға шығамыз, келіп жұмысқа кірісемін»,— деген едіғой. Ол кісі қызметіне тұрса, орталыққа көшіп бармайсындар ма?— деді бұл қиян далада жас келіншекке айта-айтпаса да қын-ау деп шын жаны ашып, қамқорси.

— Қайдам ол келгенімен малдың ішінде жүретін шығармыз. Жұмысының реті солайғой... Жарайды, пешенеге жазғаны болар... Иә, өзің енді қайда жүрсөң аман бол, абыройлы бол. Бізді есіне ала жүр,— деді, даусы тебірение толқи шықты. Берден еш нәрсе айта алмай қолындағы шумактаулы жіпті сығымдап, ширата берді.

Екеуі қатар жүріп келе жатқан, таянғанда қоштасқандай:

— Ал, жарайды,— деп еркелете мұның иығынан қақты. Жүзінде мейірім толы еді.

Берденнің жүргі сыздағандай. Көнілі қобалжыды.
«Қандай жақсы жан едің, сау болып тұр, Тынымкүл»,—
дегенді іштей егіле қайталады.

* * *

Бұл үш айлық дайындау курсында оқып, қабылдау
емтиханын тапсырып, институтқа түстің деген хабарды
естіген соң, сабак басталғанша төрт-бес күнге, асығыс,
ауылға барып қайтуға жиналды. Көніл алып-ұшады.
Куанышта шек жоқ. Қөз алдына сары ала күздің пісікші-
лігіне кіріскең, қарбалас науқандағы ауылы елестейді.
Жора-жолдас, ағайын-тумалармен қауышатын сәттерін
ойша топшылайды. Осы бір көнілді ойлардың ағыны қай-
та-қайта келіп Тынымкүлге тіреле береді. «Ол қазір не
істеп жүр екен? Оқуға түскенімді естігенде қалай қуанар
екен? Ауыл қазір қай жерде екен? Екі үй әлі бір отыр ма
екен?!.— Тағы, тағы сұраулы ойлар таусылмайды...

«Үлкен қаладан бара жатырмын ғой, базарлыққа не
ала барсам екен..», — деп толқиды. Кешкі поезга билет
алған соң, орталық универмагқа келіп, аралап көрді.
Қалта жүқарған... Жолға ғана жетерліктең тын-тебен
қалған. Жоқтық жомарт көнілді күпті етеді. Қөз тартар
заттарға қол соза алмайды. «Арзанның дәмі татымайды».
Ойланған келе «Қаладағы, оқудағы кісінің жағдайын
түсінеді ғой, менікі тек ниет емес пе, осы біреуді-ак апара
берсем болмай ма?» — деп кішкене көгілдір құтыдағы
ніс суды таңдады.

Бұл келгенде үйі арпасы орылып алынған таудағы
аңызға мал жайып, жонда отыр екен. Жақып ауылға
қайтып оралып, қызметіне кіріспіті. Жаз бойы жайлауда
бірге болып, жақында үйімен ойдағы ферма орталығына
орналасқан қырқын басына көшіп кетіпті. Берденнің қан-
ша көңілі соққанымен жолы бұрыстау, барып қайтуға
уақыт тарлық етті. Ақыры бұл сапар кездесудің сәті түс-

педі. Сөйтіп кішкентай құтыдағы ніс суды өзімен бірге қалаға қайта ала кеткен.

Оқып жүргенде бір-екі рет ағасының үйіне жол үсті, асығыс болса да арнайы соғып сәлемдескені бар. Бірақ жаң қалтасына салып барған осы бір кішкене «базарлығы» тапсырудың есебін таба алмай-ақ қойған. Қаша оқталса да әлденеден жасқанғандай тартыншақтап, бөгеле берген.

Адам уақыт озған сайын өткенге есейген көзben қарап, әр нeden сақтанып, тайсақтай бере ме қалай, бұл қарадан-қарап ағасынан қуыстанды ма, әйтеуір, өзінен-өзі ыңғайсызданып, сары майдай сақтап жүрген сыйни табыс етуге тәуекел етпеді. Ал лақтырып тастауға қимады. Өзінегі керек бір қымбат бұйым тәрізді. Жоғалтқысы келмейді. Сонан бері сандықтың түбінде сактаулы.

Енді міне ойда жоқта қолына алып, көnlіне қай-қайдағы сағыныштың сызаты түсіп, өткениң елесін актар-малап отырганы.

* * *

Бұл демалысын шілденін басында алған-ды. Біраз уақыт әр түрлі шаруалармен қалада жүріп қалды да, ауылға жаз ортасына қарай жеткен. Ыстықтың әбден кемеліне келген шағы екен. Ар жағынан поезбен қиналмай түскен еді, облыс орталығынан бері қарайғы автобус соғып таstadtы. Сәскеде шығып, кешке қарай шаршап-шалдығып, үйіне әзер жетті.

Хабарын естіп, күтініп отырган аға-женгесі келе-ақ шашыла бастап еді:

— Еш нәрсеге әуре болмандар. Қазір жеңіл-желлі шай ішейік. Сонан соң жатып дем алайын, ыстық ұрып таstadtы, — деп тоқтатты.

— Әй, қойши болғаныңды ұмытып кеткен жоқсың ба? — деді ағасы ертецине азанда жұмысына кетіп бара жатып.— Корада үлкен қара марқа тұр. Женген екеуің

сөйып, жайғап қойындар. Қешке көршілерді, ағайындарды шақырып жіберейік. Бірге отырып дәм татсын, сені келді деп естіді ғой.

Шифрлы үлкен тамның алдына тігілген үлкен қоңыр үйдің іші-тысын жеңгесі күн еңкейе қайта-қайта су сеуіп, сызырып тап-түйнақтай етіп құннап, дайындал қойды. Ыстықтан қорғанып күні бойы қараңғы тамда жаткан Берден көлеңке ұзарған соң, есіктің алдына шығып, орындық қойып отырды. Далада күннің қызызы әлі қайтпаған, көлеңкенің өзі қапырық. Алайда тұс ауа тымырсық тартып кететін үй ішінен гөрі тыныска жеңіл. Аңызақ болса да ара-тұра желпіп өтетін соқпа леп және бар.

Біраздан бері жиналып, дәліздің терезесінің алдында үйіліп қалған газет бумасының ішінен аудандық, облыстық газеттерді теріп алып, қарап отырғанда уақыттың қалай өткенін байқамай да қалды. Күн батуға таяп, ыстықтың демі қайта бастапты. Қонақтардың алды шаң берді. Қиіз үйге кіріп жайғасқан кісілермен әңгімелесіп отырып әлдекімді күткендей елендеп, сыртқа құлақ түрғен Берден бір таныс дауысты естіп, есікке қарап еді, Жақып көрінді. Түрегеліп сәлемдесті. Артында келе жатқан Тынымкүл жеңгесімен әңгімелесіп далада тұрып қалды. Жақаңмен есен-саулық сұрасқаннан кейін сыртқа шықты. Асхана жакта жүрген Тынымкүл мұны көріп:

— Ой, Берденді қара. Денсаулық жақсы ма? Үй іші, бала-шағаң аман-есен? Сені де көреді екенбіз-ау,— деп ашық-жарқын қабақпен амандасты.— Қөрген жерде ауыл бар деп келіп қалдың?.. Дұрыс... Кісіге үлкейген сайын туған жері қымбат тарта береді деуші еді, сен жылдан-жылға ауылға сирек қатынайтын болып алдың, бұл қалай? — деп жеңіл қағытып жатыр.

— Онда сол үлкейе қоймағанымыз шығар.— деді бул күліп.

— Ол не дегенің? Бұдан артық қандай үлкендік кепек. Өзің болсаң... — деп келе жатыр еді, Берден оның сезін бөліп, әңгіменің бетін аударды:

— Иә, өздеріңіз осы орталыққа көшіп келген екенсіздер, коныс құтты болсын...

— Айтын. Балалардың окуы дедік, алды есейіп қалған, кісі үйіне жатқысы келмейді. Оның үстінен өзі деңсаулығы болмай женіл жұмысқа тұрсам деді. Жақаң фермалықты тастап орталыққа ауысты, екі жылдай болды осындамыз. Жаңадан там салып алғанбыз. Былтыр кірдік. Сөйтіп городской болып жатырмыз, өстіп қол ұстасып қонаққа барамыз,— деп күліп қойды.

Тынымкүл көп өзгеріп, қартайып кеткен тәрізді көрінді. Бұрынғы талдырмаш сұңғақ бойы еңкіш тартып, тығыншиқтай, жеңіл, жинақы деңесі еті қашып, сүйегі шығып, қатпаланған. Қүнге күйіп қара жарғақтанған жүзінен жан дүниесінің жайдарылығынан нышан беріп жарқын қабақ, жылдылық табы сезілгенімен, өңін әжім торлап, ажары тайған. Бір кездегі кісіні өзіне үйіріп әкеттін ерке, жұмсақ, жұғымды үнінде де жарықшақ бар.

Бердениң бойына кенет аяныш тәріздес бір ауыр сезім үялап, көңілі пәс тартты. «Бейнеттікі шығар. Тым елгезек, еңбеккор, қарап отырмайтын жан сияқты еді. Сонан болар. Тіршілік, шіркін, кісіні қалай мұжіп жібереді, ә», — деп ойлады.

Түн ортасында қонақтарды шығарып салып, үйге кірмей есік алдындағы жонышқалықтың ішіне барып, таза ауада үзақ тұрды.

Осы кеш өзін бір түрлі көнілсіз сезінді. Эдette ауылға алғаш келгенде баурап алатын қуаныш тақылеттес алышпашпа сергек күйді бүгін өз бойынан таба алмады. Қайта көңілі ортайып, елегізгендей, әлденені іздегендей ілікжармаланып түсініксіз өгей сезім иектей берді. Кенет қалтасына қол жүгіртпін еді, алақанына кішкене шыны құты ілінді. Әрлі-берлі айналдырып, қысып ұстап тұрды да,

қайтадан сала салды. Соңан соң бойын жазып жоғарыға қарады. Жұлдыздары жиі жымындаған түнгі аспан мөлдіреп төбеге төніп тұр екен. Дәл маңдай алдынан жарқырап жеті жұлдыз көрінді. Орталықтан құмдағы қыстауға қарай шығатын қара жолдың тұра осы жеті қарақшының астына қарай тартатыны ойна оралды. Көз алдына жиектегі ауыл, ауыл жанындағы Шоқаттың бүйра-бүйра құмдары елестеді.



Әкпар Толқынға институттың соңғы курсында жүргенде кездесті. Жазғы демалыстан аўылына барып келген беті еді. Бірге оқитын балалардың әлі ешқайсысы келе қоймапты. Жатақханадағы бөлмесінде жалғыз өзі түнеп шықты. Түсke дейін өзін қоярға жер таптай дөңбекшіп, әрі жатты, бері жатты да: «Бүгін алды қалай да шаң беріп қалар, кешке дейін көшеге шығып, қыдырып қайта-йып»,— деген.

Жалғыз өзі ешқайда ұзағысы келмей жақын мандағы кинотеатрлардың біріне келді. Құн демалыс. Театрда жаңа фильм жүріп жатыр екен. Тарс жабық түрган кассаның алды ығы-жығы адам. Жұық мандағы сеанстарға билет жоғын хабарлаған бір жапырақ қағаз ілінген тесіктің көзіне телміре тықыршып, әрі-бері тұрды да бұл сыртқа шықты. Көше жақ шеттегі қолеңкеге барып, колдан билет сататындар кезікпес пе екен деп аңди бастады.. Далада да бұл тақылеттес ғайыптан күтушілер бірсыныра тәрізді. Келе жатқандардан әрқайсысы бұрынырақ жетіп билет сұрап қалуға асығады. Осындай зыр қағып жүргендердің ішінде жас шамасы жиырмага енді келген, сұңғақ бойлы, талдырмаш, ақ сұр өнді, қарақат көз бойжеткен де бар еді. Экпар оны бірден байқаған. Қыз жалғыз сияқты.

— Қарындас, сізге билет табылады. Бірақ сонда мені ұмыта көрменіз. Маған да қоса іздей жүріңізші,— деген бұл әзілдеп.

— Өзініз не бітіресіз? — деген кыз мұның әзіліңе опша ыңғай бермей.

Сонан қайтып екеуі тіл қатыса қойған жоқ-ты. Алайда Әкпар әрлі-берлі жүрген оған қайта-қайта қарағыштай берген. Мұны қыз сезгенімен қасақана байқамаған сыңай танытқан.

Екеуі таяу тұр еді. Араларынан қолына портфель ұстаган жас жігіт өте берді. Қыз алдын орап:

— Ағай, артық билетіңіз жоқ па? — деді. Жігіт тұра қалды:

— Қаша билет аласыз?

— Маған бір билет керек еді.

— Біреуін кімге берейін, менде екі билет бар.

— Ой, ағай, маған бере көрініз, қалған біреуін мына кісі алатын шығар.

— Онда, қалған сырар билетіңізді маған беріңіз, мен де жалғыз едім, — деп Әкпар қастарына жетіп келді.

— Oho! Эне айттым ғой, — деп қыз куанып кетті.

Билет өткізуши қуақы, көңілді жігіт екен. Екеуіне кезек қарап алды да:

— Жарайды, сіздерге берейін. Тек бір ғана шартпен, — деді.

Ол не дегендей кыз аңтарылып қарай қалды.

— Екеуіңіз танысып, бұдан былай киноға бірге ба-рып жүретін болсаныздар ғана берем.

— Жарайды, жарайды. Беріңіші енді, — деді кыз күліп, осы кездे төніректі қоршап «маған», «маған» десіп шуылдаса бастаған көптен қауіптенгендей оп-оңай келісімге барып.

— Онда, мә алыңыз, — деп жігіт екі билетті Әкпарға ұстatty.

Екеуі сағатқа қарап еді, кіруге әлі біраз уақыт бар екен. Қыз балмұздақ сатып жатқан жерге қарай бетtedі. Өзінің бейқамдығына іштей «әттеген-айын» айтып, қызың артынан бұл да келіп тұрды. Сонан соң:

— Қарындас екеуіміз бірдей кезекке несіне тұрамыз, мен алып шығайын рұқсат етсеңіз,— деді.

Қыз жігіттің шын көнілмен айтып тұрғанын сөзен соң, ізетті қолқасына карсылық білдіргісі келмеген тәрізді. Соны байқаған Әкпар енді қызды өзімсіне ығыстырып:

— Сіз анда — көлеңкеге барып тұра берініз,— деді театрдың алдындағы үлкен ағаштың саясын көрсетіп. Қыз үнсіз көнген қалыпта акырын аяңдап, талдың түбіне барды да, жарнама-суреттерге қарағыштай бастады. Қезегі жетіп, екі балмұздакты үстап Әкпар қасына келгенде бұрылышп, қарақат көзін төңкеріп, жігіттің бас-аяғына зер сала қарады.

— Рақмет,— деді сырпайы ғана жымышп, ұсынғанын алып жатып. Екеуі қатар тұрып жарнамаларға қарап қойып балмұздак жей бастады.

— Атыңыз кім, қарындас?

— Толқын.

— Толқын, Толқын... Қандай әдемі есім.

Кісінің кейде әдетінен тыс жеңілденіп, елгезектеніп, алып-ұшып кететіні бар. Әкпарға да табан астынан бір пысықтық пайда болып, сөзуарланаң алған тәрізді.

— Толқын, онда таныс болайық, менің атым —Әкпар. СХИ-да бесінші курста оқимын.

Қыз қошуақ қабақпен басын изеді. Сонан соң көзін төңкере тағы бір қарап қойды.

— Өзің қайда оқисың, Толқын?

— Медучилишеде.

— Нешінші курс?

— Төртінші.

— Соңғы курста екенсің ғой. Биыл бітіремін де. Қыз үнсіз жымышп, ерке, жеңіл қимылмен басын шұлғыды. «Тері үйі осында тұратын біреу-ау. Эйтейір, жасынан қалада өскен жан екені даусыз»,— деп ойлады Әкпар оған көз тоқтата.

— Осында тұрасыз ба?

Кызы бүған бұрылып күлді:

— Оһо, сіздің сұрағының таусылатын емес қой.

— Толқын, бас сап тергей жөнелді деп сөкпеніз.

«Мынның атын білгенше, бірдің жөнін біл», деген бар. Танысып, жөн айтысқанның айыбы жок,— деді Әкпар акталғандай.

— Олай болса,— деді Толқын жүзінде сол жанағы күлкі ойнаған күйде, жадырай түсіп.— Үйім осында. Мамаммен бірге тұрамын.

Бұлар кинодан шыққанда күн ауып, көлеңке ұзара бастапты. Аспанға ала бүлт үялап, жел лебі білініп, ыстықтың беті қайтыпты. Қөшеде көлеңке қуып қорғалақтамай еркін тыныстап жүрердей алғау болып қалыпты. Сыртқа шыққан соң Әкпар Толқынға жағдайын айтып, өтініш білдірді.

— Жазғы демалыстан қайтқан едім. Ауылдан кеше кешкісін түстім. Жолдастарымның әлі ешқайсысы келе қоймапты. Жатақханада отыра-отыра жалыққан соң шықкан бетім еді. Жалғыз кісіге қыдыру да жараспайды екен. Қөшеде келе жатып елегізесін. Үнемі жолдастармен бірге болып жаман үйреніп кетіппіз. Сізді маган құдай кездестірген шығар...

Осы сәт қызы:

— Ой, сіз де айттыңыз-ау,— деп сықылықтай жөнелді. Өз сөзіне өзінің де күлкісі келіп, тамағына бір толқын лықсып барып кідіріп еді, бірақ ұстамдылық жасап, әлгі сабырлы қалпын сақтап қалды:

— Мейлі күле беріңіз, менің шын өтінішім. Таныс болып қалдық, менен жатырқамауыңызға болады. Жүрініз, паркке бірге барып, серуенден кайтайық. Күн демалыс, паркте бүгін жақсы ғой.

— Ой, мамам іздең қалар,— деді қызы жеңіл қарсылық білдіріп. Ар жағынан онша кет әрі емес сыңайда. Даусында қобалжұ бар. Шақырғанға бірден келісе

салуды ыңғайсыз көріп, шешесін жай сұлтау үшін ауызға алый тұрған тәрізді. Соны сезген Әкпар қалайды қыз көңілін тауып, келісімін алғысы келіп:

— Онда үйіңге барып шығыңыз, мен күте тұрайын, — деді.

Қыздың енді жалтарар жері қалмаған тәрізді. Бұл ұсыныска жоқ демеді.

Кешке паркті армансыз аралап, қайық теуіп, соңында суортасындағы ресторанға кіріп, кеш қайтты.

— Оһо, сағат он екі болыпты. Мамам үйықтамай күтіп отырған шығар,— деді қыз үйінің жанындағы аялдамаға келіп түскенде.

— Сіз мектепте оқитын қыз емессіз ғой, анда-санда бір кешіккенге еш нәрсе етпейтін шығар,— деді Әкпар жайма-шуақтанып. Бойында жана әзірде ішкен шампаның ептеген қызыу бар ол қызды жібере қойғысы келмей, сол маңайды тәңіркетеп, әр нені әңгімелеп біраз жүрді. Толқын қайта-қайта:

— Ой, мен енді үйге қайтайын,— деп сұранып қоймаған соң барып қош айтысты. Бірақ ертеңіне қайта кездесуге уәделесіп тарасты. Сонан кейін-ақ екеуінің жұбы жазылмады. Жана жылға қарсы бұлар шақыру билетіне суретке түсті.

Қыздың әкесі бұдан бірер жыл бұрын дүние салған екен, енді шешесімен бір өзі ғана. Той өткен соң, жатақханадағы қара чемоданы мен жол қапшығын көтеріп, күйеу бала осында көшіп келді. Қөңіл тоқ. Тіршіліктің борінің орайы келіп жатқандай. Ендігі мақсат оку бітірген соң есебін тауып қалайда осы қалада қызметке орналасу. Онан арғының бәрі оңай тәрізді. Оңай болмай қайтеді. Оку бітсе, қызметке кірсе. Ел сияқты баспаңың тауқыметін тартпайды. «Әуелгі байлық ақ жаулық» деп ер жігіт отау құрып, от жағуды алдымен парыз санаған ғой. Бұл да сәті түсіп, көгершіндей бір күлім көзді қолға қондырды. Шаруага бас-көз болып, ас суын даяр-

лап, күтініп кемпір отыр алдарында. Тек көнілдегі бір жұмыстың орайы келсе...

Ол дегеніне де жетті. Елді-күнді әйелі екеуіне де жұмыс табылды. Экпардың мамандығы агроном еді, сыналаш жүріп министрліктің саласына орналасты. Толқын қалалық ауруханалардың біріне тұрды.

* * *

Толқын қыз күнінде бой-бітімі тұзу келгенімен, десі қағылзедеу, бір көрмеге елеусіздеу, ак сұр өнді, қара көз бойжеткен болатын. Ерге шыққан соң, бірер жылдың ішінде-ак жауыннан кейінгі қызғалдақтай құлпырып жүре берді. Талдырмаш денесі тамырына нәр барган шыбықтай ажарланып, солқылдан, балғындана түсті. Ақ құба өңіне қызыл шырай жүгіріп, жана пары пұрланып, шарасы үлкен қара көздері кісіні өзіне үйіріп тұратын болды. Қайың балтыр, каз мойын, құмырска бел, қыран кеуде — бір-бірімен жарастық тапқан құлын мүше қас шебердің қолынан шыққан суреттей мінсіз сымбатымен көз тартар еді. Осы артықшылығын сезген соң, болған үстіне болып жарқырай түскісі келгендей, бой түзеп, сыланып, күтініп, өз басын көбірек құйттейтін әдет тапты. Мінезі де ашылып, ширап, ак жарқын райы кісі жатырқамайтын, көңілді жаниң қалпын таныта бастады. Тілдескен жаанды осы жайдарылығымен баурап әкетіп: «Қандай жақсы келіншек еді», — дегенді еріксіз айтқызатын.

Экпар алгашқыда келіншегінің ажарланып, құлпырған кейіпіне қызыға қараған. Еркелетіп, қамқорсып, салиқалық танытқан.

Үйленген соң бір жылдан кейін тұңғыш перзенттері — Арман дүниеге келді. Нәрестенің уақтылы емізуі болмаса басқа бағып-күту тауқыметін кемпір көтерді. Бұл екеуі әке-шешеміз деп аланаған жоқ. Жұмыстан келе-

ді де тамағын ішіп алып, қол ұстасып киностына кетеді. Бұрынғы сол салт басы, сабау қамшылы жүрістері әлі. Осымен үш-төрт жылды артқа тастап үлгерді.

Не көп, қалада қатар оқыған жолдастар көп, не көп, қалада қызметтес таныстар көп. Қонақ шақырып, қонақ-қа барған да бір мәртебе. Үлкейіп үй болғанның жөні осы деп ұққан бұлар да жаңағы салтқа үйірсектеп, талайлармен араласып-құраласып жүрді.

Қарайлап жатқан үй тірлігі шамалы болған соң ба, әсіресе, Толқын жиын жер, бас қосу, шақырысу десе құрақ ұшып тұрады. Барын киіп, бой сылап, жайнап кетеді.

Көшшілік жиылған жер кеу-кеу әңгіме, қошаметсіз бола ма? Біреу біреуге сұғын қадап, аңдып, арбап отырған жұрт. Әзәзіл де бар, әпенде де бар. Біреу бар шынын ақтарса, біреу астармен айтады. Мынаусы ақ көңілділік танытса, анаусы арамзалақ жасап, ақымақ етсем дейді. Оның бәрін таразылап, түсіну үшін сезімтал түйсік кепек кісіге.

Толқынның жасынан тіршіліктің ағысына ой көзімен қарауға әуестігі аз-ды. Неге болса да бас ауыртып әуреленіп жатқаннан гөрі көп қиналмай көңілді, сергек жүрге ықыласты еді. Осы әдетіне басып, көп ортасында да төңірегін зерделей бермейді.

Тәуір келіншектерге тұлкіше жылмандаپ, жылтыраған жылымшы сөздермен қарық қылып, көлгірсіп отыратын «ақ жарқын» жігіттердің тегін көңіліне елігіп, мактағанына, мәз болып, әжептәуір желігетіні бар. Әр сөздің, әр көзқарастың байыбына барып, түп-төркінің үцилейін деген пейілі жоқ. Әкпар Толқын бойынан әлде-қандай бір жадағайлықты байқайды. Әлгідей жиын, бас қосулардан кейін, үйге келген соң, әйелінің әңгімесінің тақырыбы үнемі былай болып келеді: «Әлгі жігіт қандай әрудированный, культурный. Аймашка (әлде Жайнашка, бұл енді шақырған үйдің әйелінің есіміне қарай өзгеріп

тұрады) бұрын да сондай деп айтып жүр еді. Ничего. Шақырып, араласып тұруға болады, ә. Солай емес пе?».

Мұндай әңгімелердің тұсында Әкпар көбіне қалыс қалады. Сондыктан оның тарапынан «иә» не «жоқ» деген жауап естілмейді. Толқын бірақ оған мән беріп, алаңдап жатпайды. Әрі қарай сыйырта береді:

«Ана бір жігіт бәлен жерде істейді екен, ә. Өзі жапжас әлі. Қандай бакытты. Жұрт бәле, қалай теп-тез ба-ра қояды. Өзі де қабілетті болу керек, энергичный екені көрініп түр ғой — қызмет қой кісіні тәрбиелейтін, өзін-өзі қалай ұстайды, как король. Бірақ әйелі өнсіз екен. Үсті-басы да олпы-соллы. Почему то, күйеуінен үлкен тәрізді көрінеді.»

«Ана бір қызыл көйлекті келіншек маған ұнамады. Тәкаппар ма қалай. Тіпті танауын көтеріп, өзінен басқа адам жоктай, кергіп, болып отыр. Ну и смешно. Күйеуінің мойныдағы галстукті көрдің бе? Кеше үлкен уни-вермагта сатылыпты. Бізде де жігіттер тағып жүр...»

«Тамада болған жігіт сондай көңілді екен, ә. Жақсы жүргізді. Былтыр жаңа жылда да сол үйде бірге болып едік қой, есінде ме? Ой, жаңа маған сөз бергенде мақтап тұрып алғаны несі. Өзім ыңғайсызданым. Елдің бәрі тесіреп маған қарап қалыпты. Тіпті, не айтқанымды білмеймін. Не дедім өзі? Сен неге үндемейсің? Қөңілсіз-сің ғой өзің. Осы сенің-ақ бабынды адам білмейді. Жаңа анау үйде де қабағың ашылған жоқ. Конакқа барсаң күлмес хан боласың да отырасың. Түсінбеймін осы.»

Айтса-айтпаса да мұндай әңгімелердің тұсында Әкпар көңілсізденіп әлденеге терісі тарыла бастайды. Мұның осы көңіл күйін сезбей ме, әлде сезсе де ерегісіп, не өзіне ғана белгілі ішкі бір есеппен әдейі істей ме, күйеуінің қыжылын келтіретін осы әдетін тастаған емес. Бұл неге ашуланады, мұнысы несі екен деп өз ісіне есеп беріп, ойланайын деген пейіл танытпайды.

«Мыналарың маған ұнамайды деген» әңгімені өз тарапынан бастап айтудың бүл да есебін таба алмайды. Әлде ыңғайсыз, әлде қысынсыз сезіне ме, әйтеуір, ондай әңгіме бастауға батылы бармайды. Не де болса ішінен тынады. Кейде ашық сөйлескісі келіп оқталғанымен әлде сыпайылықтың шегінен шыға алмай ма, әлде бір жалған намыс жібермей ме өзіне-өзі тоқтау сала береді.

«Иә, кісіге ойындағының бәрін айтып отыру қажет пе? Сыйлас жандар бірін-бірі іштей түсініп, ұғысуы керек емес пе? Бір-бірінің ыңғайын сәл емеуіріннен көріп, танып отырмай ма? Сыйластықтың бүйрыққа, шартқа көнбейтін тек көнілмен ғана дәнекерлейтін қыл сезімдеріне кісі қалай иелік ете алады?» Әкпар мұндай кездерде дәрменсіздігін сезініп, тұйыққа тірелетін. Қөп ойдан қорытынды шығара алмай шырғаланға түсетін. Соナン соң өзін-өзі алдап, өзін-өзі тұншықтырып, өз табиғатына өзі қарсы әрекет етіп, самарқаулыққа басатын. Түкті елемеген сынайда: «Әй, бас қатыратын еш нәрсе жоқ. Өмір деген осы. Оны ала-бөтен уайымға айналдырып, әуреге түсіп керегі не?»— деп шешім жасап, шаруасы түгелдене шырт түкіретін. Соナン соң лебіне наан пісіп, кеудесін соғып жүретін көптің бірі болып кете барады.

Кісінің ішінде бұғып жататын бір ала мысығы бар. Тәрізі, табиғат пен десін жаратарда, сорына бола, салып жіберген сияқты. Осы беймаза макұлық кей-кейде басын көтеріп, мияуға басып, төцірегін тырналап, кісінің көңілін құйып тигендей алай-түлей қүйге түсіреді. Жаңын жай таптырмай, әбігерге салады. Соナン соң іші үдаі ашыған жан қабағы қарс жабылып, ұрынарға қара іздейді.

«Жақсыны да жаманды да адам өз пейілінен табады, бәрін өзіне өзі жасап алады» дейміз. Қімнің тыныш, ұрыссызы, уайымсыз жүргісі келмейді. Тек жүріп, ток жүргенді ешкім де теріс көрмесе керек-ті. Бірақ соған әлті

антұрған ала мысық көнбейді. Бәленің басы сонан шығады.

Әйелінің өзіне оғаштау кейбір мінез-құлқына көбірек үңілген сайын Әкпардың да ішінде ала мысық жиі мияулайтын болды. Оны тұншықтыру қолынан келмеді.

Ойна «осының өзі менің иелігімен шығып бара жатқан жоқ па?»— деген қауіп кірген ері енді тіршіліктің бұл бет алысын өзгертпек болып, шұғыл ширығың, әйелін қолға алып көріп еді, Толқын бірақ құрыққа үйренбеген асаудай жатып кеп тұлады. Мұның өктемдігіне ырық бермейтін қалып танытты.

Не құлышында өлтіріп, не құрықты сындырып алудан қауіптенген жандай бұл енді райдан қайтуға мәжбүр болды. От басының тыныштығын күйттеп: «Жарайды әріге барыспай-ак қояйық»,— деген мәміле сездірді. Алайда осы шегініспен қабат көңілге де бір қыжыл кірген-ді. Анда-санда ала мысық аунап түскенде осы қыжыл көпіршіп көтеріліп, тұла бойға ашудың уын жайып, Әкпарды безекше буатын болды. Сөйтіп бара-бара арадағы салқындық сзызы ұлғая берді.

* * *

Арман беске толды. Кемпірдің бауырында өсіп келеді. Онан кейін бұл үйде шыр еткен нәресте даусы естілген емес. Әкпар болмаса Толқынның балаға онша үйірсектігі жоқ. Кемпірге қарай сырғыта береді.

Тұңғыштарынан кейін екі-үш жыл өткен соң, Әкпар ойын-шыны аралас әзілдеген болып, көңілін байқатқан:

— Ау, Армашканы әжесі иемденіп кетті. Енді өзімізге де тән біреулер керек емес пе, сенің не ойың бар осы? — деп көрген.

Толқын ыңғай бере қойған жоқ:

— Эй, осы барын-ак асырап қарық қылып ал,— деп өзіне тиісе кеткен.

Бұл әңгіменің қорытындысы ақыры осыған келіп тірелді. Кемпірге арқа сүйеп кеткен бе, үй тірлігіне де ат үсті, тиіп-қашып қана қол қатады. Жұмыстан келіп асын іше сала телевизордың алдына отырады. Не Аймашканың әлде Жайнашканың немесе бір тігінші әйелдердің үйіне барып келейінші деп жөнеледі. Қісінің өз санасына бермеген соң айтқанмен болмайды. Қайта әңгімеге қаласың. Осыны түйген Экпар кей-кейде болмаса қалай жүрдің, қалай тұрдың деп шаужайлай бермейді.

* * *

Жұма күні болатын, жұмыстан келе сала бұлар шақырған бір тойға баруға қамданды. Үйге ертерек келіп жиналған Толқын тап-түйнақтай болып дайын отыр екен. Екі-үш шыны аяқ шайын ішіп, үстіндегі жұмыс киімін шешіп, бір киерлерін алып, реттеп жатқан Экпар ақ жібек көйлегінің жағасына үтіктің табы өтіл, сарғайып кеткенін көріп:

— Ой, мынау киуге келмейді ғой,— деп келіншегіне бұрылды.

— Не боп қапты?
— Мынаны қараши.
— Мамамның істегені ғой. Байғұстың қас қылғандай тура жағасын бұлдіргенің қараши. Мама!...

— Эу! — Келесі бөлмеден сүйретіліп бері қарай келе жатқан кемпірдің дыбысы естілді.

— Мына, Экпардың көйлегін күйдіріп жіберіп-сіз ғой.

— А-а-a! Қайдам, мен күйдірген жоқ едім ғой.
— Мен өз киімінен басқаны үтіктемеймін. Осы үйде сенен басқа кім енді қолына үтік ұстайтын.

— Қай көйлек, қане?
— Міне, мына көйлек.— Ерінің қолындағы көйлекті жұлыш алып, кемпірдің танауына тақады.

— Кеше бір қара көлөнкө кездे кір үтіктеп едім. Қап, байқамай көбірек ұстап тұрып қалдым ба еken? Ә, мына жері ме, қайтадан жақсылап жуып жіберсе кететіндей еken. Құйғен емес қой,— деп кемпір кінәлі кісідей күйбектеп тұр.

— Бір нәрсе істесең өмірі өстіп жүресің.

— Эй, бұл кісінің неге апшысын қуырасын? Өзің жуып, өзің үтіктесең біреу қой деді ме? Қөзі көрмеген шығар, қарт кісі.

— Онда менің неге көз алдыма көлденең тартып тұрын, басқа біреуін алып кие бермейсің бе?

Әкпар киім ілгішті әрі қарап, бері қарап ынғайлыштеңе таба алмады. Тойға киүоге ретті деген көйлектердің бірі үтіктелмеген, бірі жуылмаған болып шықты. Енді әйеліне не айтасың дегендей сыздана қарады.

— Неге сонша сүзілесің, мені жана көріп тұрын ба?

— Толып жатқан көйлектен үстімізге ілетін біреуі жоқ, енді кімге қараймын.

— Өз киімінді өзің үтіктеп алсаң хандығынан таýып кетпейсің.

— Үйде әйел бар деп жүрміз той. Әйтпесе бір тіршілігін жасар едік.

— Әйел, әйел... Сонан басқа айтарың бар ма? Біз де осы үйден сенімен бірге шығып, бірге келеміз жұмыстан. Мұрныңа су жетіп жүрген жоқ, өз басыңа қарасаң ештеңец кетпейді.

— Елдің әйелі қызметін де істеп, күйеуінің, бала-шагасының бас-аяғына қарауға да уақыт табады. Сенің өзіңнің күйеуім бар-ау, балам бар-ау, үйім бар-ау деген ниетің жоқ қой. Сылаң-сылаң етіп, боянып-таранудан басқа жұмысын жоқ.

— Әне, шықты, бар аңдығаны менің жүріп-тұрғаным. Енді киім киіп, шаш тарамауымыз керек пе? Бүйтіп ерекк болғаныңа... Екі сөзінің бірі — елдің әйелі. Елдің әйелі болса, сондай әйел тауып ал, кім ұстап отыр

сені. Қит етсе сен бұл үйдің әйелі емессің бе? Неге еңкей-мейсің, неге кір жумайсың? Неге қарамайсың... Эйтеуір кінә арту, тиісу. Осы үйге келгелі сенің кір жуып, от жаққан күнің жоқ қой. Не шаруац бар.

— Әй, айналайын,— деді жүйкесі жұқарып, ашу нек-тей бастаган Әкпар тырс-тырс етіп.— Мен көйлек, дамбалымды кір жуатын жерге-ак өткізе берем. Оны уайым-дап тұрғаным жоқ. Есіндеге болсың, әр от басының, әйелдің көңіл-күй, ықыласынан, саусағының ұшы, алақанының табынан тарайтын жылылығы болады. Үйдің әр затының әйел қолының мейірімін күтіп тұратын киесі болады. От басының берекесі, қызығы осы жылылық пен киеге байланысты. Дүнненің бейнеті мен рәті бірдей болғанда жарасымды. Сен, айналайын, мына шаңырақтың ыстық-сұғына күйіп, жан ауыртып жүрген жан емес, командировкаға келіп, қонақ үйде жүрген әйел тәріздісің. Әйелі керек етпеген босаға кімге дәрі? Қызықсыз жиналған дүнне кімді қуантады? «Суық үйден жылы көр артық» деген. Осы үйдің әйелі гой деп білетін жөнінді айтсан қозысина жоламаған тасбауыр саулықтай қақшиып шыга келесің. Бұл бетіңмен ешқайды ұзамаймыз.

Әкпар айтартын айтты да есікті тарс жауып, төргі үйге кіріп кетті. Долданып не істерін білмей терезенің алдында қалшып тұрып-тұрып, Толқын шешесінің бөлмесіне кіріп шешініп, жатып қалды.

Пейілін қанша кеңге салайын дегенімен Әкпар жұбайының кей ісіне ықтияр бола бермейді. Осылай тарылып, тарс кететін сәттері бар. Мына тіршілігінің кейбір ағымына қөндіге алмай-ак койды.

Бұл жасында көп балалы, үлкен шаңырақтың астында тәрбиеленді. Үлкен-кішісі бар коралы жан әкениң қабагын бағып өскен-ді. Даладан оның өні сынып келген құйи шешесі әлденеге кінәлі жандай аяғының ұшымен басып, бұлдар да жалтақтап төр жаққа қараумен болатын. Балалы үйге тән әдеттегі дабыр-дұбыр тыйыла қа-

латын. Қашан бірін еркелетіп қасына шақырып, әке жүзіңе жылы шырай жұғіргенше бұлардың да құлқісі көліспейтін.

Әкесі аса аушаң, қытымыр кісі емес-тін. Бірақ бұлар өзі шақырып, мейірлене бастарынан сипағанда болмаса, көңілдері соғып тұрса да, батып еркелей бермейтін. Мұның бәрі шешенің «Әке» деген сөзді жастайынан құлақтарына құйып, шегелей бергенінің салдары болса керек. «Әй, ол жерге әкең отырады ғой», «Алдымен әкең ауыз тисің, балам», «Ой, әкеңнің заты ғой қайдан алдың, орнына қой», «Әкең біледі», «Әкеңнен сұра», «Әкең айтты». Шешесінің сөзінің тұздығы үнемі осылай болып келетін. Осы тәрбиеден бойға сіңген бір әдет Әкпар семьяда еркектің үстем, өктем тұрғаны жөн деп санайтын. Мұмкіндігінше өзі солай болуға әрекет ететін. Сүтпен сіңген осы өзімшілдіктен ақыры біржола қол үзіп кете алмады.

* * *

Шілденің іші болатын. Әкпар демалыс алып біраздан бері бармаған ауылына келген. «Биыл ауылда алансыз жатайыншы»,— деп алып-ұшып келгенімен қарқыны бірер аптада-ақ басылып қалды. Демалысы орталаган шақта қалаға қайтқысы келді. Байқаса мұны күтіп тұрған оны-мұны шаруасы да бар екен, енді еске түсе бастады. Қайту керек-ау деп жүргенде бұған тағы бір жағдай түрткі бола қалғаны.

Жеңгесі, өзіне тете ағасының әйелі, інісі был мектеп бітірген екен, соны қалаға окуға алып жүрмек болды. Қалада институтта сабак беріп жүрген күйеу баласы мен сіздісіне апарып табыстамақ.

— Үйінді сағынған жоқсың ба, тетелес, бізбен бірге қалаға жүрсейші. Келіншегінді көріп қайтпайсың ба? — деп қолқа салды жеңгесі бұған. Осыны сылтау етіп ол жолға біржола жиналды.

Бұлар мінген поезд қалаға сенбі күні түстө келді. Өзіміз-ақ барамыз гой деп ешкімге хабар салып әуреле-мен. Вокзалдан такси ұстай салып, алдымен Әкпардың үйіне түсті. Есікті кемпір ашты.

— Эу, демалысың бітіп қалды ма, ерте қайттың гой. Келетінінді неге хабарламадың? — деп жатыр ол.

Конактарды ішке кіргізіп жайластырған соң, ас үйдегі кемпірден:

— Толқын қайда кеткен? — деп сұрады.

Кемпір күйбектеп қалды.

— Осы біраздан бері жұмысындағылар жиналып тауға «майөкпеге» баратын болдық деп жүрген. Бүгін азанда соған кетті. Өздері үлкен автобус жалдап алыпты. Көп кісі көрінеді,— деп жөнін айтты, соナン соң.

Әкпардың қабағы күрт түсіп кетті. Осыны байқаған кемпір:

— Сенің келетінінді білген жоқ. Демалысы біткен соң қайтады деп жүрген. Бәрі бірге жұмыс істейтін кісілер гой, бармай қалуға болмайтын шығар. Сенің келетінінді қайдан білсін. Қап, кеше келмегенің-ай, бірге баратын, қызырып қайтатын едіңдер,— деп жұбатқансыды.

— Қашан қайтамыз деді?

— Онысын маған айтқан жоқ. Қелер, кешке дейін. Кісілерге өзім-ақ ас дайындал күте берем гой.

— Жоқ, олар қазір кетеді,— ашуменен не айтқанын өзі де байқамай қалды. Артынан барып аңғарды. Соナン соң: «Не айтып тұрмын, мұны неге айттым»,— деп бір сәт ойланып қалды. Ойлана келе осы дұрыс деген шешім жасады.

— Қайда кетеді?

— Басқа үйге, осында келген жері бар.

— Ойбүй, құдағи біздің үйден ас ішпей аттанбақ па?

— Қайтып келеді ғой. Осында ғой әзір,— дей салды кемпірді тыныштандырып. Өзі, «Сол дұрыс болар,— деді

ішінен тағы да әлденеге ойланып.— Сонда бара берсін. Менің мына жағдайымды сезбей-ақ қойсын. Ол қашан келеді... Қайда кеткен деп сұраса не айтамын? Білсе бетін шымшыр мынау несі деп. Не де болса өз ішінде болсын. Солай, жігітім»,— деді әлденеге қиястана. Сонан соң кемпірге тапсырды:

— Мен бір жерге барып келемін. Жеңгем келінің қайда деп сұраса, жұмысында, бүгін кезекші болатын күні еді, сонда деңіз.

— Жарайды. Шай жасай берейін бе?

— Мейліліз.

Көшеге шығып телефон автоматқа келді. Қойын кітапшасын ақтарып, жеңгесінің сіңлісінің үйінің номерін тауып алды да соған звандады. Апасының келіп отырғанын айтты. Артынша-ақ күйеуі мен екеуі жетіп келді. Шай ішіп алған соң, сіңлісі:

— Қайтып соғасың ғой, ақыры келінің де үйде жоқ екен, кезекшілікке кетіпті, жүр біздікіне,— деп, алды-артына қаратпай апасын алып жөнелді.

Әкпар оларды шығарып салған соң, жалғыз өзі үйге сыймады. Бір жатып, бір тұрып, сенделіп не істерін білмеді. Ашумен, бір таксиді ұстап алып, артынан қуып барайын ба осы»,— деп те ойлады. Сонан соң: «Таудың қай қуысынан іздең таппақсың, ақымақ сорлы-ау»,— деп өзіне-өзінің ызасы келді.

«Әй, колективімен кім тауға шықпай жатыр. Онда тұрған не бар, несіне сонша таусыламын? Бүгін келемін деп хабарымды айтқаным жоқ. Елмен бірге барып демалып қайтпақ болған шығар»,— деген ой көкейіне келгеңімен бір қияс ашу ырық бермей иектеп алды.

«Жарайды, мен үйде болмай-ақ қояйын, менің келетінімді білмеген шығар. Ал қасында ерген күйеуі жоқ, салт басты, сабау қамшылы жандай жұрт қайда қыдырса сонда ілесе беруі лайық па? Жөні түзу әйел болса жал-

ғыз жүргеге ұялмай ма?» — деп кінә артады. Қалай ойласа да айналып келіп, Толқынды қаралайтын, теріске шығаратын көңіл күйге тіреле берді.

Күн батып кеткен. Жарық жағылмаған қараңғы бөлмеде дөңбекшіп, тұманды, қарау ойлардың тұңғынында малтығып жатыр. Жаңа әзірде жанында ойнап жатып, ұйықтап қалған ұлының кекіл шашына алақаны тиген сайни, ой салмағы ауырлап, қинала түседі. Кемпір кешкі асқа шақырып еді, зауқы жоғын айтты.

Қоңырау шыр ете қалғанда бетіне дәліздегі жарықтан сөуле түсіп тұрған қабырғадағы сағатқа қараса он бірден өтіп барады екен. Кемпір ұйықтап қалған ба тұра қоймады. Есікті өзі барып ашты.

Үстінде денесімен дene болып жабысып қона кеткен спорт костюмі бар Толқын мұны көріп, табалдырықтан аттай бере кідіріп қалды:

— Ой, сен қашан келгендің!

Әкпар үндеген жоқ. Самарқау қозғалып, кейін қарай бұрыла берген.

Оның артынан ілесе ішке беттеген әйелі күйеуінің түйлген қалпына аса мән бере қоймай салдырлап сөйлей кірді:

— Ауылыңа барып хабар-ошарсыз жатып алдың гой. Мен бізді ұмытқан шығар деп жүр едім. Телеграмма да салмайсың келе жатырмын деп.

— Иә, соны уайымдал, қатты зарығып, жүдеп жүрген тәріздісің. Қөрдік.— Толқын мұның лайланып, қабарып тұрған жүзіне жаңа зер сала қарады.

— Oh! Ауылыңнан ашу ала келген тәріздісің. Алғашқы амандық-саулықты осыдан бастайын дегенсің гой. Ракмет ықыласыңа. Қандай сыпайы, сезімтал күйеу.

Толқынның жүзінде кекесін табы біліпді. Оны байқаған Әкпарды ашу қыса бастады. «Тіпті шімірікпеуін тікбақай неменің. Осымен қай ұшпаққа жетемін деп әуре бол жүрмін»,— деп ойлады бір сәт.

— Иә, бұл не жүріс түн ортасына дейін?

— Мамам айтқан жоқ па?

— Сол таудан жаңа қайттындар ма?

— Сен не сонша сүзілесін. Мен бір көшеде жүр деп пе едің... Таудан тұскен соң, бірге істейтін келіншек үйіне шақырды, сонда әңгімелесіп отырып қалдық.

— Күні бойы қызырғаның жетпегені ғой. Байы бар, баласы бар әйел шырмалып үйінен шыға алмаушы еді. Сенің есіл-деертің далада, әйтеуір.

— Мен сенің үйде екенінді қайдан білейін. «Шөлдедік, әңгімелесіп отырып шай ішейік, жүрсейші баrasың ғой, акыры күйеуін демалыста екен, үйде бүгінге қарап тұрган шаруаң жоқ шығар»,— деген соң соғып едім. Сенің нең кетті сонша бұлан-талан болатындей.

— Мен жоқ болсам келмеуің керек пе сонда. Сен кім-сін осы, қонақпышың бұл үйге.

— Сен өзі ұрысқа сылтау іздел отырысың ба? Неге қазбалай бересің? Мен енді бетіме пәренже жауып, үйде отыра алмаймын.

— Саған пәренже сал дедім бе? Пәренжені сен түгіл шешем, шешемнің шешесі де салған жоқ. Бірак әйелдің бір әйелдік жіцишкелігі болуы керек.

— Ендеше сондай адам тауып ал, қой демеймін. Мен саған тордағы тоты бола алмаймын. Үйретілген мысық құсап қас-қабағымды андып, қозғалып отырса екен дейсің ғой. Оның бола қоймас. Мен саған көлеңке емеспін. Қөрдің бе мұны... Қеліспейсің бе, жүре бер жөніне, алдыңнан жарылқасын!

— Өзі де солай болатын шығар.— Экпардың даусы қорғасындаидай ауыр шықты. Сонан соң, алысқа қарап ойланып отырған кісідей еш нәрсемен жұмысы болмай үнсіз қалды.

— Мейлі,— деп Толқынның есікті тарс жауып шыға жөнелгеніне де көңіл аудармады.

Осыдан көп үзамай Әкпар жаңадан ашылған астық-ты ауданға қызметке баруға келісім алған.

Арада едәуір жылдар өтті. Үйлі-жайлы болған. Қазір ол шаруашылық басшысы. Арман шешесінің қолында жетінші класта оқып жүр. Анда-санда орталықта жиналысқа келгенде, әлдеқалай жолы түскенде, әкесі мектепке соғып, ұлын көріп кетеді. Кемпір дүниеден қайтқан, бұрынғы үйде Толқын баласымен екеуі ғана.

* * *

Қарашаның қара сүйк шағы. Құн бұлт. Теріскейден соққан ызғарлы лепте бүгін ептеген бүрку бар тәрізді, далаң сыз демі сезіледі. Үйінен кеудешесін жамыла салып, желең шыққан Толқын ауа райын байқағанымен қайтып кіруге ерініп: «Мына тұрған жер ғой»,— деп екі көшениң қыылышқан бұрышындағы телефон-автоматқа қарай жылдамдата басып жеткен. Қас қылғандай телефон бос емес екен. Онымен қоса сөйлесуге кезек күтіп тұрған екі-үш кісі және бар.

Бұл да келіп, сүйктан тітіркенген денесіне кеудешесін қымтана түсіп, екі иығы құныса, мойынын ішіне алып, бүрісіп ықтай тұрды. Тұрған құрлы жақ жұндері үрпіп, ерні көгеріп, жаурап берекесі кетті. «Құрысыншы үйге қайтайын, жайшылықта бос тұратын телефонға да қасақана бүгін топырлай қалған екен, жұрт»,— деп ойы бұзыла бастағанда мұның да кезегі жетті. Жан-жағына қараса өзінен кейін сөйлесейін деп тұрған ешкім жоқ екен. Будканың ішіне кіріп алған соң, енді асықпай: «Кімге зваңдасам екен» — дегендей ойланып қалды. Жазық мандайына құлап түскен бір уыс шашын саусағымен ширатып, бойын кербез түзеп, кеудесін кере шалқақтаган қалпында жаңағы жүдеу күйден гөрі жасынан бойға сіңген тәкаппарлықтың нышаны аңғарылады. Қеліншектің шырадай жарқыраған жанары жалт-жұлт етіп, бұрын-

ғыша ойнақы сергектік танытып, қымыл-қозғалысы да жеңіл, жинақы икеммен майысып, үзіліп тұрғанымен бір кездегі солқылдаған шыбықтай тал бойына уақыт өз белгісін салып үлгерген. Опа мен бояу ақ жем етіп тастаған өңіnde жүқалай шашыраған әжім іздері білінеді. Еті қашып, таралып, ептең босаң тартқан денесі сидаланып, кекселене түскендей. Зер салып қараған көзге оның болмасынан күнгө киілген ақ сұрыптаі өңі түсіп, солғын тартқан көнелік байқалар еді.

Толқынның демалыс алғанына бір аптадай болған. Алғашқы күндері үйін әктең, қыс қамын жасап, есік, тerezelerінің саңылауын бітеп, ешқайда шықпаған-ды. Кешелі бері зерігіп кетті. «Бүйткен демалысы бар болсын. Мұнан жұмыста жүргенім артық екен фой», — деді. Бір жаққа кетуге баласы оқуда, әрі үйде жалғыз, оған қарайлады. Сөйтіп амалсыз байланып қалды. Жалғыздан-жалғыз құлазып, тықыршып отыра алмаған соң, бүгін таныстарына хабарласпақ болды. Телефонға келгендегі мақсаты сол еді.

Осыдан біраз жыл бұрын ұшырасып, көңілдері жарапып кеткен, өзі шағын ғана мекемеде бастық болып істейтін жақсы танысы бар еді. Бірақ кейінгі кезде әр түрлі себептермен кездесу, жолығысулары сиреп, анда-санда ғана жұз көрісіп, аралары сұып бара жатқан тәрізді. Алдымен соған телефон шалды. Ар жақтан:

— Алоу, алоу! — деген еркектің үнін естігенімен бұл әзілге айналдырып жауап қатпай тұра берді. Сөйткенише ар жақ трубканы тастай салды. Қеліншек мұны күтпеген, дереу жан қалтасынан екі тыныңдық алышп, қайта звандады.

- Ал-оу! — деген дауыс қайта естілді.
- Сәлем. Таныдыңыз ба?
- Э, сен бе? Сәлематсың ба? Неге танымайын.
- Даусымды да ұмытып қалған шығар десем.
- Неге олай ойлайсың?

— Кім біледі, адамның өзгеруі оп-опай ғой.

— О не дегенің. Иә, қайдан сөйлесіп тұрсың? Не шаруа, жайша ма?

— Өзің асығыссың ғой, тіпті. Жаңа трубканы көтерер-көтермesten тастай салдың. Енді амандаспай жатып, шаруанды айт дейсің. Шаруасыз жай звандауға болмай ма сізге?

— Е-е, әлгі звандаған сен бе едің, қайдан білейін оны. Асығыссың деп кінәлайсың, асықпағанда қайтейік, жұмыс қой. Тіршілігіміз осы. Мұрнымыздан шанышыламыз да жатамыз. Осы кейінгі кезде шаруалар қауырт болып кетті өзі. Жә, құрысыншы бәрі. Құнделікті қүйбін тірлік қой. Өз жағдайынды айтшы, қалің қалай? Денсаулық жақсы ма?..

Толқын өкпе-назын араластыра біраз бастырмалатып алғаннан кейін, жөнін айтты. Ар жақтан:

— Демалыста журмін дейсің бе? Қандай тамаша, міне бақытты адамдар. Біздің күніміз мынау, жұмыстар басымыз айналып отырған. Осы өзіңменен хабарласа алмай жүргенім де сол, қол тимейді... — деп маңырап бара жатыр еді:

— Ой, сен, мұңынды шағатын жан таппай отыр екенсің де. Ақыр замандатып кеттің ғой. Басқа айтартың бар ма? Не дейсің жаңағыра? — деді Толқын оның сөзін бөліп.

— Ой бүгін уақыт жоқ қой. Қазір бір жиналышымыз бар. Түстен кейін бастық шақыртып отыр. Одан қашан босайтынымыз белгісіз. Кешке қарай қонаққа баруға жиналыш қойған едік...

— Онда... — деп келе жатыр еді келіншек.

— Толқын, — деді ар жақтағы дауыс, — осы аптада реті келмейді-ау. Мен өзім қалай мүмкіндігім болады, солай хабарласайын кейін, жарай ма?

Келіншек біреу маңдайынан қойып жібергендей қалшиып, аңтарылып қалды:

— Жақсы, онда,— деп тұлданып, трубканы тастай салды. «Мынаның пәлденуін қара. Қап... Жымысқы неме, көрген жерде көзін сатып, сонынан қалмай қойып еді. «Әттең, қызмет, бала-шагала қарайлап байланасың, әйтпесе, сениң қолыңдаи ұстаған күйі қаңғып кетсем арманым болмас еді»,— деп мұләйімсіп, мөнтендегенін қайтесің, имансыз... Бәсе, кейінгі кезде сырғактаң жүргені осы екен гой... Қап, бекер сөйлестім-ау. Ізімді андып, көлеңкеше ілесіп жүруші еді, енді өзім звандал тұрғанда «уақытым жоқ» деп шалқақтауын...»

Толқын ызадан жарылардай болып, бір сәт не істерін білмей тұрып қалды. Соңан соң әлденеге ерегіскендей шұғыл шешімге келіп, бойын тіктеп алды. Сол бетінше өзімен қызметтес басқа бір танысина телефон соқты. Бұған жұмыс аяғына қарай онымен кездесуге уәде жасасты.

Кешке таман баласының тамағын пісіріп, стол үстіне жасап, даярлап қойды да, өзі киініп, есікті жауып, кілтіп көрші тұратын кемпірге қалдырыды.

Күн бата сабактан келген Арман есік жабық тұрған соң, көрші кемпірдің қоңырауын шылдырлатты. Үйге кіріп, смукасын, аяқ киімін тастаған ол әдеттінше бірден ас үйге беттеді. Стол үстіндегі жабулы газетті көтеріп, астындағы табақты алдына алды. Тамақ ішіп болған соң жарығы жағылмаған қара көленке белмелерге кіргісі келмей, ас үйдің терезесінен далада қарап көп отырды. Соңан соң сыртқа беттеді. Есіктің алдына шығып жанжаққа көз жүгіртіп еді, әріректегі шок талдың ішіндегі орындықта бір топ ересек бала темекі шегіп, гитар тар-тып, дуылдастып отыр екен. Барсам ба, бармасам ба де-гендей екі ойлы күйде әрлі-берлі қарайлап тұрды да, ке-нет солар жаққа жүгіре жөнелді.



Нешеден бері қитығып жата-жата жалығып кеткен соң, тұс ауа есік алдына шығып еді. Сол бұрынғыша көңілінің хоши болмай үнжырғасы түсіп, сенделіп әрлі-берлі біраз жүрді. Өзін қоярға жер таппағандай төңірекке елегзи көз жүгіртті.

Бәрі таныс көрініс. Жынырма үш жыл бойы қарап өсken, талай сезімін сергітіп, қиялын қытықтаған, өзіне жылы, таныс суреттер аз емес төңірек кой бұл. Бірақ бүгін айнала шаңтыбып, сұрғылттанып түр екен. Өз көңілінің алай-түлейінен бе, сондай сұрықсыз көрінді. Батысындағы жықпыл-жықпыл құмайты, толып жатқан ірлі-уақты төбелер, шоқатшалар өзінен арғы дүниені қымтай түсіп, бұлыңыр қарауытады. Шағылдар да күнге қыздырынған жыланнын жонындаі құбылып жарқырайды. Шығыс жақтағы ұшы-қырысыз, кен жазықты сапырылысқан сынаптай жылымшы сагымдар жайлап алыпты. Әлденеге тоқырап, меселі қайтып калғандай болды. Даланың мына сұрқы зеріктіріп жібергендей. Көніл құйынының алау-жалауына медет тұтар кара таба алмай ішкүста болды. Тұрып-тұрып бір кезде «Қорық аралап қайтайын, ат үстінде бой сергіп, женілденермін»,— деген оймен үйге кіріп, керегенін басынан ілулі жүгенді алып, ауыл жанында жайылып жүрген жылқыларға қарай аяндалды.

Аңсаған Бәкір шалдың ең кеңжесі еді. Мінәш кемпір құрсақты аз көтермепті. Мұнан бұрын да үл-қызды болған. Оның үшеуі жастай дүние салты. Інгенинің өркешін-

дәй қатар келе жатқан екі ұлы енді жеттім деп түрғанда соғысқа аттанған да, қайтып оралмаған.

Аңсаған мұны айтылған әңгімеден естиді. Ал өзі ес білгелі әкесі совхоздың «Бәкірдің қыстауы» атанған шөп жипайтын базында бірсыдырығы тіршілікпен күн өткізіп келеді. Жаз шөп шабысады, қыс қыстаған малға көмекші болады. Эрі осы төңіректің қарауылы. Енді бұл кәсібі Аңсағанның үлесіне тиді.

Он жылдықты бітірген соң, Аңсаған үш жылдай әскер қатарында болып, міндеттін атқарып қайтты. Сол жақтан оқып үшінші кластық шофер болып оралған. Ауылға келген соң совхоз орталығына барып шофер болмақ ойын Бәкір қария қошуақ ала қойған жоқ.

— Ер жігітке қай жерден болса да нан табылатын заман ғой, орталыққа тасымалданып, жолаушылап қайтесің,— деді.

— Сонда тап осы жерде мен не істемекпін,— деген бала сөзіне:

— Қолға күрек табылмай қоймас,— деп қысқа ғана қайыра салған. Бірақ осы қысқа жауаптың өзін мінезі ауыр, сараң сөйлейтін Бәкір «онан әрі көп сөздің керегі не» деген зіл сездіре айтқан еді. Баласы да қайтып тіл қатпады. Аңсағанды жасынан жалғыз бала еді деп еркелеткен кісі болған жоқ. Момын, бұйығы өсті. Әлі күнге әке бетіне келіп, айтқанын екі етіп көрген жан емес. Өз дегенімді істеймін деп қасарысуға қазір де сол сүйекке сіңген әдетінен аса алмады. Дегенмен әке шешіміне ықтияр да емес. Осы наразы күймен теріс қарап, тоң-торыс жатып алған.

«Армияда әскери училищеге түсіп кетпеген екем. Осыларға қарайладым ғой. Екеуден-екеу қалай отырады екен деп. Енді міне жалғыздықтан жабы болып жүргенім. Мына құлазыған айдалада несі қалды екен? Не кимасы бар? Қит етсе: «Бұл бір құт қоныс, шаруаға ыңғай-

лы, берекелі жер той», — дейді де отырады. Осы жерде көшсө аштан өлетіндей» деп іштей әкесін кінәлайды.

Аңсаған атты ертеп қойып, сусын ішіп шықпаққа ішке кірген еді:

— Қайда жиналышп жүрсің? — деді шешесі.

— Қайда жиналушы едім мен. Қорық аралап қайта мын,— деді өкпелі кісідей қабақ бермей тұнжырап.

Әкелі-балалы екеуіне жалтақ-жалтақ қарағыштап әлдене айтуға оқталғандай қозғалақтап отырған шешес осы кезде шалына бұрылып:

— Әлгі шаруаға барып қайтпай ма? — деді.

Асып-саспайтын өзінің бағзы самарқау қалды, ашы есіктен алыс далаға қараған беті жантайып жатқан Бә кір есіне бір нәрсе түскендей басын көтеріп алған.

— Қоленкे үзарып қапты, күн қайта бастаган-ау кемпір, биені саудың ба? — деген. Тұқырайып, ойланғандай біраз үнсіз отырып калып, соңсоң әлденег өзінше келіспіл алғандай шешімді түрде Аңсағанға бұрылған.

— Өсербай екеуің «Қызыл көлге» барып қайтасыңдар. Қешкі салқынмен шығып кетіндер, қоналқаға «Құм кентке» баратын болып. Ертең азанғы салқынмен әр қарай күн ысымай жетіп қаласындар деген.

Өсербай — совхоздың жылқышысы. Жасында сер Өсербай, сылқым Өсербай атаниған ол Аңсағаның нағашысы болатын. Жасы жер ортасын шамалаганмен жалғаның жазғанына тоқтала қоймаған жан, бойдағы боғала желігін әлі тастай алмай келеді. Күні таянған көрілікке жағаласпай жай берілмен деп жүрген жан. Біреу онисын қызық көріп «сері-сері» деп қошуақ алса, енді біреуі «сақалы ағарғанша сайтаны қалмаған немені қой шы сол» деседі. Дегенмен ниеті адал, ер көңілді. Аңсаға сонысы үшін жаксы көреді.

Аңсаған осы Өсербайдан әңгімеге сырттай қаны болатын.

...Өсербай «Құмкент» совхозындағы бір жылқышы жекжатының үйінен көріпті оны. Біраз күнге қонақ болып келіп жатқан әйелінің сіңлісі екен. Қыздың аты-жөніне әбден қанған соң, Бәкір шалды ертіп «Қызыл көлдегі» оның үйінен бір-ақ шығыпты.

— Балалар бірін-бірі көрсін, өзді-өзі ұнатып макұлдаса, біздің басқа айтарымыз жоқ,— депті қыздың экешесі...

...Аңсаған бұл сапарға шығарында бәлендей тоқтамға келіп толқи қойған жоқ-тын. Мұнда келгенше жол бойы да «несі бар, барып қайтайын, бірденем кете ме» дегендей самарқау бір сезімде болатын. Қыз үйіне келген соң, ыңғайсызданып, әлденеге қысыла түскендей болды. Ұзақ сораптаған шай үстінде де әрең шыдап бақты. Сырттан біреу келіп түскен үйге базаршысы келгендей жиналатын ауыл адамдарының әдеті емес пе. Тегін де отырмайды. Түп-тамырыңды қазбалап, бақайшағыңа дейін шағады. Әсіресе сұрақ шаруа жайына тірелгенде өкпесі аузына тығылғандай болады. Әйтеуір бірде ду күлкіге батырып, бірде елең еткізіп отыратын Өсербайдың әңгімесі ғана жұрт назарын өзіне аударып, көп жанардың оғынан қалтарыс отырғанына шүкіршілік еткендей.

— Бар, аттарды жайлап кел,— деді Өсербай мұның осы қүйін сезгендей.— Отқа қоюға әзір ерте ғой, суарып көлеңкелеу жерге байлай тұрарсың.

Аңсаған орнынан көтерілді.

— Аяулы! Қонақ балаға қауға шелек алып бер-ай,— деді шай қүйіп отырған, орта жастардағы, қызыл қоңыр өнді, шырайлы, толықша келген әйел.

Жаңа ғана өзі шыққан үлкен киіз үйге іргелес тігілген қараша қостан шелек сылдырлады. Артынша-ақ көк ала шыттан қысқа жең, кең етек көйлек киген орта бойлы, талдырмаш қыз көрінді. «Осы екен ғой»,— деді ол ішінен. Мана өздері келген кезде шыны аяқ тасып бір-екі рет кіргенде анықтап қарай да алмаған.

Аңсаған үйді айнала солай қарай аттай берген еді, табан астынан ырылдап қоя берген ит даусынан селк ете түсті. Дәл жанында көлеңкеде жатқан ұлken қара ала төбет ырылдап тұра келгендे сасып қалып, кейін қарай шегініп кетті. Енді қайтер екен дегендей антарылып қалып еді, төбет жарықшақ даусымен бір-екі рет маңқамаңқ етті де, жата кетті.

Мына көрініске қыз оқыс мырс етіп күліп жіберді. Аңсаған жалт қарады. Қыздың жанары жылы, қоңырқай көздері шарасына күлкі толып жәудіреп түр екен. Бір қолында шелек, бір қолымен өріп алдына қоя берген жуан қос бұрымының ұшын сығымдал ұстал алышты. Тосын қаастан тайсақтағандай сопақша келген ақ сарғыш өні қызыл күренденіп, төменшікеп кетті.

Алғашында ыңғайсызданып, қызарактап қалған Аңсаған оның риясyz бала күлкісін көрген соң, абыржуын қойып, тез-ак көңілі орнына түсті. Текке қорыққанына күлкісі келді.

— Мына, шіркін, қатты састырды ғой!

— Ол адам қаппайды, кәрі төбет қой. Көзі көрмейді, тісі де жоқ. Манаійна бір нәрсе таянса, жасқана ма, алдын-ала өстіп айбат шегіп жатады бейшара.— Қыздың үнінде әлі де күлкі табы бар, даусы сынғырлай шықты.

Ертеңіне кешкі салқынмен ауылға бет алған Аңсаған әлдекандай бір сезім құшағында аттанды. Бұл өлкеге де бір түрлі бұрыннан таныс адамдай бауыр басып қалыпты. Жеңіл келіп, ауыр аттанып бара жатқандай. Жол бойы қыздың жеңіл де, жинақы тұлғасы көз алдында көлбендең тұрып алғандай.

— Жігітім, қалындығың қалай, үнай ма? Қалың ойга кіріп кетіпсің, тәйірі, сезімінді шымшылаған бірдеце бар ма деймін,— деді Өсербай оның жауырының ортасынан қамшы саппен қағып қалып. Қапсағай болғанмен әлі етсіз арбиған, тарамыс тұлғасына, бас-аяғына жүгірте көз тастап.

Аңсаған ағынан ақтарылмай ойын бүгіп, екі ұштылау, немікүрайды жауап қайтарды.

— Кім біледі қандай екенін, көзге жуастау, сыйпайы адам сияқты... Өз көніліңгеге қонып қалыпты ғой, сіз емес пе қолды аяққа тұрмай сүйреп жүрген, несін сұрайсыз.

— Қемекейің көрініп тұр ғой қу бала, өп-өтірік сырт орайланғаныңмен.— Өсербай айызы қанғандай қарқылдаپ күліп алды. Сонсоң атын тебініп, үзеңгілесе жүрді. Еңкейе беріп еріндегі үлкен атымды бармақтың басымен қағып жіберді. Саусағын айғырдың жалына әрі-бері сүйкеп тастап, қайта түзеліп отырды.

— Мен айттым ғой, қыздың төресі деп. Бешенене жазса, сәтімен кездескен адам болады.

Аңсаған сөз араластырған жок, үнсіз тыңдады да отырды.

— Жақсы қыз, жақсы ат, жақсы құмайдан көзім жазып көрген емес бұл тіршіліктегі. Танимын ғой.

Өсербай әулеттене атын бауырға тартып жіберді. Қүрең бір ытып түсті де, акпа жорғасымен төгілте жөнелді. Арқан бойы алға шығып алып «Абайқөкті» шырқап кетті.

«...Абай көк,
Өтессің жалған-ай...»

Аңсаған нағашысының әнші екенін білетін. Бала кезінде ойың-той, жиындарда талай тыңдаған. Бірақ көптен бері ән салғанын естімеген-тін. Орта жастан асса да сақалшашына қылау тұспеген, қайратты, тіп-тік, сұңғақ бойлы, шапшаң қимылды Өсербайдың даусы әлі қайтпаған екен. Әуелете биік бастаған күйі қысылмай, қиналмай кең тыныспен еркін шырқап келеді. Тіршілікке наз қыла бастан өткен бір баянсыз дәуренді ансай, армандағы еске алатын ән сазы сай-сүйекті сырқырататындей еді.

— У-ай, нағашы-ай!..— деді Аңсаған толқып. Бір

сәтке көңіліне: «Мүмкін, оның дәл осындай сапары көз алдында көп сағымның ішінде жеткізбей, көктей тұңғының түпсізге түсіп бара жатқан болар», — деген ой келіп, нағашысын аяп кеткендей болды.

Күзгі мейрам өтісімен келісім бойынша Аңсаған қызыды алып келуге жүретін болды. Күйеу жолдасқа Өсербайдың өзі ілесті. Аңсаған ферманың бастығынан машина сұрап алып қыз аулына сонымен барайық деген еді, Өсербай:

— Ой, тәйірі, осы машинасыз тұяқтарың қыбырлады екен. Ол не сән? Екі төбенің астында отырған ауылға бару үшін орталықтан салдырлатып машина шақырып жүрмекпісің? — деп қайырып таставды.

— Енді ыңғайсыз емес пе, қалай атқа мінгізіп алып қайтамыз? — деп көріп еді:

— Эй, қойшының қызы атқа мінбей өсті дейсің бе? Ол не дегенің. Ерге сенен тәуір отыратын шығар. Әлде атқа мінгізгенді намыс көріп отырсың ба? Ой, әдірекал. Нені білесің сен? Өзің біздің қаракерді мін де сұр жорғаны жақсылап ерттеп, жетекке ал,— деп кесіп айтты. Өсербайдың жайын білетін Аңсаған «Жарайды, мейлі...»— деп қайтып сөз қозғаған жоқ. Нағашысының машинаға мінбейтін әдеті барын білетін. «Соныңмен баратын жерге осы күреңмен де жетемін. Үстіне мінсем басым айналады иісінен. Отыра алмай ығырым шығады. Ел әйтеуір әуес. Әйтпесе, күреңге не жетсін», — деп сәл серпіп сөйлемді тәуір көретін ол шыны сол ма, әдейі айта жүрсін деп мақтан үшін істей ме, әйтеуір машинадан ат тонын ала қашып отыратын. Өзі совхоз орталығына болсын, ауданға болсын дайын, жүріп тұрған машинаға кезіксе де мінбей, алыс-жақын демей атпен қатынайды.

Таңертенгі шайды ішкен соң, екеуі сұр жорғаны жетекке алып жүріп кетті. Қыздың үйі күзгі мейрамның алдында Бәкірдің қыстауына жақын майда құмның ішінде гі қоралардың біріне көшіп келіп орналасыпты деп

естіген. Өсербай бір-екі рет түстеніп те қайттым деп жүрген.

Қозы көш жердегі қыздың ауылына сыйдырып отырып түс болмай-ақ жетіп келді. Олар да хабарланып күтінген күйде екен. Маңайдағы малышлардың екі-үш үйінің қатын-баласы осында жиналышты. Өздерінше абырсабыр, кіріп-шығып, дүрлігіп жүр. Қіре беріс дәліздеп басқа бір-ақ бөлмелі қойшының төргі тамы үпір-шүпір.

Есікке арқан керуден басталатын жол кәде таусылар емес. Ол аз болғандай күйеу жолдас деп Өсербайды қаумалап, желігіп алған әйелдер сүйрей тартқа салуда. Бірі бетіне ұн жағам деп жүрсе, бір қойын-қонышын тінтуде. Кесеге ерітіп тұзды су ішкіземіз деп жүргендер тағы бар. Соның ешқайсының ренжіп қабақ шытатын Өсекең жоқ. Әйелдермен алысып-жұлысқанға кет әрі емес. Ентігіп, тершіп, қызыл шырайланып, мәз-мейрам күйде. Нагашысының осы баладай көңіліне Аңсаған да риза.

Біраз алысып-жұлысып, ырым-сырымы жасалған соң, екі-үш әйел той бастар айтты. Сонан соң домбыра мен ән кезегін Өсербай алды. Жұрт көңілді гу-гумен күннің кешкіргенін де байқамай қалыпты.

Отырған үлкендердің бірі:

— «Жол ақысы жүрсе бітеді» деген. Бұларды көп ұстамандар енді. Кеш түсіпті. Ауылы да қашан келедімен күтіп отырған шығар. Койындар енді, рұқсат етіндер. Той жарықтықтың тамашасы таусыла ма қызықтай берсе,— деп жөн айтты.

— Ата-ау, барады да, түн ұзак. Айында-жылында көрген бір тойымыз. Эзір жібермейміз Аяулыны. Қетеміз десе, өздері кете берсін,— деп әйелдер ықтияр берер емес.

Сонымен күн бата әзер дегенде босанып атқа мінді. Қара сұық құздің салқын түні. Өсербай арқан бойы алда. Семіз, жараву аттар ауыздығымен алысып, еріге басады. Олардың еркіне қоя беріп бірауық шоқытып-шо-

қытып алды. Енді бір сыйырғы сүйт аяндап келеді. Айтұн ортасы ауа қорғалап туатын кез. Құм іші қарандылық үйіп, мұлгіп тұр.

Қыздың аяғында құрым етік, үстінде қима бел, күздік қызыл пальто. Ерге отырған соң тізесіне шығып кеткен етегін, балтыры жаурай ма, қайта-қайта төмен тартқылап, қымтана береді.

— Аяулы, жаураған жоқсың ба? — деді Аңсаған таяна түсіп.

— Жаурағанда не істейсіз? — деді қыз күліп. — Шыдаймыз ғой енді, ауылға жеткенше.

— Сәл тұра тұр, — деп Аңсаған тізгінін ірікті. Аттан түсіп, ерінің тартпасын ағытып төрт бүктең салған көрпешені алды да қыздың екі тізесін, балтырын қоса орай бастырып берді.

— Ой, рақмет, тізем жаурап еді. Жылышып коя берді, — деп қыз ризалық білдіре, еркелей қарады. Оған Аңсаған да қуанып қалды.

— Ауыл енді қанша жер?

— Жақын.

— Қөңілім бір түрлі болып қобалжып келеді.

— Неге?

— Білмеймін. — Қыз әлденені уайымдағандай, ойль қалыпта үндемей қалды.

— Ой, ол не дегенің, Аяулы. — Жігіт жұбатқансыды.

— Білмеймін, сіздің үйдегілерге ұнар ма екенмін. Шешем: «Тым еркелеусің, мен сенің қасында өне бойы өбектеп отырмаймын ғой, барған жерінде қандай болар екенсің?» — дей беруіші еді. Соны ойлап келемін.

Ат үстінде жаурағаннан бір уыс болып бүрісіп отырған қыздың талдырмаш тал бойына көз жіберіп, іші жылып, елжіреп, аяп кеткендей болды.

— Ондай еш нәрсе ойлама. Менің шешем бауырмал, мейірімді кісі.

— Солай ма?— деді қыз бұрылып, қараңғыда мұның жүзіне жасқанбай, барлай көз тоқтата қарап. Соңан соң үяң, биязы бір үнмен:

— Аңсаған, айтыңызы, мен өзіңізге ұнаймын ба? Сіз маған әлі күнге бір ауыз сөз айтып көрген жоқсыз. Үндемейсіз. Мінезіңіз ауыр, жақсы көргеніңізді сездірмейсіз,— деді.

Жігіт қысылып сасқалактап қалды. «Не десем екен? Эй, өзім де тым бүйіғы, кісіге жанасымым аз-ау. Мениң ішімдегіні ол қайдан білсін»,— деп өзін-өзі кінелап алды.

— Ұнатпасам бүгін келер ме едім.

— Қайдан білейін. Әйттеуір, келе салған шығар деп те ойлайсың.

— Олай ойлама, Аяулы. Мен сізді жазда алғаш көргенде-ақ ұнатқанмын. Бір көргеннен «Сізді ұннатьым» деп қалай айтып жатарсың. Соңан соң үндемей кеткенмін. Шынымды айтсам соңан бері сіз туралы ойламаған бір күнім жоқ.

— Рас па?— деді қыз қуанып кеткендей жанары ұшқындај жаутаң-жаутаң қарап.

— Рас,— деді жігіт білегіне қамшының өмілдірігі Ілінген он қолымен қыздың тізгін ұстаған саусақтарын қысып. Аяулы өзімсінген жақындық сезіммен қаздана еркелей қатар келе жатқан жігіттің иығына басын сүйеді.

— Өзім де солай ойлап едім,— деді құлағына сыбырлай. Сол сыбырдан жігіттің бойына қуаныштың ыстық ағыны қүйылғандай болды. Кеудесін шаттық кернеп, көнілі алып-ұшып, жүрегі лұпілдей соқты.

Құм шетіне шыға келгенде алдан, әріректен от жылтырағандай болды. Үйде жанған май шамның терезеден сыйырайған болар-болмас сәүлесі өлеусіреп әрен-әрең жетіп тұр. Сәлден кейін қарауытып Бәкір қыстауының қоғамы көрінді. Зілсіз маңқ-маңқ үрген екі-үш иттің даусы естілді. Сөйткенше таянып қалған аттылардың

алдынан қарбаласа жүгіріп бір топ бала-шаға, әйелдер шыкты. Бір-біріне:

— Келді, келді! Алып келіпті,— десіп даурығып жүр. Барлығы Аяулының төңірегін қоршап алған. Аттан сүйеп түсірген біреулері:

— Ойбүй, айналайыным-ай, жаурап қалыпты-ау. Эй, далада көп тұрғызбаңдар, үйге кірсін, жылышын,— деп қамқорсып жатыр.

Төңіректегі сирышылар тайлы-таяғы қалмай келіп, бас қосып күтіп отыр екен. Бәкірдің қарсы есік екі тамылышқ толы кісі. Гу-гу. Үй айналасы үйқысыз дүрлігіп мәзмейрам шапқылап жүрген балалар. Той осылай елеусіз басталып кетті. Қарсы есік екі үйдің үлкендері бір жағына, жастары бір жағына бөлініп алып ел кеү-кеу әңгіме, қызды-қызды ән-күйге басты. Майда балалар да тойдың дүрмегіне риза көңілде өздерімен-өздері. Олар ауыл қасындағы жинаулы маяға барып жасырынбақ ойнауға кірісті.

Екі-үш күннен соң той қызығы тарап, тіршілік қалыпты сабасына түсті. Үй іші өзара ендігі шаруа жайын ақылдаса келе Аңсаған Өсербаймен бірге жылқы бағатын болып бекіді. Совхоз жылқысы қысы-жазы осы төңіректе жататын. Қөші-қоны жок. Әрі бүрынғы бағатын кісі пенсияға шығып, басшылар жылқышы іздең жүр еді. Енді ыңғайлы кісі деп мұны қолайлапты. Бәкір мен Өсербай да осыны жөн көрді.

Аяулы елгезек, жайдары мінезімен жүртқа жаққан жуғымды келін болып келе жатты. Үй ішіндегілердің де, ауылдас отырған көрші-қоландардың да оның жүріс-тұрысына іші жылып қалды.

«Сондай ізетті жан. Жастардың ішіндегі бір мейірбандысы. Сәтімен кездесе қалған, жазғандарға»,— дес-ті сыртқы ел.

Шілденің іші. Шабындық саздың ажырық, бидайғы әбден мәйектеніп піскен шақ. Сәске түстің самалымен

төңірек көк теңіздей толқып жатыр. Өрістегі малын туғендеп қайтқан Аңсаған ер үстінде еңсесін көтере айналаға көз тастап, сергек көңілді отыр. «Әкесінің топырағы май, түгі береке жер фой бұл» дейтіні есіне түсіп: «Жаз шабындық, қыс жайылым, шұрайлы мәйек өңір-ау айтса-айтпаса да» деп қояды шаруақор пейілмен көнілі толып.

Қаракер бір қалыпты жайлы, еспе аяңмен төгілтіл келеді. Құлағына ат тізесіне соққан шалғынның сұлы шалынады. Бір түрлі жайлы естілді. Еміс-еміс әлдекандай таныс үнді қайталап келе жатқандай. Аңсаған елеңдеп, шұқшиып есіне түсіре алмай келеді. «Қайтқан құс тізбегінің шуылы ма, әлде көлдегі... Жоқ. Э... Сол. Айнымайды. Япыр-ай, табиғатта ұқсас нәрселер көп-ау. Аяулының өрмек қылышының сұлы фой дәл мынау. Түрулі іргеден жатып алып талай тыңдаған еді-ау, бәсе». Аңсаған осы сәт жазықта отырған өз үйі жаққа көз салды. Есік алдындағы самаурынға от салып жүрген Аяулы мұны көріп сонадайdan еркелей қол бұлғады. Басындағы бір тартар сары шәйі орамалы сырлылып, желкесіне түсіп кетіпті. Орамал астына, желкесіне түйіп жүретін қос бұрымы да тарқатылып беліне түсіп жүр. Үлбіреген ақ шәйі көйлектің етегі ауық-ауық соғып өткен кезбе са-малмен ойнап бұлаң-бұлаң етеді. Таңып келгенде алдынан шығып атының шылбырын алды.

— Эй, көкемдер қайда?— деді Аңсаған Аяулының емін-еркін жүрісіне қарап, «үйде кемпір-шал жок-ау» деп.

— Қөрші ауыл дәмге шақырып кетті,— деді ол ерке әрі жайдары қалыпта жәудірей қарап.— Сен жуынып дем ала бер. Атынды мен-ақ суарып, отқа жібере салайын.

Шай ішкен соң, көленке жақ іргені түріп қойып көрпеше салдырып дамылдауға жатты. Аяулы есік алдындағы құрулы өрмегіне отырды.

— Аңсаған төбеме күн түсіп кетті, күркені алға жылжытып берші, ерінбесен өрмекті де қайта тартып жіберсөң, босап кетті,— деді ол.

Аңсаған далаға шығып айтқандарын жайластырып беріп, жақағы орнына қайтып келіп жатты. Аяулы желі жіпке арқауды нығарлай қылыш қалақшасын құлаштай сілтеп қойып, жіңішке ғана жұғымды дауыспен ән бастады. Іште жатып Аңсаған да қосылды. Дауыстары жарасып шықты. Екеуі де көтеріліп мәз болып қалды.

— Аяулы, «Женешені» айтшы,— деді соナン соң. Қеліншек өңі бал-бұл жанып, қошуақ көңілмен құлімдей түсіп, еркелей бір қарап алды да тамағын кенеп, даусын сәл көтере әсем әуенді шымырлата шырқады. Қайырмасына келгенде шыдамай жігіт те ілесті.

Іргеден жанға жайлы бір самал леп соқты.



Бұл күз ерте түсті-ау», — деді ат үстінде келе жатқан ол күпісінің желпілдеп көтеріліп кеткен қос шалғайын тақымына қарай қыса түсіп. Ойында әдеттегідей сары шуактанып созбалап барып аяқталған жазды, онан кейін мизамы ұшып, көлеңкеге көбелектей қонақтаған қырауын көрсетіп, дайындықпен келетін салиқалы қоңыр күзді іздегендей сыңайы бар.

Осыдан аз бұрынғана күн әлі жаз болатын. Ауа райы күрт салқын тартып, күздің күшіне енгенін бір-ақ күнде аңғартқандай. Құм жиегінде отырған түйешінің қараша үйі де «қыс әрідемен» қамсыз қалды. Тозған туырлықтың саңлаулы жерлерін сылбыр, жай қозғалатын Құлшара әлі жамал-жасқап та алған жоқ еді. Алтаға созылып қалған мына қара сұықта бір мезгіл ықтап отырып, ыстық ішкенге болмаса панағы шамалы. Жел тұрса азынап кетеді. Құм ішіне көшуді әлі ертеге санап, нағыз өларадағы кірме сұықпен жиекте ұшырасып отыр.

Таң қараңғысынан кетіп біраздан бері көзге көрінбей, шашау жүрген інген, тайлақтарды іздел тауып, көп түйеге айдал келіп қосып, малының бас-аяғын жинап, түгендер қайтқан Жотабек үйіне жаурап, қалжырап жетті. Ұшып келіп, дайын тұрған шайды алдына ала бергені сол еді.

— Өмірдің әкесі-ау,— деді көп сөйлемейтін Құлшара бұған қарап. Әлдеңе айтқысы келген кісідей өзінің толқып, тебіренген сыңайы бар.

— Ол не?— деді бұл елең етіп.

— Ферма баланы көрген жоқсың ба?

— Жарылқасынды ма? Қайдан көремін? Таңертесін бері құм-құмды кезіп, мал түгендеп қайттым. Ол қайдан кездеседі маган? Үйге келді ме?

— Иә, жаңа бір әзірде соғып, шай ішіп кетті. Құмдағы қой қашыртуға барады екен. «Жотакеңмен жолай кездесіп қалармыз» деп еді, ұшыраспаған екенсіңдер ғой.

— Иә, ол не дейді?

— Өмір: «Үйләнегін деп жатырмын. Құзгі мейрамға қарсы ауылға барамыз»,— депті.

— Өй, мына ит не дейді?— деді Жотабек шүғыл бұрылып:— Табан астында, ойда жоқта ма?.. Бір ауыз айтып, ақылдаспай ма екен?.. — Элде қуанғаны, әлде таңданғаны белгісіз, сасқалақтағандай қауқалақтап қалды.

— Немене, жас деп жүрсің бе? Жиырмадан асты. Енді бір жылда үнеститеттерін бітіреді. Ол қатарлылардың кейбіреуінің балаларының алды мектепке барайын деп жүр. Ақылдасатындей біз несін түсініп, несін біліп жатырмыз. Анда-санда қаражатын салғаннан басқа қай жай-жағдайын білеміз. Бір аллаға тапсырып қоя берген бала емес пе? Өз тіршіліктерін өздері біледі де.

Жотабек әйелінің сөзінің жаны бар екенін сезсе де, ыңғайына жығыла қоймай:

— Эй, оттап, сен де маған жөн айтпақпысың. Не деп көсемсіп отырсың. Ата-ананың алдынан өту деген айып па екен?— деп іштей алып бара жатқан ашу шамы бол-мағанымен түсін суытынқырай зеки сөйледі.

Күлшара басылып қалды.

— Келеміз деп жатқан көрінеді ғой, енді, жақында,— деп қорғаштай сөйледі.

— Хабары қашан келіпті.

— Екі-үш күндей болған-ау.

— Телеграмма салған ба екен? Онысы қайда?

— Өмір өзі ферме баламен тлифон арқылы сөйлесіп-ті. Ферме бала «қыстауға жайласып алындар, сонаң соң машина жіберемін. Мейрамға қарсы орталыққа барып, сол жерден балалардың тойын өткіземіз. Жотакеңе айт, қамданып, дайындала берсін», — деді.

— Алатын адамы қай жақтан екен, оны біле ме?

— Біледі. Осы өзіміздің ауылдан көрінеді, — деп әйелі сөл күмілжіп қалды.

— Өзіміздің ауылдан дей ме? Кім екен? Кімнің баласы?

— Ұлбаланың окудағы қызы деді.

— А-а?!

Жотабектің сырттай сыр бермегенімен қуаныш сәулесі қылаңтып, елеңдеп қалған көнілі бір сәтке дір ете түскендей болды. Құтпеген оқыс жайға кезіккендей тосылып қалды. Баласының мына ісіне наразылық білдірерін де, құптап, мақұлдарын білмегендей түқшиып ойланып отыр. Тап қазір көнілінде өкініш-реніш те, суйиňш-қуаныш та жоқ, бұл қалай деп дағдарған екі ұдай таңданыс сезімі ғана бар. Құлшара мұның қас-қабағын бағып, үнсіз қалған. Алдындағы бос кесені орамалымен қайта-қайта сүрткіштей береді.

Шайын ішіп болып, дастарқанның шетін қайырды да, күпісін иығына іліп түрегелді. Сыртқа шығып атын әріrekке апарып тұсан, жайылымға қоя беріп қайтып келді. Сонаң соң ішке кірмей-ақ ық жақта үйдің іргесінде жатқан қомшаны қағып-қағып қайта салып, біраzdan бері алқа-салқа болып жүрген ер-тұрманын жөндеуге отырды. Қомшаның үстіне жайғасып, үлкен күпіні қымтана түсіп, бір кез көкті тұмшалаған қалың бұлттан қара қошқыл тартқан айналасындағы мына дүниеге, бедері-бұдыры көп көне қыртысты кең даланың көз жетер қырына ұзақ қарап қалды.

«Құдам Сәлмен болғаны ма? Ой, това! өүл бүйрық дегенді қойыңыз»,— деді өзіне-өзі. Мұны айтқаңда көнілінде ашу да, зіл де, таңдану да болған жоқ. Бейжай, немкүрай күйде еді. Тек тереңнің қайнарындай шымырлап шығып, жайылып бара жатқан ой тізбегіне қай-қай-дагылар орала берген.

* * *

...Колхоз бастығының кеңесі, бір бөлмелі жатаған балшық үйдің іші толы кісі. Бастық жуастау, үян жүзді жас жігіт:

— Бұзауовтың ұсынысына қалай қарайсындар? — деп айналасындағыларға сұраулы жүзбен жағалай қарап шықты. Отыргандардың ешқайсысы үндей қойған жоқ.

— Меніңше, жылқыларды тауғару керек,— деді бұл орынан сергек көтерілген бетінше.— Биыл етектің жайылымы жоқ. Жаз қуаң басталды. Қөріп отырсындар. Қызыл шаңға қамап қырамыз ба қыруар малды.

Соңғы сөзін орынсыз жалтақтап, әлі кесімді еш нәрсе айтпай отырғанына назаланып, басқармаға тіктей қарап, зілмен айтты.

— Эй, таудың қалың қасқырының ортасына қай адам жылқы айдал барып бағады? Ертеңгі күні жазатайым қасқыр шауып мал шығын болса сотқа баратыныңда жұмысың бар ма? Қімнің басы екеу дейсің. Жылқыға жайылым іздеймін деп жүріп...

Басқарманың оң жағында таяу отырған қызыл сары өнді, толықша, тығыршық келген жігіт кекесінді түрмен бұған жерлей қарады. Қек пен қоңырдың арасындағы бояусыз бозғылт көз жанарапан астамшылық пен мұқату белгісін анық байқады. Қашаннан Сәлмен екеуінің сөзі бір жерден шыққан емес. Әйтеуір мұның айтқанын болдырмауга пейіл. Тағы да сол ииетпен көлде-

нендең отырғаны анық. Жотабектің қаны тулап бетіне теуіп шыға келді. Артық айтылған сөзді басынан асырмайтын мен-мен жастықтың өрлігі кеудесін тіреп тұрақтады.

— Зар замандап жылана бермеші. Не қара көрівді, қарап тұрып үркетіндей. Жыртқыштан қорықсақ мал есіріп керегі не?

— Айдандар ендеше,— деді тығыршық сары қыржия түсіп.

Отырғандар тым-тырыс. Сәлмен бастықтың орынбасары. Ұйымдастырына бес-алты жылдың көлемі болған колхоздың әу баста азын-аулақ түяктан құралған жылқы табыны қазір бірер жүздің қарымына барып қалған. Мына әңгіме сол малдың жайы, жазғы жайылымы тура-лы еді.

— Мұнда күнелту қын екені рас. Салқын ауа, соны жайылым, аяғы ұзын малға алыс жер емес. Тауға айдаған дұрыс-ақ болар еді... Бірақ, жылқышы қане. Кім бағуға келісім жасайды? Біраз кісіге сөз салып көріп едік, жаңағы Сәлменнің айтқанын айтады олар да,— деді басқарма дағдарып.

— Мен өзім барамын. Осындағы ересек балалардың бірін оку басталғанша көмекке аламын,— деді бұл.

Бұл онда колхоздың мал бригадирі болатын. Қорытынды осыған тіреліп, ел тарай бастады. Даға шыға бере жанынан өтіп бара жатқан Сәлменге көзі түсіп еді, ол да бұған қарады. Жай қараган жок, жауыққан иттей қапқысы кеп, аңди қарады.

Пәуеріне алған жок. Сәлменнің бұған деген күндегі қарасының бірі ғой.

Екеуінің бала күнінен бір-бірімен жұлдызы қарсы болатын. Оның үстіне жігерін жасытып кеткен сонау бір тұнгі оқиға Сәлменнің жүргегіне беріш болып қатқан. Онан бері бойын өшпендейлік пен қызғаныш буып, бұған тісін қайраумен келеді: Мұны өзі де сезетін,

Биылғы көктемнің іші болатын. Құн жылынса қыстауда отыра алмайтын қазактың әдеті емес пе. Елдің бәрі бір-бір қараша үйін қоныстанудың сыртындағы құмақтардың ішіне сала көтеріп тікті. Жұрт аударса кәрінің де, жастың да женілденіп, қунақ сезініп қалатыны бар. Ауыл қөнілді-ақ. Кешіне қарай жастар оңашалау жерге алтыбақан құрыпты. Өзі қатарлы жас жігіттермен бірге бұл да келді. Ай қорғалағанша ақсүек ойнайтын болып жиналғандар екі топқа бөлінді.

Бір топтың ханы бұл, оған қарсы жақтың ханы Сәлмен болды. Бұл ойынның өзі жаяу көкпар іспетті дүние. Жастар жүгіруден де, додадан да жалығар емес. Бір кезде лақтырылған сүйекті іздеп жүріп Сәлмен екеуі тоқайласа қалды. Айдың жарығына шағылыса жарқырап жатқан асықты жіліктің сүйегін екеуі бірдей көріп, қатар ұмтылысты. Қолдары бірге тиді. Екі білек те жөпелмеде бір-біріне берісер емес. Басқалар да топырлап келіп қалды. Ерте жеткен біреулер додаға кіріп кетпек еді, енді біреулері: «Тиіспе, екеуі жеке айқассын қарап тұрайық»,— деп тоқтатып тастады. Бұл оңашалау екеуіне де қыын тиді. Жұрт сынға салып тұр. Қөп алысты. Шаршадым деуге тіл жоқ. Қеудеде жан тұрып, нағысты қолдан беруді екеуі де ойламайды. Бірде қатты жүлқыста қолдары төбеге көтеріліп, екеуі де омыраулап тіресіп қалды. Осы жақын келген сәтті пайдаланып, Сәлменнің он жақ тобығынан аяқтың басымен іле тартып, қеудесімен алға құлай беріп, он ынғайға қайыра сілкіп қалды. Оқыс қимылға еш дәрмен қыла алмаған Сәлменнің қолынан шошаң етіп жіліншік шығып кетті де, өзі жерге аунап түсті.

Коршалап тұрған жастар ду ете қалды. Сәлмен жерден сылбыр көтеріліп, шетке ысырылып кетті.

Ұлбала келіп аса бір разы, қуанышты пішінмен мұның қолынан ұстай алды. Ұлбала мұның тобында болатын. Иығына асылып, құлағына әлдене сыйырлап, Сәл-

менді табалағандай сыңырлап күліп жіберді. Сәлмен байқамағандай теріс айналды.

Сәлмен де Ұлбаладан үміткерлердің бірі. Албардың ішіндегі жонышқаға сыртынаи өндіршегін созған түйедей айналышқтайды да жүреді. Мұнысы жақсы қыз көрсе делебесі қозатын бозбалашылықтың әуресі ғана емес..

«Екеуін үй іштері ертеден атастырыпты»,— деген сөз бар. Бертін келе заман өзгерді. Енді «Сен менің атастырыған қалындығымсың. Байлаулы тоқтыдай өңгерем де кетем»,— деп айтуға бата алмайды. Сыпайылып сөз салса — қыз сырт орай. Үміт үзілмейдінің әуресімен жүрген ендігісі.

Ал мұның Ұлбаламен сөз байласып, алысқан уәдесі болмаса да екеуінің бір-біріне ииеті, ілтипаты өзгеше еді.

Ұлбала бұл түні әдеттен тыс көнілді еді. Екеуі бір-бірінен жұбын жазбады. Қайта-қайта тек мұнымен ғана бақанда тербетіліп, қосылып ән салды. Қандай жарасып тұрды екеуі. Жұрт тарай бастағанда құшағына оттай ыстық Ұлбаланы алып ауылға беттегендे жиналмаған бақаның жанында жұртта қалғандай жетімсіреп отырған Сәлмен көрініп еді.

Бұл бір керемет түн болған екен-ау. Адам баласына ғана тән шырын бақыттың, оның қайталанбас қысқа сәтімен бір ғұмырда ұмытылmas мәңгілігінің күесі болған түн екен-ау.

Ой, дүние-ай! Ұлбала иығына сүйеніп сзызылып өші салғанда, махаббат атты жұпардың өзі алғашқы сезгеи хош иісіне елтіп, толқып отырғанда бұл түннің өтіп кететінін, қайтып айналып соқпайтынын ойламапты-ау.

— Ой-хой! Салқынын-ай, ауасы қандай. Құзге дейін жылқылар семіздіктен жүре алмай қалар мына түрімен, Жотабек аға,— деді ат үзенгісіне жармасқан қалың шал-

ғынды шаруақорлықпен құмарлана қарап келе жатқан Жарылқасын.

Өзі де тау ішіне кіргеннен бері тыныш, соны, мұлгіп тұрған табиғатына қарап қызықтап, сан алуан иісті жұпар ауасынан тояттағағажап сезімде еді.

— Иә, Жарылқасын, бір түяғын да шетінетпей, жонын күнмен шағылыстырып, құлындарын таймен таластырып құзге қарай ылдиға айдаға барсақ ел алғысын жаудырар-ақ екеумізге. Ол үшін бір жазғы үйқыны шала етеміз де, солай ма? — дегенде, бала:

— Эрине аға,— деп кәдімгідей-ақ жайрандалап қалып еді.

Қас қарай тау ішінің түяқ ізі түспеген мәуелі бір кең қойнауындағы бұлақ басына келіп, жылқыларды қайырыды. Жуастау екі биеге бөліп тендерген қосты түсіріп, лезде-ақ тұрғызып алды. Кешкі шайын ішкен соң:

— Жол соғып шаршадың ғой, жатып демал,— деді де қосқа Жарылқасынды тастап, өзі: «Жаңа келген жер сыры мәлім емес, мен малдың ішінде болайын»,— деп атқа мінді.

Ай қаранды. Тау іші көзге тұртсе көргісіз. Құлақ-қа ұрған танадай тылсым тыныштық. Бірақ жаңа қоныс, таза ауаның әсері ме өзін аса сергек, көңілді сезінді.

Тыныш түнде әлдекайдан ауық-ауық үшқан құс қанатының суылдаған дыбысын, жылқының пыскырғанын, жақын жерден шалғынды бырт-бырт жұлғанын алаңсыз ұзақ тыңдады. Бір түрлі әсерлі. Елегізбейсің. Осы бір қарапайым дыбыстардың өзінде жанына жақын жылылық бар тәрізді. Мұндай түн жалғызыратпайды. Қиялышынды қозғайды. Ат үстінде шүйгін шалғында қаптай жайылған табынды қоғамдай түсіп, тәтті ой құшағында көп жүрді. Жалындаған жастықтың жай таптырмас алып үшпа, тоятызыз, тәтті арманына елти өзінің болашағын қиялдан еді. Тәтті сезім құшагында тұрып Ұлбаласын

Ойлаған. Осы күзге қарай екеуінің отау көтермек болған байламдарын есіне алған...

Жотабек жастайынан жетім, нағашысының қолында өскен жігіт еді. Ұлбаланың өзіне деген ықыласын сезген-нен кейін нағашысы Кентайды қыздың әкесіне жібермек болды. Әкесі рұқсатын берсе биыл оған үйленбек ойын аңғартқанда қызы қарсылық білдірмеген. Әні-міне деп жүргенде мына шаруа килігіп қалды. Енді күзге дейін елге орала алмайтын болып отыр. Соңан соң осылай қарай аттанарда жолығып кетпек болып, қыздың оңаша сәтін аңдып жүріп, кезіккен.

Елдің бәрі жұмысқа кеткен соң, сәске түсте, ескеру-сіз болып үйге кіріп келсе өзі жалғыз отыр екен.

— Ой, қайдан жүрсің, тапа-тал түсте мұның не?— деп әрі қуанған, әрі таңданған ол ұшып тұрып, қарсы жүрді. Сұңғақ бойлы, талдырмаш, шыбықтай солқылдаған қызы денесін бауырына басып, тілерсегіне түсетін жуан, қос бұрымын алақанымен еркелете сипалап, ыстық демі шарпып балбырап тұрган от ернінен, қалам қасты қара көзінен, айдай жарқыраған ақ мандайынан кезек-кезек сүйді. Сүйген сайын ынтығы артып, күйіп-жанып барады.

— Ой, жетер, болды енді. Койсайшы, біреу келіп қа-лар,— деп қызы сергектік жасап әрең тоқтатты.

— Ел көзінен ыңғайсыз емес пе, мұның не, неге келдің?— деді қызы жігіт аптығын басып, сабасына түскен сәтте.

— Ұлбала, ауызба-ауыз жолығып кетейін деп едім. Күзге дейін жылқыны алып тауға шығатын болым.

- Жалғызбысың, серіктерің бар ма?
- Бір көмекші бала бар.
- Кім?
- Жарылқасын.
- Ой, ол әлі жас емес пе? Қыруар малмен елсіз тау-

да... Қайдам, өзің білесің..— қыз уайым білдіргендей үндемей қалды.

— Оқасы жок. Мал болғанда жылқы емес пе. Тәуекел.

— Күзге дейін ауылға келе алмайды екенсін ғой онда.

— Соға алмайтын шығармын. Нагашыма айтып, тапсырып кетемін. Экенмен сөйлесіп, әңгіме жүргізе берер. Уәдеміз уәде ғой. Күзге қарай той жасаймыз. Жарай ма?

Қыз менде не тұр, өзің білесің де дегендей келісімді ыңғайда ақ жүзі алаулап, тәмен қарады. Бұл қоштасып, бауырына тартып, мандайынан сүйді.

Ұлбала:

— Аман-есен барып қайт,— деп үзіле сыйырлап, жып-жылы алақанымен қос қолын жібермей қайта-қайта қысып, қимай айырылысқан.

* * *

Бұл күні айғыр қуып жіберген екі саяқты табамын деп жылқыны ауылға кеш қайырған еді. Жарылқасын оқу басталатын кез жақындаған соң қайтып кеткен. Өзі жалғыз қалған. Табынды есік алдындағы саздау табаншаға айдал әкеп, ыстық істеп ішпек боп қосқа бетtedі. Күн желдеу, ай қараңғы, атын байлап, тақымындағы мылтығын сыртқа сүйей салды да ішке кірді. Жарық тұтатпақшы болып жан қалтасынан оттығын ала бергенде әлдекім ту сыртынан қапсыра бас салды.

— Эй, бұл кім?— деп босануға әрекет жасап жұлқына бастағанша тағы екеуі кеп жабыса кетті. Жабылып етпетінен түсірді. Жан дәрменімен жұлқынып, кеудесінде гілі көтере тізерлей тұра беріп:

— Эй, кімсіндер, нелерің бар менде?— деді. Мойның үзіп жіберердей жаншып бара жатқан ауыр салмақтан қайта құлап түсті.

— Байла қолын! — деді бірі. Қол-аяғын тас қып буып, аузына орамал тығып, тірі жәндіктең домалатып тастанда да үшеуі шығып кетті.

Сырттан біреуінің: «Мылтығын тастамандар», — дегені құлағына келді. Елең ете түсті. Сәлменнің даусы сияқты. Әлде өзіне солай көрінді ме, дүдемәл күйде қалды.

Бауырымен сүйретіліп қостан шықты. Жылжи-жылжи үй жанындағы жартасқа жетті. Қөп жақпарлардың бір қырына білегіндегі қыл арқанды егей берді. Қолы дал-дал болды. Шып-шып қан шығып удай ашыды. Оған да қараған жоқ. Бұл қолын босатып алғанда шығыстан бозарып таң білініп келе жатыр еді.

Ұрылар мініп жүрген атын ер-тоқымымен, мылтығын алып, жылқыдан бір бие, екі байталды ұстап әкетті.

Кездескендерден ауылға болған жайдың хабарын айттып, жылқыны айдап, ылдига құлағанда соттан шақыру қағазы келді.

Бұл қолхоздың төрт жылқысын үрлап сатып жіберген, ешкімнің пікірімен келіспей, бар жауапкершілігін мойнына алып, жылқыны тауға айдағанда осы арам пигилы үшін істеген болып шықты. Ұрланған жылқы таптырмады. Өзін актар еш дәлелі жоқ. Ақыры көрсеткен кісінің дегені болды. Бұл бірер жылға бас бостандығынан айрылды. Оナン босаған сон, әлдекімге өкпелегендей ауылға қайтпай алыс аудандағы шахтаға барып, жұмысқа кірді. Салт басты, сабау қамшылы саяқ тіршілікті бастан өткізіп, осы жерде біршама тұрып қалды. Келекеле ашу, өкпе тарап, ақыл сабасына түскен сайын елжүртты сағынған көңіл алып-ұшып, елге барсам деген ой санасынан шықпай қойды.

Шілденің аяқ кезі. Құн шағырмақ болатын. Үстінде жүгі жоқ автомашина жеңіл зымырап, жотадан түсіп келе жатты. Бір жақ иығына шағындау жол қапшық асын-

ған, ерте келген кәрілік күзінің табын аңғартқандай ет-сіз сопақша самайына ақ қырау араласып қалған жұдеулеу жігіт ашық машина үстінен айналға аса бір құштарлықпен, қалдырып кеткен жоғын ізден елегзігендей жаутан-жаутаң қарап келе жатты.

Бұл өзі еді.

Ұзақ көрмеген тұған жердің танымал ауасынан тыныстаған сайын, суалып бара жатқан тамырына су жүгірген ағаштай, құлазыңқы көңілге тіршіліктің толассызы жылы үміті шым-шымдай еніп, аңсан кеп көрген кең далағына ыстық ықыласпен қарағанда қуаныштан жүрегі лүпілдеп қоя берді.

Бұл кеткелі қай заман. Ауылдың кісі танымастай өзгергенін көз жетер қырымнан-ақ көріп келеді. Нагашысы Кентайдың жатаған балшық үйін ізден табу да қазір бұған онайға түспес. Тіпті ол өзі бар ма екен! Мына шағаладай аппак үйлердің бірі соның орнына түрғызылмады дейсің бе? Қөп өзгерген. Мына келе жатқан кең тас жол да ол кезде мұндай сайрап жатпайтын. Бұрылыш-бұраланы көп, ойлы-қырлы болатын.

Таянған сайын әр жота, әр жазығы көзге оттай басылды. Әрқайсысы көнілінде жатталған көне суреттердің күәсі тәрізді. Қараған сайын қай-қайдарыны қозрайды.

Жол мына бір құмақ жанынан өте бергенде осы жерге түсіп, мәңгі қалып қойғысы келді. Зулаған машина үстінен қимастықпен жалтақтай берді. Оның қоңырқай сауырына қараған сайын Ұлбаламен кездескен соңғы түнгі ғажайып шаттығы, ең тамаша жастығы ойына орала берді.

Ой! Орны толмас сағыныш не деген көп еді!

Машина тоқтай қалды. Қабинадан басын шығарған шофер бала:

— Қайда барып түсесіз? — леді.

Бұл дағдарып қалды. Нагашысын сұрамақ еді, бар ма, жоқ па деген дүдәмал сезімде тұр.

— Кентай шалдың үйі қайда екен?— деді аз үнсіздіктен кейін.

— Қария қайтыс болған, осыдан біраз жыл бұрын,— деді шофер бала бұған аңтарыла қарап.

Үнсіз тұрып қалды. Осы кезде іштен кабинада отырған біреудің: «Кентай шалдың үйін сұрай ма?»— деп күбірлегені естілді. Есікті ашып сыртқа шыққан толықша жас жігіт:

— Несі болатын едіңіз, Кентайдың?— деді де бұған үмсина қарап, кенет:

— Жотабек, Жотабек аға,— деп үмтыла берді. Тани кетті. Жарылқасын еді бұл.

Тап осы жұрт болатын. Онда да жалғыз үй отырған. Келгеннең кейін ағайындарының айтуымен жуастау, үйінде отырып қалған біреудің қызына қосылып, өз алдына шаңырақ көтерген. Сонсоң совхоздың түйесін бағып, осы құмға шығып кетті. Құлшара аяғы ауырлаған соң, қасында болсын деп Жарылқасынның шешесі Қәшім кемпірді шақыртып алдырған еді.

Азанда шай ішіп отырған Қәшім:

— Бригадир-ау, ол мұны бала кезінен осылай атайтын, бүгін бір жақсы тұс көріп, қуанып тұрдым. Құлшара аман-есен бір жаман неме босанады-ау деп жорыдым,— деді.

— Бір бұйырғаны болар, женеше,— деді. Өзі де кейінгі кезде іштей толқуда еді.

— Бұл да бір жүрген жалғыз түяқ бишара,— деді Қәшім естілер-естілмес күбірлеп, шайын ұрттай түсіп. Оның да көнілі алаң болып отырған сыңайы бар.— «Жалғанда көрген қыындық ақиretке кетпейді» деуші еді ғой, әр пендеге жазған бір қызығы бар шығар. Кім біледі, дітің адад жігіт едің, жақсылығына бастар,— деп қойды.

Онаң кейін үшеуі де өзімен-өзі болып, қайтып тіл қатысқан жоқ.

Шайды жинар кезде Қәшім:

— Өңің сынық қой, мазаң болмай отыр ма?— деді ашандau жүзі боп-боз боп сұрланып кеткен Құлшарага.

Бұл атына мініп, құм ішіндегі малына кетті. Құм-құмды кезіп кеткен түйелерді түгендеп, бір-біріне қосып, қогамдаш кеш оралды. Ақшам жамырап қалған кезде жықпыл-жықпыл шоқатшалардан шоқыта шығып, жиекте, жазықта отырған үйге жақындаған бергенде алдынан ағарандап бір нәрсе көрінді. Таяна түсті. Байқаса Қәшім екен. Жалп-жалп етіп, бұған қарай жүгіріп келеді. Тұла бойы дір ете қалды. Әлденеге қарадай алқынып, өкпесі аузына тығылғандай болды. Қәшім даудыс жетер жерден айқай салды:

— Сүйінші! Туды... Жаман неме... Естімісің? Сүйінші, аман-есен босанды! Өзі жаулығының ұшымен екі көзін қезек сүртеді.

Мұның жүйке-жүйкесі босап кеткендей болды. Қөз алды бұлдырап, басы айналғандай. «Сүйінші, сүйінші»,— деп құлағы шыңылдан барады.

Откен өкініштің өксігі, запыраны ма, әлде ес тандырар куаныштың құдіреті ме, ыстық түйір тамшылар ытқып шығып, құранды ердің басына тырс-тырс тамды.

Өмірлі болса екен деген жалғыз тілекпен атын Өмір койды. Аз, көп демей, бергеніне шүкірлік етті. Алдымызда қарайып жүрсе дейтін. Ерлі-зайыпты екеуінің жалғыз үміт-тілегі соның үстінде-тін. Енді міне үйленем деп хабар салып жатқан сол Өмір.

Осы бір алдан күткен арманының қашан көрінер екен деген көкжиегі бұл.

* * *

Ол үй іргесінде, жаңағы бір көп ойдың-әсерінен арыла алмағандай, дел-сал күйде әлі отыр. Даланың шуылы

бәсендей түскен тәрізді. Туырлықты сілкілеп, үйді сықырлатып өтетін ішін тартып соқкан ұрма жел де саябыrlаған. Батысқа қарай асыға жөңкілген түйдек-түйдек қара қошқыл бұлттардың арасынан ара-тұра бозамықтанып күн көзі көрініп қалады.

«Жә, солай де. Әлі күнге дейін тұра сәлемдесіп көрмеген, қарсы келе жатса бір-бірінен бұрылып кететін Сәлменмен құда болуға жазыпты. Тағдырдың ісіне өкпе жоқ-та». Манағыдай емес енді ешқайды қаша алмасын, шегінер жері жоғын сезгендей мойынсұнған күйде көнілі жуасып қалыпты.

«Өмірмен бірге оқып жүрсе кіші қызы болғаны ғой. Қыз шешесіне тартады деуші еді, тәйірі, Ұлбалаға тартса жаман адам болмас,— дейді өзін-өзі жұбатқандай.— Мейлі де, қайырлы болсын, бақтары ашылсын».

Жотабек орнынан сергек көтеріліп, етегін қақты. Ертоқымын есік алдындағы жинаулы жүктің үстіне қойып, көкке көз жүгіртті. Аспанда күзгі бұлттар жөңкіліп барады, жөңкіліп барады. Сонымен бірге бүкіл дала қосыла көшіп жатқандай еді.

Қаратаудың теріскейіндегі Қоянды жотасының кең жағында көршілес жатқан «Қауынгент» пен «Жаңажол» ауылдарының күнкөріс қаракеттерінде де, әдет-салттарында да бір-бірінен едәуір өзгешілік бар. Әкімшілік жағынан екеуі Оңтүстіктің екі облысына қарасты. Соңан соң ба, аралары жақын болғанымен көрші ауылдай сапырылысып қатынасып жатпайды. Алайда алыс-беріс, араласып-құраласу жаз айларында біршама жиілей түседі.

«Қауынгент» диханыш ел. Бұл ауылдағы жасыл желекке малынған тал-теректің шоғыры осы төңіректегі көніл тоқтатар көрініс. Мына азызак пен аптабы ерекше сары далада берекелі тіршілік белгісіндей болып, мұнарта толқып, әрдайым көз шақырып тұрады.

Бұл ауылдың кетпені қолынан түспейді. Құзге салым қауын-қарбызы, асқабақ, қауағы төңкеріліп жатады. Екі арада ат ізі жиілеп, қара жолдың шаңы көтерілетін тұс осы кез. Ал іргелес жатқан «Жаңажол» тұрғындары қолға кетпен ұстауды кәсіп етпеген, диханшылыққа қырыжок, дала мінезділеу ел. Бұл колхоздың қоныстануындағы қатар түскен үш-төрт көшениң бойынан шашылған шыбық көрмейсін. Қекегіске де кемтар. Бір ғана малға қараған жұрт. Кейде көрші ауылдың ағын-төгін пісікшілігі сөз бола қалса мұндағылар әлдекімнен ақталғандай «біздің жақтың сұы тапшы» дегенді сылтау ете сөйлейді.

Уақтысы келгеннен кейін әуес асқа құмартпайтын кісі жок. Жаз шыға-ақ «Жаңажолдықтар» «Қауынгентке» қатынап, тамыр-танс, жекжат-жұрат іздестіре бастайды. «Алаған қолым — береген». Ол жақтан да, бұл жақтан да көлім-кетім кісі болып, қатынас-қарымта басталады.

Жаз шаруа айы, пісікшілік кезінде әрлі-берлі жүріп тұруға үлкендердің қолы тие бермейді. Бүйірлеріне тен-китіп қап, коржын тенден түе, есектердің иелігі бала-шағаларда болады.

«Қауынгенттен» мұндай қап тиеген жүргінші келген үйдің ол күні тұтіні көтерінкі шығады. Елдің бәрінің назары сол жаққа ауады. Ауылдың әйелдері бір-бір кіріп шығады. Кешкісін жұмыстан келген күйеулеріне: «Бәленшенің үйіне бүгін екі қап қауын келді», — деп жаңалықты жария етіп отырады.

Әсіресе балалардың аңсары сол үй болады. Бүгін олар үшін көрші ауылдан сәлемдеме келіп түскен үйдегілерден бақытты жан жок.

Бұл ауылда «Қауынгентпен» осындаі көбірек араласып-құраласып тұратын үйлердің бірі Әбендердікі. Әбениң әйелінің төркіні сол жакта. Жаз шыға-ақ інілері, сіңлілері кезек-кезек келіп, апталап жатып кетеді.

* * *

«Жаңажол» шаруашылығы шағын ғана колхоз. Мал біткенде жаз Қосегенің көк жонына, қыс құмға айдайды. Жаз айларында мұнда орталықта отырғандар мен пішеншілер үшін сауынға Серәлі шал бағатын бір қора ешкіні қалдырады. Жазға салым Серәлі көктеуден көшіп, қоныстанудың сыртындағы жазыққа келіп конады. Пішеншілер де, оргалықтағы қолдарына бірен-саран майда түяқ ұстайтын басқалар да тамының есік-терезесін тас бітеп, караша үйлерін осында әкеп тігеді. Содан қоңыр күзге дейін жұрт аудармайды.

Әр күні кешке қарай бүкіл қоныстанудың әйелдері, бала-шағалары ешкі саууға осында жиналады. Жаз мезгілінде жиі болып тұратын елдің той-томалақ, қызығы да осында өтеді. Сөйтіп ешкілі ауылдың әрдайым ду-ду болып жатқаны.

Әбен шөп шабатын машина айдайды. Серәлімен ағындас, көңілі жақын жігіт. Жазда үйлері үнемі қатар отырады. Өзі балажан. Әйелі құрсақ көтермеген. Екі-ак бас. Бала десе ішкен асын жерге қояды. Бір жаққа ба-рып келсе өрік-мейіз, кәмпіт әкеліп, ауылдың балаларына үлестіріп қарық қылып жүргені. Әйелінің іні-сіzlілे-ріне де жаны қалмайды. Айналып-толғанып, күрак ұшып тұрғаны әрдайым.

Әйелі мен екеуінің балаға деген әлгіндей райынан болар, Серәлінің Бөкені осы үйге үйірсек. Биыл жетінші класқа өткен Бөкен зерек, пайымды. Оның тындырым-дылығына қызығып Әбен ат суару, ат тұсау тәрізді ба-рып кел шаруага көп жұмсайды. Ол да бұл үйге өз бала-сындау еркін-ак.

* * *

Қоныстануға келіп, усті лаймен жабылғаң, қамыс бұғатының қалындығы бір құлаш, басқа үйлерге қарағанда еңсесі биік аумақты там — колхоз кеңсесінің артқы көлеңкесінде асық соғып жатқан бір топ балалардың ішінде Бөкен де бар еді.

Шаңқай тустиң шағы. Көлеңке қысқарып, күн ыси түскен. Шөпшілер көліктерін отқа қойып, күн қайтқанша дамылдауға үйді-үйіне тараған. Жан-жануар ыстықтан тасаланып, көлеңке қуып кеткен. Қоныстанудың жатаған тамдарының төңірегі ырс-ырс еткен ешкі, лаққа то-лы. Ауыл шетіндегі шаңдақта жайрай түсіп түйелер жа-тыр. Шеген құдықтың басындағы астаудан аққан сар-қынды суда бырдай болып боз торғайлар отыр. Тілі салақтап аласұрған иттер киіз үйдің іргесіндегі жарты-

кеш, болымсыз көлеңкеге іштегілердің қайта-қайта қуып жібергеніне қарамай келіп, қойып кетеді. Осы кез қарны ашып, шөлдегендері есіне енді түскен балалар да үйлерінде қарай бет алған.

— Қауын әкеле жатыр,— деді кенет бір бала.

— Қане? — Барлығы елең ете түсті.

«Қауынгентпен» екі арадағы бидайықты үлкен сазды қақ жарып өтетін қара жолда бері қарай келе жатқан жолаушы көрінді. Ауылға таяп қалыпты.

Жолаушылар — үстіне теңестіріп қап тиеген қара есекті алдарына салып айдаған бірі бойжеткеи, бірі онан гөрі кішіректеу екі қыз кніз үйлердің өкпе тұсына жеткен соң, үлкен жолдан бұрылып, төтелей жүрді.

— Ал, қане, табындаршы кімнің үйіне барады бұлар?

— Кімнің үйіне барса да қауынға бір қарық болады.

Әркім әр түрлі жорамал айтып дабырласып тұр. Біреулердің қоңіліне «біздікіне емес пе екен» деген үміт сәулесі ұялайды.

— Қазір қарап тұрып қай үйге түссе — біз сонда барайық,— деп біреу ұсыныс жасады. Осыған мәмле болып, шеткі тамның көлеңкесінде жатқан ешкілерді үркіте, ығыстырып, балалар кенереге қатар-қатар отыра кетті.

— Бөкен, сіздің үйге қарай бара жатыр,— деді отырғандардың бірі.

— Әбеннің үйіне баратын шығар. Әбеннің әйелінің төркіндері «Қауынгентте» ғой,— деді екіншісі.

— Әбен ағамдікіне,— деді Бөкен сенімді түрде. Әрі оған өзі ықыласты қалыпта. Қеле жатқан екі қыздың ересегін танып отыр.

Сусылдаған қызыл ала шайыдан бүрмесін кеудесінен салып «өзбекше» көйлек киген, ұзын шашын екі бұрым етіп артына тастаған, сұңғақ бойлы бойжеткеи — Әбеннің туған балдызы Шәйім. Ол бұл ауылға жиі келеді.

Өткен жазда да апасының үйінде бір-екі айдай болып кеткен. Бөкен сонан жақсы таниды.

— Ой, анау «жаужүрек» құдашағой.

— Иә, сол ғой! — десіп басқа балалар да танып, шуылдасып жатты.

— Менің көкем айтады. «Біздің ауылдың жігіттері шетінен ынжық, әйтпесе осы құдашаны қолдан шығармай, бірінің үйіне кіргізіп алатын реті бар» дейді. Мүмкін был ауылына қайтармай қайсысы алыш қалар,— деп қоңырысytты біреу.

Шәйім ер мінезді, ашық-жарқын, сөзуар, әзілқой қыз. «Құдашалап» тиісіп, қалжындақсан ауыл жігіттеріне сөзден дес бермейді. Еркін, ерке мінезді онан қайта жігіттердің біразы ығысады. Тілінің шоғы бар қайсысы «жаужүрек құдаша» деп ат қойып, ел оны бірден іліп алыш кетті. Қазір бұл ауылдың үлкені де, кішісі де Шәйімді осылай атайды.

Бөкенге оның бауырмалдығы, ак жарқын мінезі үнайды. Әсіресе, ертегішіл-ақ. Өткен жазда әбден бауыр баып кетті. Кешкे қарай «ертегі айтыңызшы»,— деп Әбенниң үйіне жетіп келеді де тұрады. «Осында менің қасыма жататын болсаң кешегіден де қызығын айтып беремін»,— дейді ол жарқылдай күліп. Бұл келіседі. Сонан кейін-ақ неше түрлі шытырман жайлардың ішіне кіреді де кетеді. Зарығып барып қосылатын ғашықтар, сиқырлы жылан, қайырымсыз мыстандар туралы ғажайып хикаяға беріліп жатып, қалай үйықтап кеткенін білмей қалады.

Өзін бірде туған інісіндей айналып, толғанып баурап алатын, кейде «құда бала» деп қажап, қалжындаپ, ойнап отыратын Шәйімге Бөкеннің ықыласы бөлек. Алдында күрақ үшып тұрады.

— Жұдә, осы құдашасы десе жаны қалмайды өзінің,— деп Әбенниң үйіндегі женгесі зілсіз ажуалап күліп отыратын. Қазір де Шәйімді таныған соң, көптен көрме-

ген бір жақыны келе жатқандай елеңдеп қуанып қалды.

Жүргіншілерді тұрулі іргеден сонадайдан көріп, та-нып отырған Эбеннің әйелі үйге таянғаннан-ақ алдына шығып, екі қызды кезек құшақтап сүйіп, кара есектің жетек жібін қолына алды. Олар есік алдына келген соң, Эбен далаға өзі шығып, көлігін байлас, үстіндегі қабын түсірді. Келгендер үйге еніп, жайласты-ау деген кезде балалар орнынан көтерілді. Бұл сэтте көрші әйелдер кіріп-шығып, Эбен үйінің төңірегіне қыбыр еніп қалған.

Бекен басқа балалар тәрізді босағада қорғалақтамай өзімсіне алдымен кірген. Төрде отырған Шәйім бірден танып, орнынан тұрып, мұның қолын алып, бауырмал ашық-жарқын раймен арқасынан қақты.

— Ой, өзің дәу жігіт болып кетіпсің фой. Қел... кел... Мұнда отыр. Қел, мына Зибаштың қасына. Зибаш, бұл Бекен деген құдаң болады. Екеуің осы құрдас шығарсындар,— деді, әзіл араластыра жарқылдай құліп.

Қарақаттай көздері мөлдірей, қымсына, жәудірей қараған, жас шамасы өзі құралпы, талдырмаш қара то-ры қызды бұл енді байқады. Бекен жалт қараған сэтте қыз назарын төмен аударып, бойын жиып ала қойды. Жа-нағы бір әзірде оның көзіне көзі түсіп кеткен кезде Бекен әлденеге өз-өзінен қысылып, аңтарылып қалған. Сол сэт екі беті ду етіп, ысып қоя бергенін сезді. Сасқалақтаган осы күйін елдің бәрі аңдып, біліп отырғандай көріп, еш-қайсысына қарауға батылы бармай қарадан-қарап кү-ыстанип, терлеп кетті. Төменшіктеген күйі есікке қарай сырғақтай берді.

— Кіріндер, кіріндер,— деген Эбеннің жайдары, ықы-ласты даусы шыққан соң, есік алдындағы балалар іш-ке кіріп шүпірлей отырып жатыр еді, бұл да соларға барып қосылды. Соңан кейін бойы женілдей еңсесін кө-терді. Енді байқады, мұнда ешкімнің жұмысы жок, өзі-мен-өзі гуілдесіп отырған ел екен. Қөнілі орнықты. Шұ-

қыласып балалардың күбір-сыбырына араласып кетті. Әбен орталарына қарай бір әңгелек пен төцкөрілген торламаны дөңгелетіп кеп жіберді.

— Қолдарыңды кесіп алмай өздерің жарып жендер,— деп бәкісін ашып берді.

Бұлар құнжында, көнілді қозғалакта, ортаға келген олжаны қаусырмалай түсті. Қатардан қалмай, таласа-тармаса уылжыған ақшулан тіліктерді жытырып жатып бір кез, келген құдашалар жаққа көз салып еді, Зибаш мұның қауын қарбытысын қызықтағандай қарап қалған екен. Жанарына жанары ұшырасқан сәт ернін тістеп, сәл жымия түскен күйі тез бұрылып кетті. Бұл оқыс кідірді. Жүрістен жаңылғандай қарқыны қайтып қалды. Кішкене құдаша бұрылып алып, қайтадан қарап отырғандай көрінді. Бір түрлі ыңғайсыздынып, енді алдындағы тілікке қолды самарқау созды. Өздеріне тиесіліні таусысып, балалар орындарынан көтерілген.

— Бәкен, сен қайда барасың, бері кел, асықтарыңды әкел, хан талапай ойнайық,— деді Шәйім.

Есікке қарай аттай берген күйі кідіріп қалды. Қасқағым сәт не кетерін, не қаларын білмей екі ұдай күйде тұрды да төрге бұрылды. Батылсызыдау, самарқау қимылмен жандарына келіп асық қалтасын ортаға тастап, ұялшақтай отырды.

— Өзің жатырқап қалғансың ба, кісіге жоламайсың гой,— деді Шәйім, мұны еркелете әрі ажуалай күліп.— Әлде үлкейіп кеттің бе?

Әбен де оның сөзін мақұлдаپ жатыр:

— Есейгені ғой, кісіден ұялайын дегені, «ертеңі айтып бер» деп жаныңнан шықпаушы еді бұрын.

Бәкен ойнаган құрлы мазасыздынып бітті. Ұтыла берді. Қолы икемсізденіп, атқаны дәл тимейді. Зибаш та ойыншы емес екен. Бір екі рет хан алшы түрғанды талапай үстінде байқамай екеуі бір-бірінің қолын ұстай қалып, бір-біріне айыпты адамдай қызарақтай қарағыш-

тап алған соң, енді оны қайтала мау үшін сақтанып, талас үстінде де тартыншақтай ойнады.

Оның үстіне Шәйім:

— Ой, екеуіңнің ойындарыңың мәнісі жоқ қой өзі.
Осы кішкене құда Зибаш құдашасынан ұялып отыр, мен білсем,— деген сайын мұрнының ұшы шып-шып тершіп коя береді.

Ара-тұра Зибашқа көзі түссе бұған күлімсірей қарап отырады. Мұны бала көретін, қызық көретін тәрізді, өзі бір салдарлы, үлкен кісі дерлік. Даусы майда, биязы, жай сөйлейді. Оның өзінде анда-санда бір тіл қатады. Хан талапай кезінде Шәйім ұлкендігін жасап асықты молырақ жинап алса:

— Ой, тәте, қолыңыздың ұзындығын көрсетесіз, менің алдында жатқан асық қой бұл,— деп ренішсіз, сықылықтай құледі. Құлген кезде жүзі жадырап, шаттыққа то-лып, жаңағы салмақты қалпын ұмытып, балаша мәз. Соңан соң жеңіл, әсем қимылмен маңдайына шашырап құлаған бір уыс кекіл шашын қайыра сілкіп, байсалды бола қалады.

Әдette ауылға сырттан келген жаның ерекшеленіп, тосын көрініп тұратыны бар. Соңсоң да кім болсын ауыл кісісі оны бір сүйем биіктеу тұтып, ізет жасап, өзін кішік ұстau салты. Осы сезім Бөкен бойында да бар. Жасы шамалас болғанымен дene бітімі нәзік, бойы, тіпті, мұнан едәуір аласа, талдырмаш денесіне жеп-жеңіл жара-са кеткен қысқа жең, шолақ етек, көк ала шыт қөйлекті кішкене құдашаны өзінен гөрі ересек, естияр сезініп, тө-меншіктеген сыңайда. Бойында осы бір тосырқау ізеті-нен басқа жаңа келген жас қонақты қошуак көнілмен жақын тұтқан ықыласты пейіл, әлде қуаныш, әлде қо-балжу тәріздес түсініксіздеу екі ұдай сезім де жоқ емес.

Алғашқы жатырқау, корғаншақтау күйінен құланта-за айыға қоймағанымен бірте-бірте көнілденіп, ашылып, әңгімеге араласып отыр. Өзіне жылы ұшырай қарағаң

Зибашқа екі-үш мәрте күлімсірей көз тастап, дос пейілін аңғартты. Ол саусақтары майысып жұп жатқан асықтарды көздегендеге іштей тілекестік білдіріп, толқып отырады. Зибаш мұнысын сезетін тәрізді, соңсоң да жатсынбай жақын тұта қарайтын болар.

Бұлар ойынның қызығына беріліп кеткен. Ұзақ отырып қалыпты. Жаңа біразда тамақ ішкен соң:

— Мен сәл мызып алайын,— деп қисайған Әбен оянып, жұмысқа кетуге жинала бастады.

Осы кезде үйінен Бөкенді шақырған шешесінің даусы естілді:

— Бөкен-ай, мал өріп кетті, бар енді тезірек, шабынға түсіп кетер. Желдеп барады тоқтамай.

— Мені шақырып жатыр,— деді орнынан қозғала берген ол. Рұқсат сұрағандай екеуіне кезек қарап.

— Малға сен баруши ма едін,— деді Шәйім.— Кешікпе онда.

Өзіне салса бұл жерден кеткісі жоқ. Ықылассыз түрегеліп, есікке беттеді.

— Кой, біз де тұрайық, құдықтан су әкеліп, тәтемиң қаптағы айраны жиналып қалған екен, пісіп тастаңық,— деп Шәйім де сыртқа беттеді.

Жаз айларында әкесі таң алажеуімнен өргізген ешкіні түске дейін өзі жайып келеді де, құдықтан суарып, зауал ауғанша жусатып тастайды. Күн қайта өргізген малды кешкі сауымға дейін айналдырып келу Бөкеннің міндеті. Кешкі сауымнан кейін лағын жамыратқан отарды тұнгі жайылымға қайта алыш кететін әкесі бұл кезде дамылдаپ, үйде болады.

* * *

Колхоздың қысы-жазы ешкі бағуға берген жалғыз торы атының үстінен Серәлі жаз айларында ер-тоқымды сирек салады. Қыстың қындығында қиналмау үшін жаз бойы малды есекке мініп қайырып, жаяулап жайып,

тор атқа кон жинайды. Қазірде оны шабындық саздағы саяқтарға қосып жіберген. Енді аяқ артары Әбен үйінің қодыкты қара есегі. Бұл бір «арам қатқыр», Бөкенді баласына ма, басқа-көзге төпелеп жатқанда аяғын санап басқан жүрісінен жаңылмайды. Әбден ығыр болған соң кейінгі кезде, тіпті, мінуді қойған. Үйден шыға бере желдей салып, жоңышқалыққа қарай беттеген қоралы ешкінің соңынан құлдырай жөнелді. Екі өкпесін қолыша алып жүгіріп, жан ұшыра айқай сап, қайырып, малды ауыл жанындағы ебелекті құмаққа бұрды.

Төбенің үстіне шыққан соң, желпініп, демін алып, ентігін басты. Екі көзі ауыл жақта.

Күн бесіндікке таянған. Ел далаға енді-енді шыға бастапты. Ауыл ішінде әрі-бері жүрген кісі қарасы көрінеді. Шандактағы түйелерге де қыбыр кірген. Алды өріп, күн астына қарай маңып барады. Арты орындарынан енді тұрып, бұрқ-бұрқ сілкініп, ауыл үстін актүмандалатуда.

Әбен үйінен шыққан екі қызы оңашарап, бір шеттегі құдық басына таянғанда ауылдың әр түсынан шелек көтеріп солай қарай беттеген қыз-келіншектердің қарасы көрінді. Құдық басы қораланып қалды. Келгендер қайтуға асыға қоймай, ііріліп тұр.

Майда қыздар жағы астаудан бір-біріне су шашып ойынға араласса, ересектері топталып алып әңгімеге кіріскен. Ауылдан шақырған шешелерінің дауыстары шығып:

— Эй, қайда құрып кеттің-ай, байланып қалдың ба сол құдықтың басына?

— Тунейтін шыгарсың сол жерге. Түне енді біржола.

— Жаңағы шелекті алып құрыды-ау, мына қазанды қотаратын. Енді неге құйдым?..— деген тақылеттес наразылықтар естіле бастағанда ғана селт еткен топ сетінеп, қос шелектің салмағынан бұрала майысқан қыздардың алды үйді-үйлеріне қарай қайқалаңдай жөнелді.

Осы кезде аңызда жайылып жүрген лақтарды бақташы бала ауылға қарай қайырды. Ызы-қиқы маңырап, шандата шұбырып лақтар қораның төріне келгенде Бекен орнынан тұрды. «Айт-айттап» айқайлас жүгіріп жүріп шашырап жайылып кеткен ешкіні әп-сэтте шоқтайғып жинап алды. Ел лақтарын көгендер болды-ау деген кезде малды айдал келді.

Жаз кезінде ауыл балаларын мезі ғып, жуас қашаған ететін беймаза тіршіліктің бірі ешкі күү. Айраны мен қаймағы тәтті болғанымен сауатын ешкілерді ұстап қосақтаудың әбігері аз емес. Бекениң де сүймейтін кәсібі бұл. Бірақ онымен санастып жатқан ешкім жоқ. Келе-ақ үйден бір тостаған шалап ішіп алды да ешкі куалауга шықты.

Қораның төріндегі мал аяғынан көтерілген қалың шаңының ішінде ешкі ұстап, сапырылысып, қаптап жүрген қатын-бала.

Әбенмен екі үйінің қосағы, көгені қатар. Мал саусаға Шәйім мен Зибаш та келіпті.

— Бекен, біз танымаймыз ғой, агаң үйінің ешкілерін көрсетіп жүр, ұстап әкеп қосақтай берейік,— деді Шәйім.

Бекен:

— Эне, ақ қүйрық... сынық мүйіз... — деп Әбениң үйіне сауынға бөлінген ешкілерді көрсетуін көрсеткенмен бұрын бүйтіп мал қайырып үйреніп жүрмеген оларға талай құғынды көріп, әбден әккі бол алған тік бақайлар оцайлықпен ұстаратын емес. Соны байқаған Бекен апыл-ғұпты өз үйінің сауынын қосақтап берген соң көмекке келді. Қолтығы қызып, бауырын жазған аттай құлшынып алған. Шаң жүққан жүзіне шып-шып шыққан тер айғыз-айғыз жол салған. Екі үрты томпиган ет-женділеу қара домалак, дөңгелек жүзіне жарасымды әдемі тәмпіш мұрнының дедидіген қос танауы желп-желп етіп көтеріліп, кішкене қоңырқай көздері жылт-жылт

етеді. Бір қырындағы елеусіз өтіп бара жатып, ұстайтын малының түсына келгенде жалт бұрылып мысықша ыргиды. Әбден жаттыққан кісінің қимылы, қалт баспайды. Анадайдан артынан ілесіп жүрген Зибаш келіп, мұның ұстаған ешкісін жетелеп алғып, қосақ басындағы Шәйімге апарады.

Бекен өзінің бүгінгі қимылына дән риза. Қол-аяғы жеңілдеп кеткен тәрізді. Анда-санда Зибашқа қарап көңілді күйде құлімсіреп қояды. Ол да риза тәрізді. Сырғақсып жер-көкке тоқтамай жүрген қашағандарды жаңағыдай еппен тұра ұмтылып, іліп түскен сайын қуана дауыстап:

— Ой, Бекен, жарайсың, өзін тыптыр еткізбедің, әп бәлем, — деп мәз болады. Оны өстіп қуантқанына Бекен де мәз.

Ақшам жамыраған кез. Сауып болып ағытқан ешкіні әкесі жаңа ғана өріске айдал кеткен. Ауыл ұстін басқан қалың шан, сейіліп төңірек қара торғын тартып, көз байланып келеді. Манағы азан-қазан әбігершілік сап болып, жазғы кештің тып-тыныш, қоңыр жай шағы басталған. Құндізгі аптаптан шаршағандай жым-жырт дел-сал жатқан далада шыр-шыр шақырған шегіртке үнінен басқа селт етер дыбыс жок.

Осы бір апақ-сапақ, қара көленкө сәтте жүрт түнмен таласа қазан көтеруге кірісті. Үй-үйдің жер ошарында көкшулан түтінімен жалынын аспанға атып, жалпылдақ отынның оты жана бастады. Сәлден соң ауылдың түнді түрткілеген әлгі алау-жалау жарығы сөніп, кою қараңғылық біржола түмшалаған сәтте шығыстан жоқ іздеген жолаушыдай сарыла көтеріліп ай көрінді. Ай туысымен үйлердің бір-бір бақанын сүйрелеп балалар ауыл сыртына ағылды. Кешікпей алтыбақан күруға арқан-жіптерін алғып ересектері де жетті. Шәйімдерді мұнда ауылдың бір-екі бойжеткен қызы барып ертіп келді.

Жер үстіне нұрын мол себелеген ай сәулесінің ақшулан жарығы даланы қатықтай үйітып, маужыратып тастаған. Ай астындағы ауыл сонадайдан бүйірі, қыбырсыз күйде қарауытады. Дастантарқанға төге салған бауырсақтай шашылып, қора төрінде ешкілер жатыр. Аспан астындағы осы бір бейжай тыныштықты ауыл сыртына жиналған жастардың айқай-шуығана бөрліктіріп тұр. Ересектері алтыбақан теуіп, ән салса, кішкентайлары бөлініп алып «қара құлақ», «етек-етек лау-лау» тәрізді ойындарға кіріскең.

Шәйім алтыбақан қасында да, Зибаш өзі қатарлы балалардың арасына келген. Жатырқамай тез араласып кетті. Қебіне Бөкеннің қасынан шықпай, бірге ойнап жүр. Жемге алып кетпек болып тұра ұмтылған «қара құлақтан» қорғанып, шыр-шыр етіп Бөкенді паналайды. Қолынан тас қылып ұстап, жабысып айрылмайды. Мұндай кезде Бөкен де көмекке дайын, таянып келген жаумен жан ұшыра айқасқа шығып, шырқөбелек жүрген серігін корғап қалады. Жаудың беті кейін қайтып, қауіптен құтылғанда екеуі бірге үн деп дем алды. Бұл сәтте екеуі де қуанышты. Зибаш ойынға әбден берілген. Бөкенді көптен білетін жандай жақын тұтып бауыр басып алған.

Ойыннан таң алдында бірақ қайтқан Бөкен шаршанын да, жаурағанын да елемей, үйіне қошуақ көңілмен келді. Екі жарма ағаш есіктің іштен салынған ілгегін босағадан қол жүгіртіп, ашып алды. Ішке енген соңғана қарны ашып, ішегі шұрылдан тұрғанын сезді. Қаранғыда қазан-аяқ жақты сипалап жүріп наң қалтаны тапты. Сол кезде оянып кеткен шешесі жастықтан басын көтерді:

— Ту, шырағым-ай, мұздыаяқ болып осы уақытқа дейін не бар сонда, үйқынан қалып. Ана баланы басып кетіп оятып жүрме қаранғыда, жат енді тықырлай бермей, — деді зілсізғана.

Төсекке жатқаннан кейін де бүгінгі ойынның қызыры қоңырлінен көпкө дейін кетпей қойды. Кекіл шашы желпілдеп жүргіріп жүрген Зибаш келді көз алдына.

* * *

Зибаш Эбеннің әйелі мен Шәйімнің «Кендісайды» тұратын, шахтада істейтін ағасының қызы екен. «Кендісайды» «Қауынгенттің» ар жағында аттылы кісіге бір күндік жер. Бұл ауылдан тұра күннің батысында көк мұнарланып «Кендісайдың» таулары көрініп тұрады. Қаратаудың ең бір биігі саналатын «Мың жылқы» осы тұста. Ол кей күндері сағыммен толқып, таяна көшіп қонғандай, қоспақ өркештеніп жақыннан көз тартады.

«Кендісайды» естігені болмаса Бөкеннің көрген жері емес. Енді аз күнде апасының үйіне қыдырып келіп жатқан Зибаш сол таулардың ар жағындағы ауылына қайтады. Оны кеше Зибаштың өзінен естіді.

— Жақында тәтем екеуміз «Қауынгентке» қайтамыз. Сонан соң оку басталғанша ар жағынан көкем келіп алып кетеді, — деді.

Бөкен оған әбден үйренісіп, бауырдай болып кеткесін енді сезді. «Кетемін» дегенде көңілі бір түрлі пәсейіп қалды. Оны әлденеге қимайтын тәрізді. Ол кетсе өзі жалғызысырайтын сияқты. Бірақ бұл сырын ешкімге сездірген жоқ.

— Апаң үйіне келер жазда тағы келесің бе? — деп сұрады.

— Қайдам! Көкем жібере ме, жібермей ме білмеймін ғой, — деді Зибаш.

Олар дәл ертең жүреміз деген күні етікші Досым шалдың солдаттан келген баласы келін түсіріп үлкен той болды. Жұрт таң алажеуімнен тұрып той қамына кірісті.

Досым жан-жақты, ағайын тұмасы көп қолды шал.

Тойдан аянып қалған жок. Төніректі түгел шақырды. Кеше қешкісін ариайы тігілген екі-үш үйге азаншаш-ақ ел ағылып келе бастады. Ауыл адамдары да тайлы-таяғы қалмай осы манда жүр. Тұс қайта елдің бәрі ас-суын ішіп болып, ауыл сыртына қарай беттеді. Енді ат жарысын қызықтамақ.

Әбеннің мейрам-тойдың кезінде жаратып мініп жүретін «Қозықүрен» дейтін аты бар. Қей-кейде ат жарысына да қосып қояды. Атышулы жүйрік болмағанымен қеудедегі аттардың бірі. Мақтаулы қаснеті мініске тоқ, қажырлы мал. Бәкене бойлы, жуантық, қүйрық-жала төгілген, түгі қалың, қоңыр бүйраланып жылт-жылт етіп тұратын, аяндағанда бүкендей, мысықша епті, жиңиңақы қозғалатын, домалақ, күрең атты Әбен сол мықтылығына қарай айтатын болар, көбіне «Тасқүрен» деп отырады.

— «Тасқүренге» қысқа жарыс қол емес. Бір көш жерге қолтығы да жіпсімейді. Азанда жіберіп кешке оралатын шабыс болса сонда көрер едіндер мұны,— дейтін.

Бұл сөзінің жаны болу керек. «Қозықүренмен» шауып көргендер:

— Ойпыр-ой, қанша шапсан да қалпынан танбайды. Шу дегенде аса екпінді, алғыр емес, бірақ шаршапшалдығу дегенді білмейді. Мұндай зорықпайтын жылқыны көргенім жоқ, — десетін.

Анда-санда той-томалаққа Әбен «Қозықуренді» ат жарысқа қоса қалса Бөкенге мінгізетін. Бүгінде азанымен:

— Бөкен, етік ки аяғыңа, жіліншігінді қажатын аларсын, — деп ескертіп кетті.

— Жарайды, аға,— деп бұл құнжыңдал, қуанып қалды. Ойша бүгін жарысқа қатысады-ау деген аттардың шамасын түгендейді. Сырттан келген жүйріктер жоқ сияқты. Құн әлі ыстық, бұл кезде жүртттың әлі ат жараты қоятын кезі емес. Қөрші колхоздардағы сәйігү-

ліктердің әкелінбеу себебі қол: «Олар әлі үсталмаған да болар. Жаппай ат жарату күзгі мейрамдардың қарсаңында қолға алынады гой», — деп көнілі орныға түседі. Бұгін жарысқа қатынасатындардың дені ауылдың шаруа торылары болса керек. Эрі ойлап, бері ойлап Бекениң көніліне үміт үялап, іштей қуанып та қояды. Бірсесе құдік жайлап: «Кім біледі алдағы істі. Бірталай ат бар көрінеді. Ойпыр-ай, абырай болып, бұгін бір озып келсем...», — деп армандаиды. Озып келгендеге қиқулап, анталаған қалың қөптің ішінде Зибаш тұратынын ойлағанда бірсесе қуанып, бірсесе жүрексініп ма-засызданады. Таңертенен қобалжу үстінде жүрген оның:

— Ал, балалар, атқа қонындар, — деген қарияның даусын естігенде жүрегі лүпілдеп қоя берді. Тұла бойы ду етіп ысып, жүзі алабұртып кетті. Атқа қалай мініп алғанын білмейді. Жан-жагына, қаумалаған жүртқа қарауға дәті бармады. Жүрексініп, толқып тұр. Іштей: «Абырай бере гөр», — деп қайта-қайта тілек тілеп, жалбарынуда.

Шоқытып отырған үлкендер тапсырған мәрелі жерге жеткен соң балалардың бәрі аттарын жеделдетіп, сәл аялдал, айыл-тартпаларын тексеріп алды да, «айт шу» деп ауылға қарай жөнеп қалды.

Түйдектеле шапқан он-он бес аттың түяғынан үшқан шаң-топырақ алғашқыда Бекениң қолқасын қауып, көзін аштырмай тастады. Біреулермен сақыр-сұқыр үзенгі қағысып, соқтығысып та қалды. Соңан соң есін жиып, атын жел жақ шетке қарай езулей берді.

Шаңнан сауғалаған соң, жан-жагына көз жіберіп байқаса сонына таман келеді екен. Атына қамшы салған жоқ, тізгінін бос үстап тақымын қысты да отырды. «Қозыкурен» жарым ортаға таянғанша бір шабыспен отырды. Бұл екі арада артта келе жатқан аттардың бірекеүі басып озып алға түсті, алда кетіп бара жатқан-

дардың қайсысы мұнымен қатарласып, бірте-бірте кейінге ысырылды.

Жер ортаға келгенде тізгінің қағып, қүренге екі-үш рет қамшы басты. Осыны күтіп келе жатқандай-ақ, жануар мойнын ішіне ала жиырылып ытқи жөнелді. Осы қарқынмен ә дегенше алдыңғы қеудеге ілігіп-ақ қалды. Онан әрі қинамай еркін өзіне жіберіп, тағы бірқалыпты шабысқа түсірді. Байқайды, «Қозықурен» екпінін жоғалтатын емес, жақсы келеді. Қинап қамшы басса қайта көтерілетін қалпы бар. Бірақ қүшін кейінге сақтап, әзір осымен байқай түрғанды жөн көрді Бекен.

Бұл кезде аттардың көбі жайылып қалған. Қүреннен тер енді білінді. Алда екі-үш-ақ қара, олар да ұзай алатын емес. Кешікпей араларына келіп кірді. Арттағы жеткенде егесіп, қайта суырылып жүре беретін күй байқатпады олар. Мұны сезген Бекеннің іші жылып қоя берді. Әлгі шабыспен тақымдап егесті де отырды. Байқайды, алдағы жалғыз аттың да екпіні онша емес, қарқыны қайта бастаған тәрізді. Тағы біраз өкшелеп отырды да ауыл төбесі көрінгенде «шу» деп қамшыны басып қалды. Қүрең бүкендер қайта ытқи жөнелді. Жел гулей соқты. Бекен осы сәт ақкөбікке түскен қаракердің қасынан ырсырс етіп, ытырынып өте берген қүренге құлағын тігіп елендей қарағанын, шатынап аларып кеткен көзінің шадыр мінез таныта жалт еткенін байқап қалды.

Алдан қикулаған айқай естілді. Ел қол бұлғап, дүрлігіп түр. Қызылды-жасылды киінген қыз-келіншектер бір шетте шоктай болып көрінеді. Бекеннің жүргегі куанып алыш-ұшып кетті. Алдындағы қызыл-жасыл шоғырдан Зибашты іздеді. Ол қолын бұлғап мәз болып түрекен.

* * *

Тойдың соңы кешке ұласты. Сыбағасын жеп, ат жағыс, балуан күресін көріп, кеү-кеулемескен үлкендер та-

рап, кезек енді жастарға тиді. Келіншек отырған алты қанат ақ үйдің іші гу-гуге толы. Ара-тұра күмбірлеген домбыра, сұңқылдаған сырнай үні естіліп қалып, қызды-қызды жаңа басталып келе жатыр.

Сыпайы сызылған қыз-қырқын, жігіт-желен әлі етепе араласып кете қоймай, тартыншақтай тіл қатысада. Бозбалалыққа бой ұрып жүрген ауылдың түбіт мұрт жас өсілрімдері жігіттіктің бір белгісі осы дегендей «Прибойды» жарыса бүркүратады.

Бұлардан басқа бірі әр түрлі мәнәйі себеппен үйленбей жүрген біреулері үйленсе де келіншегін қосқа тастап өзі келіп отырған кексе жігіттер де бар іштерінде. Солардың бірі жас келіннің бетін ашып, үйдің жартысын алып түрған ақ шымылдық түрілді. Оның ішінде күбір-күбір болып, қысылысқан қыздар топтарын жазып елмен араласа отырды. Соңан соң-ақ іркіліп түрған ду-ду тамаша тоғаны ағытылған судай гулей жөнелді.

Үйге сыймаған, ересектердің қақпайлауымен ысырылып кеткен майды балалар жағалай түрулі іргеден ішке шүпір-шүпір қарауда.

Манадан бері «Қозықүренді» сұбытып кешкі салқынмен көп жүріп қайтқан Бөкен атты Эбеннің қолына әкеп беріп, енді ойын болып жатқан жерге жөнелді. Келген бойда сырттағылардың қасына кідірмей бірден ішке көз салды. Босағана таяу біраз балалар отыр екен, солардың ортасына келіп кірді. Бұл кезде тамаша әбден қызган. Бір-бірімен бәсекеге түскендей қыз-жігіттер кезек-кезек іліп әкетіп әуелетіп ән салуда.

Зибаш он жақта, келіншектен жоғарырак, Шәйімнің қасында отыр екен. Кіріп келген бұған күлімсірей қарады. Бүгінгі қызыққа дән риза тәрізді. Көңілді жүзі ала-бұртып бал-бұл жанып, қарақаттай көздері мәлдіреп, күлім қағады.

Бөкеннің де көңілі қошуақ. Бүгінгі қуанышында шек жок, мәз-мейрам. Мына тойдың қызығы ол үшін таусыл-

мастай. Мына тойдың қызығы ол үшін, тіпті өзгеше. Тамаша толастар емес, тұн ортасынан ауып кеткен. Бір кезде Әбеннің әйелі келіп:

— Ертең қайтамыз деп отырсындар, ерте тұруларың керек. Ұйықтап алындар, жүріндер енді үйге,— деп Шәйім мен Зибашты ертіп кетті.

Олар далаға бет алғанда бұл да өзінің есіктен қалай ілесе шыққанын байқамай қалды. Мұны көрген Шәйім:

— Ал, Бекен, біз ертең ерте кетеміз, енді жолықпаспаз, сау болып тұр. Бізді ұмытпа,— деді еркелете қолын қысып.

Бекенге сүттей жарық ай сәулесінің астында, екі апасының ортасында үнсіз тұрған Зибаш та жаңағы сөзді іштей қайталап, сыйырлағандай көрінді. Әрине бұл өз көңілі еді. Әйтпесе Зибаш еш нәрсе айтқан жоқ. Тек жүре бергенде артына бұрылып, жәудірей қарап:

— Сау болып тұр,— деді.

Мұнан кейін Бекен үйге кіргенімен той қызығына онша еліге қоймады. Жаңа ғана тамашасына тоймай отырған ду-дуға енді бір түрлі көңілі соқпай қалыпты. Еш нәрсеге зауқы жоқ, кеткісі келді.

Үйінің қасына келіп Әбендікі жаққа көз жіберіп еді, тұрулі іргеден кереге сыртына тұтылған ши арасынан іште жанған білте шамның жарығы сыздықтады. Шам сәулесін көлегейлеп әрлі-берлі жүрген біреулердің аяғының көлеңкесі қараңдайды. Жатуға қамданған қарбалас тәрізді.

Белдеуге сүйеніп сол жарық пен көлеңкеден көз алмай бұл селсоқ тұрып қалды. Сәлден соң шам сәулесі лып етіп сөніп, алдындағы үй көлеңке үялап, қарауытып көрінді. Мұның да көңілі қарауытып кеткендей.

Бұл келіп үйге сүйенгенде іргеге ешкі сүйкеніп жүр мә деп оянған шешесі далада тұрған біреудің дыбысын сезіп:

— Бұл кім-ей! — деп есіктен басын шығарып қарады.

Екі иғы түсіп, басы салбырап, белдеуге сүйенгөн ба-
ласын көріп:

— Ой, әкем, неғып тұрысың? Біреу тиді ме? Кім тиді,
кім? — деп айналып-толғанып қасына келді.

— Ешкім тиғен жок. Жай.

— Е, онда жеті тұнде мына тұрысың не? Жүр, жат
енді. Жетер енді осы ойының.— Баласының басынан си-
пап ішке қарай жетеледі.

Бекен азанда үйқыдан оянғанда Әбен үйінің қонақ-
тары жүргелі жатыр екен. Алдымен оның дабыр-дұбыр
еткен дауысын естіді. Сонаң соң үйдің өзі жатқан көлең-
ке жактағы киізі түрүлі іргесінен сыртқа қарап еді, есік
алдында тұрған Шәйім мен Зибашты көрді. Әбен әйелі
кара есектің үстіне қоржын-қолацын салып, мойнына бір
лақты ешкіні қосақтап байлад, бұларды жөнелтудің қа-
мын жасап жүр. Енді бір сәтте қара есекпен қосақтаулы
ешкіні алдына сал айдалап, ауыл алдыңдағы үлкен жолға
қарай бұрылды. Екі сіңлісі екі жағында. Ел қарасынан
едәуір ұзатып шығарған соң, Шәйім мен Зибашты кезек-
кезек құшақтап, қоштасып, жолға салды да өзі кейін
қайтты.

Бекен түрегеліп, далаға шығып, үйдің көлеңкесіне
келді. Кең жазықта жатқан үлкен жолдың үстіндегі мал
айдаған екі қыздың соңынан көз алмайды. Қара жолдың
бойындағылар бұлдырап бірте-бірте қара нокатқа
айналды. Бір көрініп, бір көрінбей көз талдырды. Сәл-
ден соң әлгі қара нокаттар аспан астын аптал, бұлықты-
рып келе жатқан сәскенің ыстығынан еріп, ауаға сініп
кеткендей ұшты-күйлі ғайып болды. Бекен сонсоң да
ұшы-қырысыз көк жиегінде сынаптай толқып сағым
ойнаған мына сары далаға құлази қарап көп тұрды.

* * *

Қазір де Бекен анда-санда өзі тұратын үлкен қала-
дан аулына бара қалса сыртқа шығып, күннің батысын-

да көсіліп жатқан кен далаға, сол далада тал-теректері шоғыр-шоғыр қарауытып көрінетін «Қауынгент» ауылана, онан әрі алыстан мұнартатын «Қендісай» тауларына, сол жақтан, әлдекімді іздегендей, әлдекімді күткендей бір түрлі сағынышпен үзак қарайтын әдеті бар.



Жетіге туралап қойған қоныраулы сағат шар ете түскенде осыдан біраз бұрын оянып алғып, тұрып кетуге еріншек тартып, бейжай күйде үйқылы-ояу жатқан Құміс басын көтерді. Таң сәулесінен алажеуім тартқан терезе жаққа, әлі қара көлеңке үй ішіне бір көз жүгіртіп өтті де, жанында женіл пысылдап, тыриып жатқан баласына қарай аунап түсті. Қанатбектің түнде үйықтағанда тепкіленіп үстіне жамылғы түргызбайтын әдеті. Тағы ашық қалыпты. Екеуара жамылған қызыл масаты көрпенің ол жақ шеті ысырылып аяқ жақта жатыр. «Осының әдеті-ай»,— деп Құміс қайтадан қымтаулай денесі тоңазып қалған ұлын бауырына қарай икемдеді. Тікірейген кекілінен сипап мандайынан иіскеді. Жылы алақанымен ашық қалып жаураған аяқ-қолын сипалап жылыта бастады.

Қанатбек тыриған арық қара. «Құдайым-ау, бұған қашан ет бітеді, онға келді ғой. Әлі ырсың-ырсың. Сүйегі терісінен шығып тұрганы. Елдің мұндай балалары балпанактай. Шөп жейме қайтеді... Экең сняқты шыр бітпеген бейбақ боласың ба қайдам. Бойында қырым ет жоқ, мойның қылқыып тұра өзіне үқсан келесің-ау, айтса-айтпаса да. Мейлі денің сау болсын. Ол да бір үйге бас не, саған әкелікке жарап жүр ғой»,— дейді Құміс Қанатбектің тыржындаған қабыргаларын сипалап, айналып-толғана.

Үй іші бозаң тарта бастады. Қеріле бір есінеп алды да Құміс орнынан тұрды. Құндегі әдетімен алдымен ас үйге өтіп, шай қойды. Соңан соң терезеден сыртқа көз жіберді. Дала көңілсіз екен. Қек жүзі көрінбейді. Аспан асты қоймалжың қоңыр сұрғылт түстегі тұтасып ыбылжып тұр. Ауда дымқыл бүркеу әрі ептең ызырық бар тәрізді. Жер беті ылғалға мол шыланып, ылжырап жатыр. Бұта бастарын не қырау емес, не шық емес, бозамық тұтып сұық тамшылар мөлт-мөлт етеді.

Құннің мына сұрқынан денесі тоңазығандай болды. Құп-құрғақ жылы үйде тұрып даладағы сыз ісін сезіне бүгежектеді. Қараптан-қарап бойы тітіркеніп, құрыса жиырылып, «ищай» деп қалды.

Табиғаты сұлу тау баурайындағы айтулы қаланың ауа райының күз, қыс айларында осындағы ыбылсыс, тұтін мен тұман аралас буалдыр, еңсе басар ауыр шақтары кісі көңілін құлазытып-ақ тастанды.

«Тұнде ғана әуе шайдай ашық, маужырап тұр еді. Табан астында бұзылыпты-ау тағы да. Мәлім жоқ-ау мұның құніне»,— деп терезеден теріс айналды. Жуынып шайынып шайды демдеген соң, баласын тербелеп оятуға кірісті.

— Қанатжан, тұра ғой. Бол, кешігеміз енді. Сабағыңша қаласың, мені де жұмыстан кешіктірдің. Тұршы енді. Эне қарашы, сағат сегізге таянып қалды.

Сегізді айтқанда Қанатбек көзін ашты. Сегіз онан әрі шегінуге болмайтын шекара екенін жақсы біледі ол да.

— Қане,— деп шешесінің білегіне жармасты. Сағат тілі жеті жарымды көрсетіп тұр еді. Құміс мән-жайды түсіндіре бастады.

— Тұра ғой, қалқам, күн сұық, жер лай, автобуста да бүгін кісі қырғын шығар. Құндегіден ерте шықпасақ кешігерміз.

Қанатбек қаланың ортасындағы мектепке қатынап оқиды. Бұлардың тұрган жері ең шеткі микроаудандар-

дың бірі. Дихан ауылда болған кезде, ұлын мектепке үнемі өзі ертіп баратын. Ол жоқта Құміс жетелейді. Міне тағы да күйеуі командировкаға кеткелі жұмысына бұрыс болса да, Құміс ылажызы автобусқа Қанатбекпен бірге мініп жүр. Өзін қоя беруге дәті шыдамайды. Автобуста кісі көп. Қысып, не біреулер басып тастай ма деп қауіптенеді. Бастауыш класқа баратын бала түгілі жардай-жардай әйелдердің өзі өкпесін қолына ұстап, екі нығынан дем алып аһлап-ұхілеп әрен түседі. Бала қайтыны ондайда.

Автобус күтіп, шатыр көтеріп, сулыққа оранып тұрған кісілердің қарасыны едәуір болғанымен бұлар мінетін тұс ең соңғы аялдама еді. Шиық етіп келіп токтай қалған бос автобусқа жұрт үйреншікті әдеттерімен жапа-тармағай лап қойды. Алдыңғы есікті көзден баласын жетелеп ертерек-ақ ұмтылған Құміс ішке енгенше орындардың бәріне жұрт иеленіп үлгерген екен. Алдыңғы жақтан көзіне шалынған бір бос орынға кимелей жетіп Қанатбекті отырғызды-ау, әйтеуір. Өзі алынып тасталған кассаның орнындағы қуысқа тұрып алып, шаруасы түгел кісішіне көнілі орнықты.

Адамдардың бәрі мініп бола бергенде соңын ала ілгері есіктен бетіне дәке тұтқан үлкен қара шелек көтеріп бір кемпір енді де, мұләйім жанарын тәнірегіне жагалай жүгіртіп орын іздей бастады. Маңайындағылардың кәріжасы бар ешқайсысы тырп етіп қозғала қоймады. Олардың сыңайын таныған кемпір алдыңғы жаққа көз салып, Қанатбекті көрді де солай қарай жылжып жөнелді. Дәл соны күтіп тұрғандай ол да ұшып түрегеліп, орнын босата берді. Құміс: «Әй, отыр, қозғалма»,— деп айтып үлтіре алмай қалды.

— Ей, елпектеген сорлы-ай, бері кел енді, ана есіктің алдынан қысылып қаласың,— деп қалқып түрегеліп тұрған баласын қасына шақырды амалсыз.

Келесі аялдамалардан жамырай үмтүлүп бірінің үс-
тіне бірі мінген жұрт автобусты үн салған қаптай ты-
ғыздай бастады.

Алғашқыда күйсқа екеуі емін-еркін сыйып түр еді, ен-
ді кісі қөбейген сайын жан-жақтан итермелеп қабыргаға
қарай қапсырып әкетіп барады. «Қысылып қалады-
ау»,— деп ұлын қорғаштап біресе мына бүйіріне, біресе
ана бүйіріне салмақ салып, тас табандап тіресе-тіресе
Күмістің қол-аяғы қарысып, белі талды.

— Эй, бейшара бала-ай, отырған орныңнан су
шыққандай шошандап кісіні азапқа салдың-ау,— дейді
кейіп.

Осы әбігер күймен мәрелі жерге жеткенде сүйек-сүйе-
гі салдырап қара терге малынып түсті автобустан.

Кешінде үйіне келген соң, баласына ескерту жасады:

— Шырағым, автобуста кісі сыймай түрғанда сен
отырған орныңды біреуге неге бересін? Мұнан былай он-
дай әдетінді қой.

— Мама, кейде үлкен кісілер «орныңды бер» деп сұ-
райды, сонда мен не істеуім керек.

— Тұрма, мен қысылып қаламын де. Олардың еш
нәрсесі кетпейді, шыдайды. Ал сен ше, кімнің итергенін
көтергендей қауқарың бар.

— Папам екеуміз түрегел те барып жүрміз фой.

— Осы соның үйреткені фой. «Бос жерге отырып ал,
автобуста адам көп, ешкімге орныңнан түрмай-ақ қой»,—
деп айтпайтын да шығар. Еллілдеп, бет моншағы үзіліп
түрған сорлы ол да бір. Әкене салсаң сен де тап өзі си-
яқты байғұс болып шығарсың.

Қанатбек қолындағы тамақ ішіп отырған қасығын тә-
релкеге салдыр еткізіп тастай салды.

— Не сен, байғұс, байғұс... Папам байғұс емес,— де-
ді булыға.

— Ей, мынау қайтеді-ей,— деп Күміс басын көтеріп
баласына бұрылды. Әжептәуір кісі болып, бетіне ашу

жиып, тұтігіп алыпты. Бұған ұнатлаған жанаармен шытынай қарайды.

— Ойбай-ау, осындай бір дүрс етпе міnezі бар түріне қарамай, бұған не жоқ екен,— деді сонаң соң баласының өзіне көрсетіп отырған мына қырына құлгерін де, ашууланарын да білмей.

Ұлының ызаланып тырс-тырс етіп отырған түрін көріп, әкесіне араша түсіп, шыж-быж болғанына құлкісі келді. Сонаң соң тұртпектеп, сөзге тартты:

— Иә, әкең кім сонда?

— Папа мой хороший,— деді Қанатбек тап бір үлкен жаладан ақтап алып қалғысы келгендей шын пейілмен.

Күміс теріс қарап мырс етті.

— Эй, қайдам соны,— деді Қанатбекті әдейі шабақтай түскісі келіп.— Эйтеуір әкең болған соң айтып отырың да, кім әкесін жаман дейді.

— Нет он хороший,— деді басын екілене шұлғи. Онан әрі не дерін білмегендай ойланып отырып қалды. Өзінде әкесінің жақсылығын жайып салып, айтып бере алмай қиналған сыңай бар.

— Неменесі хороший. Соның бір жақсылығын көргенім жоқ әлі күнге,— деді ұлының мына күйін сезген Күміс қайтер екен, не айттар екен деген оймен.

Қанатбек сол ойланған қалпында қабағын шытып қозғалақташ әрлі-берлі отырды да бір кезде кесімді түрде:

— Я, папин сын,— деп орнынан шұғыл тұрып, төргі бөлмеге қарай жүре берді. Бұл енді «мейлі, не айтсанда мен әкем жағындамын» деген шешімін сездіргені.

Күміс кісімсіп, салмақтана басып бара жатқан ұлының соңынан қарап отырып, ол әрі енген соң «өзінің қуын қара, жол тауып кеткенін»,— деп мәз болып, ішек-сілесі қата құлді.

* * *

Дихан мен Құміс институтқа қатар түсіп, бес жыл бір курста оқыды. Екеуі де архитектуралық факультетте еді. Төртінші курсқа келгенше кездескенде сәлемдесіп журетін жай таныстық болмаса екеуінің бір-біріне деген бөлек көніл, не сырлас-сыйластық ишарасын сездірген кезі жок еді.

Құміс еркелеу, еркін өскенін байқатып студенттер арасында да ешкімді тосырқамай ашық-жарқын жүретін. Ал Дихан қақ-соқпен жұмысы жок, өзімен-өзі, бұйығы сыпай.

Екеуінің бір-бірі жөнінде білетіні осы ғана. Оナン әрі осы өзі кім екен деп үңіліп, зер салып, көніл тоқтатқан емес.

Рас, курстағы қыздар Диханды макттайтын. Оны талай естіген. «Биязы, жаны таза, мәдениетті жігіт», — дейтін. Біразының көнілі болды мұнда. Бірақ соны аңғармады ма, әлде өз көнілінің қалауына үйлеспеді ме Диханның солардың ешқайсысымен жұптасып жүргенін көрген емес.

Дихан оңтүстіктің жігіті еді. Құмістің үйі батыстағы облыс орталығында тұратын. Бұлар төртінші курстың қыскы сессиясын тапсырып демалысқа шыққанда, өздерімен оқитын бір бала үйленді де студенттер бірден ауылға тартып кете алмай, екі үш күн соның той-томалак дәрекуімен қалада жүріп қалды.

Диханның ертерек билет алып қою да есінде болмапты. Той өткен соң, ертесіне күн шықпай вокзалға келді. Баратын бағыттары, мінетін поездары бір болған соң, Құміс екеуі билетті бірге алмақ болып келіскең. Қешікпей ол да жетті. Екеуі екі кассаға кезекке тұрды. Бірақ касса ашылғанда 7-поезға бүгінге билет жок деп хабарлады. Ертенге алғылары келмеді. Өзі аз демалыстың тагы екі күнін мұнда қалай өткізсін. Неде болса поезд

келгенше күтуге бел байлады. Мұмкін, қалған, сақтап отырған билеттері бар шығар, кейінірек сатар, әлде қолдан табылып қалар, болмаса проводниктермен келісерміз деген әр түрлі үміт бар көңілдерінде.

— Енді несіне мұнда қақып тұра береміз, келіп кетіп байқап жүрерміз. Әзір еш нәрсе бола қоймас. Бір жерден тамақтанайық,— деген Дихан Құмісті: «Рақмет, тамақ ішкім келіп тұрған жоқ, өзің барып келе бер»,— деп тартыншақтағанына қоймай ертіп алды. Екеуі сыртқа шығып вокзалдың жанындағы кафеге келді.

— Дихан, рас айтам түкке тәбетім жоқ. Суық тигізіп алған тәріздімін, ауырып тұрмын, маған бір-екі стакан шайдан басқа еш нәрсеге әуре болма,— деді Құміс ішке кірген соң тағы да.

Дихан мұны сыпайылыққа жорып, әрі алдына құршай қоюға ыңғайсызданып, өзімен бірге бірінші, екіншіні оған да алды.

— Ой, бекерге обал жасадың ғой,— деді қыз.

— Жарайды тауыспасақ қалар. Құн суық, аздап болса да ас ішіп бойынды жылыт. Қешке дейін енді вокзалда сенделеміз. Нәр татпай қалай жүресің,— деді бұл.

Құмістің шынында асқа зауқы жоқ. Ұялғанынан өзін-өзі қыстал әрқайсысынан бір шымшып ауыз тиген болды. Стакандагы шайды тауысып ішті де, сәл жіпсіген мандағын алақанымен сипап: — Бір түрлі қажып шаршап тұрғаным, басым да түсіп барады,— деді.

— Онда сен күтушілер залына барып, жайласып отырып ал. Кезекке тұрып әуре болмай-ақ қой. Мен жүрмін ғой, сатылып жатса көрермін. Поезд келгенше алаңдамай жылы жерде демала бер.

Оның бұл ұсынысына Құміс қарсылық етпеді. Залдың орта кезіндегі бос орындардың біріне жайғасып: — Ал енді өзіңе сендім, менен қайыр жоқ,— деді қинала күлімсіреп. Дихан жаңа байқады, ерні кезеріп, түсі боза-рып, жүдеп отыр екен.

Касса жақты торуылдаумен ертеңгі күнді кеш қылды. Бір-екі рет күтушілер залындағы Құміске келіп еді, ол кішкене қол сандығын қасына алып оның үстіне Диҳан-нын портфелін қойып, соған маңдайын сүйеп үйіктаған кісідей-ақ көзін тарс жұмып алыпты. Сонан соң мазала-майын, демала берсін деп қайтып бармаған.

Әлгінде біреу келіп Жамбылға дейінгі екі билетін өткіземін дегенде Диҳан елден бұрын ұмтылып, алып алды.

«Поездың үстіне шыққан соң, ар жағының ақшасын келісіп төлей жатармыз. Ең керегі осы жерден орын болып, мініп кету ғой»,— деп ойлаған.

Хабарын айтайын деп Құміске келсе ол да басын көтеріп отыр екен.

— Ойырмай, жақсы болды-ау. Құні бойы отырғанымызға қарай табыла қалғанын айтсайшы,— деп жатыр.

— Иә, халің қалай? Бас тәуір болды ма?

— Халдің өзін қайдам. Ауырып қалмасам болар еді. Мына поезға мініп, орын алып жатсам екен. Сонан соңғысын тәуекел, көрерміз.

Ак құба жүзі күренітіп алаулап түр екен. «Ыстығы бар-ау»,— деп ойлады Диҳан.

Кешікпей поезға отыру басталды. Құміс күні бойы әрекән шыдап келген екен, ішке енген бетте төсек сұрап алды да құлады.

— Шай, ыстық тамақ бірденелер ішпейсің бе? — деп еді. Басын шайқап керегі жоқ деген ишарат жасады.

Жолға ала шыққан газет-журнал аударыстырып, біраз отырды да кешкі ас мезгілі келген соң, ресторанға барып, тамақтанып қайтпақ болды. Құміске айтайын деп қарайлап еді, ол іргеге қарап жатқан қалпынан қозғалмады. «Ұйықтаң кеткен шығар, оятпай-ақ қояйын»,— деп ойлады.

Ол қайтып келгенде Күміс ыстығы көтеріліп, аласұрып жатыр екен. Ашаң жүзі бірсек сұрланып, бірсек күрецітеді. Көз жанары кілегейленіп, екі танауы қусырылып, ерні кезеріп кетіпті.

Жүгіріп барып проводниктен ыстық шай алғып келді:

— Күміс, мына шайдан ішші. Өзінді зорласаңда ұртта. Суық тиген ғой, ыстық ішу керек,— деп жік-жаппар болды. Ішпеуіне қоймады. Бір стақанды зорлап отырып тауысқызы.

— Енді іше алмаймын, қинамашы,— деп жігіт екінші стақанды ұсынғанда жалынышты жанармен жәудірей қарады.

— Жарайды, қоя тұрайын. Бірақ ыстықты аздап болса да мезгіл-мезгіл іше берген жән.

— Ойпырмай, шыдамай барамын, денем бір ысып, бір суып, кеудемді әлдене қысып әкетіп барады,— деп қыз мазасыз дөңбекшіді.

Диханиң шын жаны ашыды.

Қап-қара қолаң шашы жастыққа төгіле жайылып, қағаздай аппақ кең мандайында әжім толқыны жүгіріп, қияқтай қастары жан ұшырған қарлығаштың қанатындаі бір жазылып, бір түйіліп, дамыл таппай аласұра аунақшып жатқан мына жаның қүйзеле ыңырсығаны айдалада жалғыз қалған жетім қозының маңырағанындаі аянышты естіледі. Оның жүзі сыйып жүдеу тартқан ажарына жаны ауыра қарады.

Тұн ортасы ауып қалған. Проводникке жолығып сұрап еді, поезд тұнде тоқтатын үлкен станциялардың біріне таяныпты.

— Қазір жетеміз,— деді.

Вагонның есігі ашылысымен тоқтауын күтпей-ақ жерге секіріп түсті. Тұнгі тыныш перронда некен-саяқ жүрген біреулерден медпункттің қайда екенін сұрап алды да солай қарай тұра жүгірді. Медпункт станцияның шығыс шетіндегі базар алаңына таяу орналасқан екен

тез-ақ тауып алды. Қезекшілікте отырған келіншекке мән-жайды айтып жедел жәрдем көрсетуін өтінді. Ол да сөзге келмей дәрі-дәрмек салған қобдишасын алып, апыл-ғұпыл мұның соңынан ілесті.

Дәрігер суық тиген болуы керек, ыстығы өте жоғары деп тапты. Станцияға түсіріп алып қалып «жедел жәрдем машинасын» шақыртып, ауруханаға жібермек болып еді, Құміс оған көнбеді.

— Не онда жоқ, не мұнда жоқ қалай қаламын. Ауруханаға жату керек болса ауылға барып жатамын. Енди қалған бір күнге шыдаймын, түспеймін поездан,— деп кесіп айтты.

Әрі түсіндіріп, бері түсіндіріп еш нәрсе шығара алмаған соң, дәрігер ыстық түсіретін уколоны салып, мезгілінде ішіп тұрсын деп біраз дәрілер қалдырыды.

— Сіз серігісіз бе,— деді кетерінде Диханға бұрылышп;— Оның сөзінің байыбына мән бермеген бұл:

— Иә,— деп қалғанын өзі де кейін аңғарды.

Келіншек асығыс бастырмалатып тапсырмаларын бере бастады.

— Казір уколдан кейін, мүмкін ыстығы түсер, соナン соң қайта көтеріліп кетуі кәдік. Жаңағы дәрілерді қадағалап ішкізіңіз. Науқас тағы да мазасыздана бастаса жолдағы станциялардағы медпункттерге хабарласып, тағы да укол салдырып дәрігерге көрсетіп отырыныз. Егер күйі жақсы болмай, тәмендей берсе жолдағы үлкен қалалардың біріне түсіп ауруханаға жатқызыңыз. Женіл қарамаңыздар. Аурудың асқынып кетуі оңай. Арты өкінішке үрындырып жүрмесін.

Поезд жылжи бастағанда соңғы сөзін купенің есігінен шығып бара жатып айтты:

— Мезгіл-мезгіл ыстық шай, не қайнаған су беріп отырыңыз. Сүйыкты көп ішкені ләзім.

Кұміс түнімен көз ілмей сол аласұрумен шықты. Дихан да үйықтай алмады. «Ішпеймін әуре болмасай-

шы», — дегеніне қарамай қайта-қайта қайнаған су әке-ліп дәрі берді. Таң алдында келесі станциядан тағы да дәрігер шақыртты, укол салдырып, дәрі ішкізген, соナン кейін науқас сөл тыншиын деген. Бұл төсегіне қисайып еді, үйықтап кетті. Оянса күн сәскеге таяп қалыпты. Күміс те дамылдал жатқан тәрізді. Мұның оянып түре-геп жүргенін сезген жоқ. Бұлардың түнімен үйықтама-ғанын көрген жаңындағы көршілері, мазасын алмайық дегендей, тұрысымен киініп далаға шығып кеткен болу керек, купеде көрінбейді.

Терезеден сыртқа көз жіберген. Байқаса ауылының тұсына таянып қалыпты. Есік алдында тұрган біреулерден уақыт сұрап еді, түсетін станциясына енді жарым сағатта келеді екен. Не істерін білмей Күміске қарады. Ол үйықтап жатыр. Эбден қажып, шаршап барып көзі ілінген болуы керек еш нәрсені сезетін, оянатын емес. Оған айтпай қоштаспай үн-тұн жоқ түсіп қалудың есе-бін таба алмады. Оятуға тағы қимады. Екі ұдай күйде әлі отыр.

Мынандай жағдайда жалғыз тастап кетуге дәті ба-ратын емес. «Арты қайтеді? Осы бетінше тәуір болып кет-се жақсы, ал қайтадан күйі төмендей бастаса не бол-мақ», — деген ой әурелеп отыр.

«Кой тастамайын, ұят болар. Ауылына жеткізіп са-лайын. Соナン соң бері қарай жүрген поездың біріне мі-нип қайтармын», — деген шешімге келді ақыры.

«Оу, қайтарға билетті қайтемін, қалтамда еш нәрсе жоқ қой, танымайтын жүрттан қарыз сұраймын ба?» — деген ой келгенде тағы да тығырыққа тіреліп қалды. Бірақ ойланана келе көңілін орнықтырды.

«Күміске жағдайды айтармын түсінеді гой».

Поезд станцияға тоқтағанда бұл перронға түспей сыртқа терезеден қарап қана тұрды. Таныс біреулер кездесіп қайда кетіп бара жатқанын сұрап деп тайсақ-тады.

Состав сілкініп алып қозғала бергенде, перроннан оның көзіне таныс біреудің бейнесі шалынғандай. Сол тұсқа қайта жалт қарап еді.

«Қап, ертерек байқамағаным-ай, жолығып қалатып едім»,— деп өкінді. Жүгіріп келіп вагонның есігінен қол бұлғап еді, вокзалдың алдындағы басқышта тұрган, жасымен салыстырғанда, тіпті балаң көрінетін түріне қарап он жеті емес он төртте дерлік талдырмаш, қылдырықтай, қызыл пальтолы, тәмпіш мұрын қыз мұны көрмеді. Қетіп бара жатқан поезда, біресе перрондағы абыр-сабыр жүргендерге жалтақ-жалтақ қарап тұр екен. Ә дегенше доңғалақтың тарсылы жиілеп, кішкене қыз көзден тасалана берді.

Бұл купеге қайтып келгенде Құміс оянып дәрі ішіп отыр екен. Бұған антарыла қарады.

— Халің қалай жақсы ма? Ұйықтай алдың ба?

— Жаман емес, кешегіден көп тәуірмін. Соғылып қалыппын, түк әлім жоқ. Басым зеніп айналып отыр.

— Тұмаудың ондай болады. Қазақтар келте тұмау, ұрма тұмау деп жатады мұндайды. Бір күн соғып өтсе де кісіні әлсіретіп тастайды.

Мұның сөзін қоштап:

— Иә, оның рас,— деді Құміс те. Сонан соң есіне бір нәрсе түскендей бұған жалт қарады:

— Оу, ауылыңнан өтіп кеттің ғой, неге түспедің?

Жігіт айтар жауабын іздегендей үнсіз ғана оның жүзіне ойланған қарады. Қыз түсінгендей:

— Мені неге оятпадың? — деді. Мына жігіттің алдында өзін кінәлі санап қысылғаны ма, көңіліне риза болып қуанғаны ма жүдеу тартып бозарған жүзінде болар-болмас қызыл сәулө жүгіріп өтті.

— Оқасы жоқ, бір күннің әрісі не, берісі не, сені жеткізіп салып осылай қарай жүрген поездардың біріне ілінермін.

— О! Онда біздің ауылды көретін болдын. Бұрын барған шығарсың? — деді қыз көңілденгендей жастықтан басын көтеріп.

— Жана перронда қарындасымды көрдім.

— Жолықтың ба? Қайда бара жатқанынды сұрады ма?

— Жоқ. Поезд қозғалып кеткен соң ғана байқадым.

— Сені күтіп жүрген ғой.

— Солай шығар. Мен кеше шығатынымды хабарлағаным жоқ еді. Бірақ демалыстың қашан басталатынын біледі. Біздің ауыл станцияға қашық емес. Қүнде келіп күтіп жүрген болу керек.

— Қап, мені оятпаған екенсін, қарындасынды көретін едім, өзіңе тартқан болар,— деді Күміс әлсіз ғана езу тартып.

— Мені көр де, оны көр,— деп бұл да күлді.

— Солай ма?

Бұлар поездан түскен соң Дихан Құмістің үйіне бармай-ақ қойғысы келіп еді, қыз көнбеді.

— Келіп тұрып үйге соқпай кеткенің қай қазакшылық? Мұның қалай? — деп өкпе артты.— Қерек десең әзір поезд жоқ қайтатын. Вокзалда отырмақпышын сонда,— деп уәж айтты. Амалы таусылған бұл:

— Ыңғайсыз болмас па екен,— деп күмілжіді.

Бір тәуір жері әкесі ауданға командировкаға кетілті. Шешесі ашық-жарқын қонақжай кісі екен. «Бұл кім» деген жоқ күрақ ұшып қарсы алды.

Қызынан жігіттің мұнда келу себебін естіген соң, тіпті бәйек бол:

— Дұрыс қой, шырақтарым, сыртта жүргенде бірбіріңе қара бол, жан ашыр бол жүргендөрің жақсы ғой,— дегенді қайта-қайта айтты.

Дихан мұнда бір түнеп, ертесіне поезға Күміс шешесімен екеуі шығарып салды.

— Жібектей бала екен,— деді шешесі ол кеткен соң.

Сонан бұл қайтқанша шешесі сыр тартқысы келген, дей қызын әңгімеге шақырып, қайта-қайта Диханды аузына алып, айтып жүрді.

Жолға жиналған түні басқалары жатып қалған соң, екеуі оны-мұны әңгемелесіп ұзақ отырды.

Шешесі көптен бері түспалдаپ жүрген әңгімесінің шет жағасын шығарды:

— Қалқам, оқуың да бітуге таянды. Құда қаласа бір жыл қалды. «Бөтөн ойы болса өзі сездірер менен несіне жасқанады», — деп еш нәрсе сұрамаймын. Өзің ештеңе айтпайсың. Не ойың бар? Осы елдің оқудағы қыздары ойға-қырға кетіп жатыр. Біреулері адам сияқты атап-аналарының алдынан өтіп, рұқсатын алыш, жөнімен аттануда, біреулерінің сайда саны, құмда ізі жоқ, сұрау салдырып жүр. Бізге айтпай, білдірмей жерге қаратып, әлдекіммен ілесіп, дөйт деп жөнеп кетіп жүрме. Ондай ойың болса алдын ала аңғарт, бізде көрейік, ақылда-сайық. Бұйрықты іске дауа жоқ. Бізге бала болғаның мен жасың келді, соңсоң айтып отырғаным фой,— деп бір тоқтады.

Сөз арасында:

— Кешегі баланың болмысы түзу жан екен,— деп қойды тағы да.

Қызы шешесінің Дихан жайлары әңгімесіне алғашқыда онша мән бере қойған жоқ-ты. Алайда енді аңғарса, неге екені белгісіз соңғы күндері өзі де ол туралы жиі-жіңі есіне алатын болған сияқты. Осы сәт көңілінде бір тосын ой үшқыны жылт еткенін сезінді. Сол үшқынның лебі шарлығандай екі беті лып етіп қызылт тартты.

Оның бұл толқынысын шешенің көреген көңілі де аңғарып қалды.

Келген күннің ертеңіне институтта жолыққанда Құміс Диханға жақын жандай өзімсіне сәлемдескен. Лекцияда екеуі қатар отырды. Тарап кезде Құміс дәптерден жыртылған бір парақ қағазды мұның алдына сырғыта

салып еді, жігіт онан: «Тюз-да «Амфибия адамы» деген фильм жүре бастапты сен көрген жоқсың ба?» — деген жолдарды оқыды. Соナン соң автоқаламын алып жаңағы жолдардың астына: «Жоқ. Элі көргенім жоқ. Бірге барсақ қайтеді, бұғін?» — деп жазды. Кыз ойымдағымды таптың дегендей бұған күлімсіреп, еркелей қарап басын изеді.

Кино екеуіне де үнады. Билетті кешкі сеансқа алған, бұлар тоғытылған қойдай топырлаған көптің толқынымен сыртқа шыға келгенде алдарынан жарқырап ал көрінді. Аспан шайдай ашық, төнірек маужырап тұр екен. Гу-гу машина даусы да азайып, қаланың көшелері шаңын сұрткен суреттей тазарып, ажарланып қалыпты.

— Ой, қала қандай жақсы бұғін,— деді қызы қолтықтаса беріп.

Ай астында қар басқаң аппақ шындары, төскейіндегі қара бұйраланып тұтасқан ормандары анық көрініп, ағы ақ, қарасы қара мөлдіреп тұнгі сағыммен зорайып таяна түсken Алатауды бетке алып, жатақханаға қарай жаяу тартты екеуі.

Кинодан алған әсерлерін кезек-кезек әңгімелесіп, асықпай аяңдал бұлар жеткенде кезекші кемпір есікті іштен ілгелі жатыр екен.

— Несібелерің бар екен, дер кезінде үлгердіңдер,— деп күлді ол.

Ішке енген соң, қоштасып жатып, екеуі мұнан былай қала театрларында өтетін фильмдерді бірге барып көріп тұруға уәделесті.

* * *

Окуды бітірген соң, екеуі де осы қалада қалуды жөн көрді. Күміс жобалау институттарының біріне жолдама алды да, Дихан құрылыш минстрлігіне орналасты. Окуды жақсы оқып, курсаты тәуір студент саналып жүрген оның кафедрада да қалуға ыңғайы бар еді, бірақ жаңа-

дан шаңырақ көтерген жас отау нелеріне қазіргі кезек күттірмейтін ең зәру нәрсе баспана болатын. Соナン соң өзі тұрғын үй салатын үлкен мекемені сағалағанды дұрыс деп тапты.

Тұңғыш қыздары қаланың шетіндегі колхозда өздері үй алғанша екі-үш жылдай тұрған бір татар кемпірдің жалға ұстайтын үйшігінде дүниеге келді. Бала жарым жастан асқанша Құміс үйде отырды да, соナン соң шешесі келіп:

— Бастарында баспаналарың да жоқ, жүрген тұрлерең мынау, бұл баланы қайтіп асырайсындар? Тамаққа қарады, дені сау болса ештеңе етпес бізге жіберіндер, сендер алаңсыз қызметтеріне барындар,— деп ауылына алып кетті. Соナン сол үйде қала берді. Қазір әке-шешесімен ісі жоқ, сол үйдің адамы болып кеткен. Қолдарына алғысы-ақ бар, бір-ақ кішкентайынан әбден бауыр базып қалған, кемпір-шалдың айрылғысы жоқ. Олардың көніліне қарап бұлар да батып еш нәрсе айта алмайды.

Қанатбек одан үш жасы кіші. Тұңғыштарын перзент-ханадан алып шыққанда Диханның әлде куанғаны, әлде қысылғаны белгісіз мағанасыздау ыржалақтап, тап бір жаңа қуыршақ көріп тұрғандай таңдана тосырқай қарағаны есінде Құмістің. Қолына әлдеқандай қымбат шыны ұстап, соны сындырып алам ба деп жасқанған кісідей епетейсіз қозғалған қалпы күлкісін келтірген.

— Эй, бері әкел. Сен тіпті үркектеп тұрсың ғой, бала көрмегендей. Түсіріп аларсың,— деп өзі көтерген. «Балаға сұықтау бола ма қалай»,— деп ойлаған соңда. Онысы бекер екен. Бірте-бірте алғашқы тосырқау күйінен айырып, келе-келе балажандылығы соңша, кішкентайға мұнан әрмен өбектеп үстіне түсіп кететінді шығарды. Шешесі келіп алып кеткенде қатты қинаған да сол. Жанытынбай: «Не ғып жүр екен, көріп келейінші»,— деп артынша алтага жетпей барып та қайткан.

Алғашқы жылдары жұмыстан қолы қалт етсе ретін

тауып солай қарай жөнеп қалатын. Бертін келе қойды онысын.

Сөйткен Дихан Қанатбек туғанда қуаныштан жарылып кете жаздады. Құміс жатқан перзентханаға күніне үш реттен соғып жүрді. Туған күнінің ертеңіне атын қойып та үлгерді.

Бөбекті құндақтап қабылдау бөлмесіне алып келгенде қолындағы құшақ-құшақ гүлі мен шампандарды стол үстіне тастай беріп, арқа-жарқа ұмтылған. Бетіндегі ак сейсептің шетінен көтеріп, пысылдаپ үйықтап жатқан шарананың тәмпіш мұрнынан жұп-жұмсақ шымшылаш:

— Сәлем, жолдас Диханович,— деп есі шыға мәз болған.

Ер баланың әкеге үйір болатын әдеті ме, Қанатбек мұнан гөрі Диханды көбірек шырғалайды. Бір нәрсесі болса соған айтып, соған еркелеп, түнде соның қасына жатады.

— О көтерем неме-ау, әкешілін мұның,— дейді Құміс зілсіз кекетін.

Айтса-айтпаса да ұлының күннен күнге жүріс-тұрысы, мінез-құлқы әкесіне үқсан келе жатқанын байқайды. Баласы бар тәрбиесін әкесінен алатын сиякты. Соган еліктейді, соған қарайды, соны тыңдайды.

Құміс кейде бұл еншілеуді бір жакты жетімсіздеу санайды да, оның бар болмысымен келісе бермейді. Соңан соң, өзі Диханның осал кемшілігі деп үғатын кейбір мінездері баласының бойына үяламай-ақ қойса дейді. Осы тұсқа өз ықпалын жүргізгісі, өз тәрбиесін сініргісі келеді.

Құміс пен Диханның табиғаты екі басқа. Жасында еркелеу өскен жанның есейгенде көбіне өктемдеу өзімшіл келетін әдеті. Құмістің жаратылысы мұнан күр алақан емес. Мектеп бітіріп алғаш осында келгенде еркебұлан, салдырылаған ақ көңіл, бір кісідей анқаулығы да бар еді, бірақ табиғатындағы алғырлығы тез ояпды.

Мандайынан шертпей, үнемі бәйек болып отыратын әкешеше қасынан жырақтап, бірден бейтаныс ортага тал келгенде әлденендей тылсым сезіммен түйсінгені төңіретінде бейқам, марғау қарамай, сергек жинақы болу. Әзір сыры мәлім емес мына жаңа дұниеге жатырқау, тосырқау сезіммен бірге ә дегеннен-ақ осы жаңа жағдайға өз бойынан икемділік тауып, тез үйірсектік танытқан.

Маусым сайын әр түрде түрленетін өсімдіктей кімі де, жүріс-тұрысы да, пейіл-құны да әр жылда, әр кезенде, әр ортага сай өзгеріп, жаранып, жұтынып тұрағын «өмір-ге бейім, ағымның алдында»,— деп саналатын жүйрік жандар болады ғой. Диханның бұлармен сорпасы қосылмайды. Қосылайын деген ниеті де жоқ. Алда-жалда арасына айdap кіргізген күнде сіңісп кете алмасы және ھақ. Мына желке тұсын қоя берген қалың шашын «бокс» етіп қырғызып, бұтына кең балак ақ кенеп шалбар кигізіп қоя берсе осыдан он алты — он жеті жыл бұрынғы қабылдау комиссиясына документ өткізіп тұрган Диханның өзі шыға келер еді әлі де.

Күмістің айтуы бойынша: «Өмір озып, адам тұлеп-түрленіп жатқан мына дәуірде әу баста шыққан қалыбынан өзгермейтін, асықпайтын мұндай баяу жандарды қоғамның белсенді мүшесінің санатына жатқызуға болмайды. Бұлар періштелер дәуірінің адасып келіп қалған өкілі болса керек».

Шынында да Күміс керек жерінде алып-жұлып кетпейді деп оны кісі алдары аз тым бейқам, жуас санайтын.

Диханның аялдамада автобусқа елмен бірге таласып мінбей, басқаларды алдынан өткізіп жіберіп, өзі сыймай қалып, келесісін күттіп тұра беретін әдеті бар-ды. Күміске оның ісінің бәрі солай көрінетін. Тіршілігін «әйтеуір ақ көңілдің аты арымайды, тоны тозбайдының» кебіне жатқызатын да қоятын.

Рас, күйеуінің адал, біреуге қиянатының жоғын түсі. Неді. Алайда кісіге тым сыпайылық қол емес деп біледі. «Перштелік кімге керек. Ешкімге есем кетпесін десең алысқанмен алыс, жұлысқанмен жұлыс». Осылай деп Диханды қайрап та көрген.

— Сонда не мәреге жетпексің? — деп күлген де койған од. Сонан соң кейде:

— Эй, сен әуліе болмай-ақ қой! Әкене-ақ бер оны. Бір үйге бір әуліе жетер. Сені де өзі тәрізді бір көнбісбек болсын деп жұрғой ол,— деп ақылын айтып баласын қайрап баулыған болады.

— Эй, қойсайшы,— дейді Дихан ондайда,— әркім өз табиғатына қарай өмір жолын таңдайды. Ол сенің де, менің де айтқаныммен болмайды. Қай-қайдағыны мыжып баланың басын ауыртпасайшы.

— Мама, әзірге осы да жетер, қалғанын кейін. Бұғін бәрін айтқып... Мен қай жагыма сыйдырам,— дейді ұлы қуақылана.

— Сендерге сөзімді босқа шығын гып менікі не осы,— деп бұл орнынан тұрып кетеді сонан соң.

Күміске мына үлкен қаладағы тіршілік иелері үшін әлдекім белгілеп бекітіп берген кесте бар тәрізді көрінеді. Олардың өмір аталатын — тұрмыстың құнделікті азытушы, ауыс-түйіс болмысынан тұратын хам-қаракеті осы кестемен шектеулі дерлік. Сонан соң да өз дегені көңілдерінің қалауларымен емес осы кесте бойынша ғана жөнкіліп жүрген сияқты.

Соның бірі өзі де көшелеріндегі зулап бара жатқан машинаның жүрісіндегі асығыс ағылған қала тірлігіне, үйреншікті сабылыска әбден мойынсұнып алғаны сонша, кейде төңірегіне көз жіберіп мына дүниенің парқына ой жүгіртуге де мұршасы келмейді. Таңның атысы, күннің батысы не бітпейтін, не ұшығы көрінбейтін ала өкпе тіршілік. Кей күндері қешінде төсегіне жатқанда бұғін өткен күннің ашық па, бұлтты ма қандай болғанын ойлап-

ойлап есіне түсіре алмайтын сәттері кездеседі. «Күні бойы жүргендे басымды көтеріп әуеге бір қарамағаным ба»,— деп ойлайды сонда.

Бұгінде әдетінше таңтеренгі шайын апыл-ғұптыл үрттап, баласын жетелеп автобусқа келген. Іште кісілер онша көп емес екен. Эр жерден қарау-қарау бос орындар көрінеді. Біріне Қанатбекті отырғызып, біріне алдын-ала иелік жасап, қолындағы сумка-торын апарып қойып кассадан билет алып қайтты.

Жаңа ғана орта тұрған автобус қозғалғанша лықтолып үлгерді.

Алдыңғы жақтағы кептелген жұрттың арасынан сендей соғылыса сырғып жайланып тұратын алғаулау тұңғызғандай көзінде келе жатқан орта жастардағы, екі беті шиқандай қылп-қызыл, жалпақ жүзі тершіп, майлаған былғарыдан жылтыраған әйел Қанатбекті көре сала бұйыра сөйледі:

— Эй бала, тұр.

Орнынан көтеріле берген оны артында отырған шешесі пығынан басып:

— Отыр әрі қозғалма,— деді. Қанатбек кінәлы кісінде бірессе шешесіне, бірессе қызыл әйелге жапақ-жапақ қарал, қайта отырды.

Жаңағы әйел баланы оқты жанарымен бір атып өтті де, сыйысқа шақыргандай Құміске қарай бұрылды.

— Неге тұрғызасыз баланы,— деді оның сыңайын байқаған Құміс әңгімені үзартпай қайырыл тастағысы келіп сөзді өзі бастап.

— Немене, жасы үлкенге орын берсе...

— Мына қыспаққа түйедей сіз шыдай алмағанда қарғадай бала қалай тұра алады деп ойлайсыз? Аяқ астында қалмай ма?

— Түйе мен емес сен. Түйе болмасаң балана осылай тәрбие берер ме едің?

— Сіз өзінізді тәрбиелеп алышыз, менің балам үшін алаң болмай-ақ қойыңыз.

— Балаң емес сенің өзінді де тәрбиелеу керек. Мәдениетсіз.

— Шаршамай-ақ қойыңыз. Сізден тәрбиесіз емеспін.

— Әдірек ал, сондағы балаңа үйреткен өнегең осы ма? Қаршадайынан үлкенді сыйлауды білмейді. Ертең баскесер болмай қайтсін бұлар. Алма ағашынан алысқа түспейді. Шешесінің түрі мынау, бұл қайда барсын? Тағы да кісіге жөн айтқысы келеді. Түкірдім мен сөзіңе.

Жаңа қызара бөртіп тұрған әйелдің өні суытып, бе-зені бетіне теуіп, жалпақ жүзі қаязданып, безеріп алған. Беріден қайтпауға бекініп, ұзақ сонарға дайындалған сыңайы бар. Жеңбей тынбаймынға бекінген сияқты.

Күміс енді байқады, төңірегіндегілер екеуіне елендей қарап қалыпты. Аяғы немен бітеді десіп тұрғандай. Енді өзі ынғайсыздана бастады.

«Құрысыншы, ұятты, тепсінген бір пәле екен, сөз тыңдап, уәжге келер деймісің. Менде жындымын-ау осыған сөз шығындала. Соншама келіп салғыласқаным не?!», — деп айтысты ортасынан үзіп әрі қарап кетті. Түрінде «мен қойдым мейлін» деген кейіп бар.

Бірақ қарсыласын шұғылдан келген бұл жеңіс қана-ғаттандырмаған тәрізді. Арыны басылмай тоқтағандай, тықыршып, қайта көтерілгісі келгендей біразға дейін ұрыншактаумен болды. Осыған ыршып түспей қайтіп шыдарсың дейтіндегі жанға тиер екі-үш сұық сөздің сұңгасін сұңғітіп-сұңғітіп алды. Күміс оған да тырс деп үн-демеді, естімеген, елемеген сынаймен еңсесін көтеріп терезеге қарап отыра берді. Оның мына самарқау паң кейіпі тіпті қыжылын келтіріп әлгі әйел:

— Меніреу бола қалуын... — деп келе жатыр еді, түстүстан:

— Бұл жер сіздің үйіңіз емес, тұрған елмен неге санаспайсыз? Аузыңызға келгеніңізді айтасыз. Жетеді ғой енді.

— Сізден басқада да жүйке бар.

— Ашуыңызды баса алмасаңыз автобустан түсіп қалыңыз.

— Азаматша, сіз жөнсіз ұрынып тұрсыз,— деген үн-атпаған дауыстар естіліп ел қозғалақтай бастаған соң, әркім-әркімге ұрына қараганымен көпке топырақ шаша алмай басылайын деді. Жаңағы қалпында түк көрмегендей әрі қарап отырған Күміске ақырғы рет оқты көзін атып:

— Бейшара,— деп бір сілкініп алды да тоқтады.

«Мұның қатынауы бір түлік болды-ау. Үйдің маңындағы мектепке бере салайын деп едім, «жоқ осы мектепке барсын, менің жұмысым алыс емес қой автобусқа бірге мініл жүрермін» деп болмай койды. Қарашы енді өзі де жоқ, мені әуреге салғанын»,— деп кейіді Күміс күйеуіне.

* * *

Күн жексенбі еді. Кештете тұрып сәскеге таман шайларын ішкен соң:

— Қанатжан, енді екеуміз көк базарға барып қайтайық, бүгін кешкі поезден әкең келіп қалар, үйге тамак, бір нәрселер әкеліп қояйық,— деді Күміс.

— Мама, поезд қашан келеді?

— Сағат жеті ме, әлде алты жарым ба екен.

— Онда вокзалға барайық. Папамды қарсы алайық.

— Мекеден келе жатыр ма еді сонша. Өзі де жетер. Не бар түнде суық аяқ болып.

— Ну, мама? — деп киылып тұрып алды ұлы.

— Қөрерміз енді, киінші тез,— деді келіскен сынайды.

— Ура!

Күн ашық болғанымен далада ептеген ызғырық бар. Осыдан біраз бұрын түскен қырбық қар әлі тегіс еріп бітпей жер беті алашұбарланып жатыр. Қазірде жол жиегі, күнес жерлер жіпселең тартып карайып көрінеді. Күнде аспанды торлап, күн көзін тұтатын, кейде үй-үйдің

арасына дейін шөгіп бұалдырланып тұратын қаланың көк түтіні бүгін бұл тұста алғаулау. Таудаң соққан жел екпіні терістікке қарай түріп әкетіпті. Енді қаланың арқа жақ қекжнегі дауылдың бұлтындаі тұнеріп, тұтасыл тұр.

Бұлар келгенде автобус жүргүге дайын екен. Секіріп-секіріп мініп бос тұрған соңғы орынға отыра бергендері сол еді, сыртынан:

— Ай-ай, тоқта,— деп аптыға айқайлаған әйел даусы шықты. Екеуі де есікке жалт қараған. Қозғала берген автобус та кілт кідірді. Сөйткенше кимешегінің етегі аяғына оралып, сүріне-қабына қауқалактап ішке еніп келе жатқан бір кемпір көрінді.

Колындағы сумкасын жерге қоя салып:

— Мың болғырдың тоқтай қалғаны жақсы болды-
ау,— деді әлі аптығын баса алмай ентіге түсіп.

Тура қарсы алдынан мініп келе жатқан кемпірді көр-
генде Қанатбек ұшып түрегелген. Соナン соң бірдене есі-
не түскендей шешесіне жалт қарады.

— Құндеғідей кісі көп емес қой автобуста, мен мыңа
жерге тұра беремін, мама,— деді өз ісіне акталғандай
түсінік беріп.

Құміс мейлің дегендей, жымып басын изеді. Соナン
соң баласының бас-аяғына көз жүгірте: «Әй, елгезегім-
ай, тура әпенде әкеңнің өзісің-ау. Ұқсамасан тумағыр.
Бұл жаратылысқа дауа жоқ екен фой»,— деді ішінен
куліп.



Найзагайлы үлкен жауын басылғаннан кейін, күн жарқырап жаздың қоңыр салқын бір жақсы кеші болды. Азанда өріске жайылып келіп, қозыларына жаңа жамыратып, енді өргізіп жіберген қойлар көк майсалы белескे қарай қаптап барады.

Біз қойды жамыратып жүргенде тамағын ішіп, біраз көз шырымын алып, тыныққан Түсіп атам енді қойға баруға қамдана бастады. Атама еріп Марат екеуміз де жөнелдік.

Марат менімен бірге быншың үшінші класты бітіріп отыр. Жазғы демалысқа шыққаннан кейін Маратқа осындағы Түсіп атамның үйіне баруға ұсыныс жасаған мен едім. Онда әрі қызық, әрі атайға көмек көрсетеміз деген соң, ол маған ілесіп келген.

Атай өзі атқа мініп, біз ұшқыр сұр есекке мінгесіп, қойға келдік.

Желкілдей шыққан көк жусанды бырт-бырт үзіп, қойлар жайылып жатыр. Әбден сүтке тойып алған соң, енерлерін керек ете қоймай, қойдан бөлініп, артқа қалып қойған бір топ жас қозы-лак, бірін-бірі қуалап, асыр салып ойнап жүр. Шіркін, жазғы дала қандай тамаша! Әсіреле жауыннан кейінгісін айтсаңшы, жер беті бір түрлі жасаңғырап, құлпырып кетеді. Ауасын мейірлене жұта бергің келеді, жұта бергің келеді. Жаңағы жауып өткен жауынның әр тамшысымен аралас, аспаннан әтір сеуіп кеткен секілді, бүкіл даланың өн бойынан көк аралас әдемі бір иіс анқиды.

Даланың осы бір ақындар жырлағандай керемет сүретіне қызықтап келе жатыр ем, ойымды Мараттың:

— Сабыр, ақ теке анау ортада жайылып жүр,— деген сөзі бөліп кетті.

Мараттың осында келгеннен бері бар назары осы ақ текеде, ылғи соған қарайды да жүреді. Тіпті мал ауылға келген соң, ақ теке жусап жатса да соның жанынан шықпайды. Алғашқыда сүзе ме деп, онша жақындаі қоймаушы еді, енді бойы үйренген соң ұстап алып, сақалын тарап, арқасын сипап әуре болады.

Шынында да ақ теке адам қызығатындаі. Үлкендігі біз мінген сүр есекпен қатар тұрғанда біп-бірдей. Үнемі жалбырап жүретін ұзын ақ сарғыш жұндері құнгे шағылышып жалт-жалт етеді. Тікше біткен қос мүйізі, салалы сақалы өзіне сондай жарасымды. Атам өзін менімен жасты дейді.

Марат екеуміз атамның жанына келіп, атының қасына есегімізді тұсап жіберіп, бәріміз төбенің басына шығып отырдық.

— Ата, айтыңызшы, сіз осы ақ текені неге менің көмекші, жәрдемші шопаным дейсіз,— деді Марат.

Атам өзінің әдетінше жайлап құліп алды да:

— Олай дейтін себебім... Жарайды, мал ауылға қайтканша әңгіме болсын айтайын,— деді де, әңгімесін бастап кетті:

— Жаздың күні. Ұзақ жауған жауын біресе саябырладап, біресе күшейіп жуыкта ашила қоймады. Бойым мұздап, үтіме су өткен соң, малды көкшелеу бір жерге иіріп таstadtым да, сол жақын жердегі үйге барып, кішкене жылышып, тамақтанып келмекші болдым. Бірақ мен қайтар кезде жаңбыр одан бетер бүршактап тәге жөнелді. Қарсы соққан жаңбырдың күші аттың аяғын алдырмайтын. Сонда да атты қамшылай түсіп, төбеге шықсам, мал жатқан орында жоқ. Бойыма қорқыныш кіре бастады.

Мал Тұщыбұлақтың жарына ыққан шығар деп, соған қарай бет алдым. Жердің езілген батпағынан атқа жүріс ауыр болғанымен, желді жаңбыр артынан болып, ат бұрынғыдан жылдам жүре бастады.

Атымның бар жүрісімен бұлақ жағасына келсем, ыққан малым жар тасты панарап, шоқталып жиналып түрекен. Қуанып қоя бердім. Аттан түсе салып, түрган малымды түгендесем, ішінде үнемі малдың алдын бастап жүретін ақ текемен қоса біразы жоқ болып шықты. Олардың бәрі бір ыққанын, әлде бөлек ыққанын біле алмадым.

Табылған малды ауылдан артынан ізден келе жатқандарға тапсырып, өзім мылтық алып, жоқ малдарды ізден кете бардым. Осы жерде болады-ау деген талай жерді аралап шықтым. Із-түзі білінбейді. Бағана мен ауылдан мал ізден шыққанда түс жаңа гана ауған еді, енді кеш болып қалды.

Бұл кезде жаңбыр ашылғанымен қас қарайып кетті де, іздеуге еш мүмкіндік болмай, ауылға қайттым. Атым да, өзім де әбден қалжырадым.

Үйге келген соң, бойым мұздап, күн үзын су өткен денем қалтырай бастады. Сүйтіп тамақ ішпей жатып қалып едім, бір кезде шттің үрген даусы естілді. Далаға шықсам, соңында еріткен малдары бар ақ теке келе жатыр. Қуанышым қойныма сыймай шөре-шөре деп айқайладап жіберіппін. Менің даусымды естіп ақ теке де маңырап қоя берді. Ертіп келген малдарын санап едім, түгел.

Міне, содан бастап бұл маган көмекші болып келеді. Қыстың кейбір тұманды, бұлыңғыр күндерінде малдың ақ теке жүрген жағы бөлініп кетер деп аландай қоймаймын. Әлдекалай бөліне қалса, ақ теке салып отырып бәрін ауылға ертіп келеді. Осындай есті малды калайша жақсы көріп, көмекші демессің,— деді атам.

— Ата, ақ текенің қасқырмен айқасқапын айтынызшы?— дедім мен бұрын талай естісем де Мараттың ал-

дында ақ текенің тағы да бір ерлігі айтылып қалуын ойлад.

— Ауылға қайтуға әзір ертеректеу екен, айтсам айттайын, — деді де, атам әңгімесін жалғастырып кетті.

— Былтыр көктемде, мал төлдеп жатқан кезде, анау шоқының іргесіне қондық деп, біздің батысымызға сала тұрған, өзге шоқылардан үлкен, басқа киген топыдай төңкеріліп жатқан білктеу шоқыны көрсетті.

— Бір күні малды күндегі әдетімше өріске айдалап кеттім. Ақ теке ауылда қалды. Теке қыстан ауырып шықты да, сонсоң жемдеп өріске жібермей қолда бағып отырғанбыз.

Мен малды айдалап кеткен соң, теке ауылдың жаңында жайылып жүре беріпті. Үйдегілер алдыңғы кезде ес-кере қоймайды да, біраздан кейін қараса, теке орнында жоқ. Жүгіріп қырқаңың ар жақ астына түссө, ауылдан қашықтау тұрған төбенің жаңында бір итпен ақ текенің арпалысып жүргенін көреді.

Текені іздеп келе жатқан үйдегі Жамал әжелерің екен, иттің қасқыр екенін тани кетіп, қолындағы құрықшасын көтере айқайлап, тұра жүгіреді.

Бұл кезде қасқыр айнала шабуыл жасап жүр екен. Қасқыр үмтүлғанда теке мүйізін тосып, тұра үмтүлады. Текеден жасқанған қасқыр батып айқаса алмай айнала үмтүлып, текені әлсіретуге айналған екен, таянып келіп қалған адамды көріп, тайқып жөнеле беріпті. Сөйтіп ақ теке өз батылдығымен өлімнен аман қалыпты, — деп, атам әңгімесін аяқтады.

Бұл кезде қалың топты соңынан ерткен кеменгер қолбасшыдай-ақ ауылға беттей жайылған малдың алдында қасқайып ақ теке кетіп бара жатты.

Бағанадан бері әңгімені қызыға тыңдалап отырған Марат ақ текеден көз алмай, сүйсіне қарап қалыпты. Толықша келген домалақ ақ сарғыш бетішеп аса бір ырзалақтың белгісі байқалады.



Жазғы демалыс кезі. Менің үшінші класс бітірген жылым. Бір топ үй жайлауда отырған. Ауылда біз қатарлы да, бізден ересектеу де балалар көп-ақ. Демалыс қызықты өтуде.

Бір күні бар балалар болып ауылдан әжептәуір қашықтағы Қарақоға шабындығына баруға үйғардық. Ертең жүреміз деген түні бас қосып, жолға не алу керектігін, азанда қашан, қайда табысатынымызды тағы да пысықтап, үйді-үйге тарастық.

Күндеғідей емес үйкі да сергек. Таңертең мал өртізген ауылдың абыр-дабырынан оянып, сыртқа шықсам, көкжиектен қылтиып күн көтеріліп келеді. Көрші үйдегі Сапар да далада жүр екен, мені көріп:

— Сабыр тездет, — деді.

Ұйықтап жатқан кішкене інілерімнен басқа үйдегілер далада, малда жүр. Осы оңашаны пайдаланып қалмақ болып, асыға-үсіге тазалап қойған шыныға жаңа үйған жас қатықты толтыра құйып, жаңа қайнатқан жас ірімшіктен орамалға орап алып, жүгіріп мәрелі жерге келсем, баратындар жиналып-ақ қалыпты.

Азанда қаптай шыққан қоралы малмен қабаттаса бізде Қарақоғаға баратын үлкен жолға түсіп, шұбыра жөнелдік.

Қарақоға деген ұшы-қырысyz жатқан бір кең алқап. Қыста соны түгел су басып кетіп, телегей-теңіз болып жатады. Жаз шыға тартылып, шабындыққа айналады.

Осы мандағы үш колхоз шөпті осыдан шабады. Жайылған су тартылғанда кейбір ойпат жерлердің, өзектердің, көл орындарының суы жаз ортасы ауғанша қалып қояды. Қек шығысмен қорықшы қойылып, анда-санда құс аулаған, балық іздегендерден басқа мал да, жан да баспайтын бүл өлкені тек қана қалың құстар мен қара судағы балықтар ғана мекен етеді. Біздің бүгінгі келе жатқан мақсатымыз да суға шомылу, балапан ұстап, балық аулау.

Біраздан бері мал түяғы тимей жаңбыр суымен тапталып, қатқақтау бол қалған жол торабымен гүілдесіп келеміз. Ара-тұра жарысып та аламыз.

Күн қыза сәске кезінде Қарақоғаға келіп құладық. Енді жолды тастап, түнгі шығы әлі кебе қоймаған қалың көкті жапыра із тастай, көлге қарай тарттық. Киіздей тұтасқан ажырық пен бидай ығы аралас кең алқаптың сонау шеті көкжіnekpen үштаса, сағымдана толқып жатыр. Күн қызыны әлі бойына дарыта қоймаған сазды жерден салқын самал еседі. Тек масасы түскір тоңазыған дененді қайта-қайта шымшылап, мазалай береді.

Әне жерден де, мына жерден де пыр-пыр үшқан бөдене мен суылдан үрке қашқан құрларды қызықтай отырып, көлге де келіп қалыптыз.

Қөл үстінде жыртылып-айрылған, азан-қазан құс даусы. Осыншама шудың басым жағы көл жағалай айнала үшқан қызғыш құспен балшықшының үлесі сияқты.

Судың сонау бір орта кезінде балапандарымен бір топ қоныр қаздар көрінеді. Арғы жиекте біраз шүрегей үйректер алаңсыз жүзіп жүр. Балық қапқан қармақтың қалтқысындағы суға лып-лып сұңғіген қасқалдақтар біз тұрған жағалаудан әрі қарай жылысып барады. Құстардың су бетіндегісінен гөрі жиекте отырғандары мен көл үстінде үшып жүргендері көп.

Біз жағада отырып, тамақтануға кірістік. Бір кездे кеңеттей:

— Ана көрінетін мал ма? Жападан-жалғыз қалай тұр? — деді ішіміздегі ересегіміз Сапар. Қөлдің шығыс жағалауына қарай қолын сермеп.

— Кәне, — деп шу ете қалдық онын нұсқаған жағына мойын бұрып. Шынында үлкен арнаның көлге құятын сағасында бір нәрсе қарайады. Жайылып жүрген мал ма десек бір орнынан қозғалмайды. Өліп қалған ба, не мене, деп таяна түстік. Келсек, жиектегі батпаққа төрт аяқтап, бауырына дейін кірген қара ала өгіз тұр. Мидан шықпак болып жұлқына-жұлқына әбден шаршаган болуы керек, қыбыр етуге шамасы жоқ. Екі бүйірінен дем алып, ырс-ырс етеді.

Ойда жоқта кездескен мына көрініске аңтарылып, абыржып қалдық. Не істейміз дегендей, ішіміздегі ересегіміз Сапарға қараймыз жәудіреп.

— Тұмсығынан өткізген жібі бар екен. Дәу де болса арбага жегіліп жүрген өгіз болар, — дедім мен.

— Иә, тұнде байлаудан босанып, жайылып, осы жаққа кетіп қалған. Шөлдеген соң, су ішемін деп келіп батпаққа ұрынған,— деді балалардың бірі мені қоштап.

Осындай әр түрлі жорамал айтып, енді бәріміз жабылып өгізді шығарып алу қамына кірістік.

— Мүйізінен байлап тартатын арқан керек. Онсыз болмайды,— деді Сапар өгізге тақай берген біздерге.

— Оны қайдан аламыз?

— Өзіміз жасаймыз.

— Қалай?

— Оп-оңай, бар көйлекті жинап алып, жіпше шира-тып есеміз.

Ұсыныс бәрімізге ұнап кетті. Жаппай шешініп жа-тырмыз. Осы кезде:

— Мен көйлегімді бέрмеймін. Батпаққа былғанып,

жыртылып қалады, — деді Еспен. Еспеннің әрдайым сондай бір қиқарлығы бар.

— Бермесен бермей-ақ қой, сенсіз де бірдеме жасармыз. Ал өзің бізден аулақ жүр, — деді оған Сапар.

Еспен жағада состып жалғыз қалды.

Арқан әзір болған соң, шешініп тастап белшемізден балшыққа кіріп, мүйізге жабыстық. Жан-жағынан сүйемелдеп, айқайлап кеп тартамыз. Бірақ онымызға өгіз қозғалатын емес. Қайта-қайта үзіліп, біресе байлауы шешіліп, «арқанның» да еш септігі болмады. Әбден дінкеледік. Енді өгізді тастап, жағаға шықтық. Біреумізге жылдам ауылға жетіп хабар беруден басқа жол қалмады.

Ауылға Сапар кетті. Оны қашан қарасы үзілгенше көзбен ұзатып сап, біз қалдық. Серуен ойдан шығып кетті. Бәріміздің де көңілімізде қара ала өгіздің камы.

Бұл кезде тұс ауып кеткен. Жағдай бағанағыдай емес. Шаршап, қарын ашып, мәніс кетіп қалды. Алып келген жол азықты келген бетте соғып алғанбыз. Онан қалған аздаған құрт пен ірімшік бөліске түскен соң жұмырға жұғын да болған жоқ. Аландал ауыл жакқа қарай береміз. Оның үстіне, менің мына бір көйлегім де есімнен кетпей отыр. Жаңа өгізді шығарамыз деп қалың тартқыласта жүргенде қысымға шыдамай екі жені бірдей жұлынып кетіпти. Кеше ғана ақ сұрыптан тігіп берген су жаңа көйлегіме өзімнің де ептеп ішім ауырады, бәрінен де қыны, апам не дер екен деген ой мазаны көтіруде.

Балалардың бәрі жағада күнге қыздырынып қисайып-қисайып жатыр. Хабаршылар кеткелі біраз болса да, ауыл жақтан ешкім көрінбейді.

— Елдің бәрі жұмыста, мүмкін жинала алмай жатқан болар, — деді балалардың бірі.

— Жұмыс аяғына қараса, біз бүгін осы жерде тұнен-

дік қой,— дейді басын көтеріп алған Еспен әлденеге наразы пішінмен.

— Асықсан қайта бер. Сені кім ұстап отыр,— деп дүрсे қоя берді балалар, оның сөзін жақтырмай. Өзінің қате кеткенін түсінгендей Еспен де қайтып дау көтере қоймады. Тағы да тыныштық. Әркім өзімен-өзі. Бір кезде көлге түсіп жүргендердің бірі:

— Келе жатыр,— деп, қуана айқай салды. Бәрімізде атып-атып түрдых. Алда тәрт-бес салт аттылы, оның артында жолдың шаңын бұркырата қос ат жеккен арба келеді.

— Ура! — дедік бәріміз, даланы басымызға көтере. Әп-сэтте олар да жетіп келді. Жан-жақтан қаумалап, өгізді суырып алдық батпақтан. Әлсіреп қалған жануар өз аяғынан жүре алатын емес. Тәлтіректеп құлай берген соң, үстіне қалың етіп шөп төсеген арбаға көтеріп салып, ауыл қайдасың деп тартып бердік.

Шаруа тынды. Көніл көтеріңкі. Арбаның соңынан ширак аяңдап келеміз. Бірақ менің үстімде көйлегім жоқ. Қешкі салқынға ұрынған соң тіс-тіске тиіп, дірдектей бастадым. Жалаңаш денеге қырылғырдың шыбыншіркейі өші бардай жабылады. Қашан Қарақоғаның шалғынынан шыққанша екі қолда дамыл болмады.

Шығыстан қызыл шеңберлене ай жаңа туып келеді. Жақыннан еміс-еміс естілетін жылқы пысқырығы ауылға таянғанымызды аңғартып түрғандай. Міне, түрілген іргеден үйде жанған шам оттары да көріне бастады.

Ауыл шетіне келген соң, әрқайсымыз үйді-үйге бұрылдық. Мен Сапардікіне бара салғым кеп бір ойланып түрдым да: «Кой болмас, іздел әуре болар»,— деп, үйге қарай аяңдадым. Жыртылған жейде қолымда, аяқты корқақтай басып келемін. Апам ұрса қоймас деп те ойлап қоямын. Білмеймін ұрса ма, ұрыспай ма?



Көктем. Мал төлдеп жатқан кез. Далаңың ең бір қызықты шағы бүл. Мұндай кезде біздің, балалардың, «Коянбай» бауырында отырған қойлы ауылдарға баруға жаңымыз құмар. Жақында біздің Түсіп атайдың отары көктеуге көшіп келгелі бері мен мектепке сол жақтан қатынасып жүргенмін. Ертең демалыс болған соң өзіммен бірге үшінші класта оқитын Маратты ертіп бармақ болдым.

Екеуміз де түстен кейін оқитынбыз. Сабактан шығысмен үйге бет алдық. Қойлы ауыл мектептен едәүір жер. Екі араны түстіктен теріскейге қарай созыла, шөккен нардай боп жатқан жусанды үлкен төбе бөліп жататын. Айналма болған соң, жолмен журмей төтсөләй тарттық.

Соқпақсыз жердің раңы қалың болып жетілген. Даля көк торғын. Алыстағы көлден талып естілетін құс шұтынық ауада бейне бір сырнай даусындей сыйылады. Төбеде бозторғай шырылдан, маңайдың бәрін әнменен тербелтіп тұрғандай. Бүл кезде екіндіге құлағанымен көктемнің жылы лепті сары шуақ күні қызыу қайта қоймай шекенді қыздырады. Көк бүйра түгі құлпыра түсken көктемгі дала көркіне, қызыға, құмартта қарайсын. Мұндай кезде көңіл қандай көтеріңкі.

Алысып-алысып жата кетіп аунаймыз.

Бүл маңның жабайы жуасы қандай бітік болады десенші. Әрі ірі келеді. Көк иісі аңқыған ашқылтым дәмі

жесең аузынды үйіріп тұрады. Буда-будасымен құшырланған асайсын. Біз төбенің етегіне жетісімен жуа теруге кіріспін кеттік. Біраз қарбытып, қарқынды басқан соң:

— Сабыр кел, жатып демалайық, — деп ұсыныс жасады Марат.

Шалқамыздан жата-жата кеттік. Төбемізде тәңкеріліп, сонау шеті созыла барып көкжиекпен көмкерілген көк аспан. Әр жердегі әредік-әредік ала шабыр бұлттар алыш кеудесіне қадап алған ал қызыл гүл сияқты. Батысымыздығы биік шоқы түбінде жатып төбесіне көз жіберсең аспан мен жердің арасына тұтқан көк масаты түс киіз тәрізді.

— Мен күні бойы осы жерде жата беруге жалықпас едім, — дейді Марат.

— Мен де.

— Ертең атаңмен бірге қой жаюға барамыз ба? — дейді Марат маған қарай аударыла түсіп.

— Эрине.

Мен өткен аптада қойды көлге өзім суарып қайтқанымды әңгімелеп бердім.

— Ол жақтан көл алыс емес қой ә, — деді Марат. — Қөкем жылқы бағып жүргенде біздің үй жаздай жағасында отыруши еді. Былтырдан бері науқастанып, орталыққа көшіп келгелі, ол жақты көргенім жоқ. Сондай сағынып жүрмін.

— Осы төбеден анық көрінеді. Жүр шығып қарайық; — дедім.

Екеуміз жарыса беткеймен өрмелей жөнелдік. Біз қырдың басына шыға келсек: Кешкі күн ұясына конуға таяу, көкжиекке құлап барады, әр түстен қарайып-қарайып шопан үйлері көрінеді; маңайларында бытыраған қалың мал; батысқа сала, ұшы-қыры жоқ көктөрғын даланың ортасында оймақтай болып «Жұзік» көлдің айдағыны жарқырайды.

— Не деген әдемі! — деді Марат.

— Қөп қешігіп қалыптыз, түн болмай ауылға жетіп алайық, — дедім.

Кеш болып қалғаның енді аңғарғандай Марат та:

— Кеттік, — деді асыға түсіп.

Біз ойға түсіп ауылға бет алғанда алдымыздан әлдеңе қараңдап, әрі қарай жүгіре жөнелді. Кенет қара көлеңкеде не екенін аңғара алмай:

— Аң ба, құс па? — деп таң болып таяна түстік.

Жақындан келсек әп-әдемі қек қозы.

Бұлар кімдер, мен қайдамын,— дегендей бізге таңдана, үрке қарайды.

— О, бұл біздің атайдың қозысы. Ол кісі малын ылғида осы жаққа жаятын. «Сүтке тойған қозы ұйық-тагыш келеді, енесіне де қарамай, жатып қала береді, аңғарып отырмасаң», — дейтін атайдың өзі. Мұны қалайда ұстаң алу керек, — дедім мен.

Бірақ жағдай біз ойлағандай болмай шықты. Қошакан осқырып, маңайларатын емес. Тақансаң қарғып түсіп мұлде теріске, бетінің ауған жағына қаша жөнелді. Қайыра-қайыра әбден әуре-сарсанға түстік. Ұстau жайына қалып, айрылып қалу қаупі туды. Сонынан іле-сіп дедектеп келеміз. Күа-қуа ауылдан да алыстан кеттік.. Сумкамызды мана қозыға кезіккен жерде-ақ қалап-қалап қоя салған едік, онан да қара үзіп адасың қалдық.

Екеуміз екі қабыргадан қосылып отырып, өлдік-талдық дегенде қайырып, тоқтатып алдық-ау, әйтеуір. Қозы да тұра қалды, біз де отыра-отыра кеттік. Көпке дейін ентігімізді басып, сөйлесе алмадық.

— Бұл ұстатпайды, тақалып керегі жоқ, — дедім мен.

— Енді қайтеміз, — деді Маратabyржып. Екеуміз де ойланып қалдық.

— Қолға, қалтаға көп етіп тас жинап алайық. Бетін ауыл жаққа бұрып алып, алыстан екі жағынаң атқылап-

куып отырғу керек. Артынан кейініректен айдап отырсаң теріс қарай қаша алмас.

— Э, солай ету керек, — деді серігім келісе кетіп.

Бұдан басқа жолы да жоқ еді. Уақыт болса қас қарайып барады. Біріміз отыра тұрып, біріміз ауылға хабар беріп келудің реті келетін емес. Ол келгенше қай заман. Әрі қозы қашса жалғыз адамға ие бермей кетү ықтимал. Тәуекел деп қуып кеп бердік. Қанжығаласып сонынан қалмай жүгіреміз де отырамыз. Әрі-бері бұрылса атқылап үркітіп қайырамыз. Сол жүгіріспен отырып ауыл қарасына да іліктік-ау. Келсек ел орнына отырпты. Малын қоғамдап әлі үйге кірмеген Тұсіп атайдалада жүр. Бізді көріп:

— Бұл кімдер-еї?! Сабыржанбысың? Е, бұларың не? — деді таяна түсіп.

Мен қыскаша ғана болған жайды айттым. «

— Бәрекелде, ой, рақмет! Міне, жігіттік, — деді атай аса разылықпен.— Жаңа ғана мына көрші шопан Сәт-қара бір қозысын жоқтап, бағанағы мал жайған жағына іздел кетіп еді. Сонықі екен ғой.

— Мейлі, — дедік біз әбден шаршағаннан, үйге кіре жантая-жантая кетіп, — кімдікі болса онықі болсын, аман-есен алып келдік-ау, әйтеуір.

КОНЫР ЖОН —————



ПОВЕСТЬ

Жаз жауынсыз, күрғақ болып тұр. Шілденің шығар аузына таянса да аптаған ыстықтың беті әлі қайтар емес. Күн көтеріле-ақ қызулы көрігінен қуатты жалын шашкандай, көленкелі орман, көк шалғыннан кенде қалған мына сары даланы аңызак жайлап алады. Талма түстің шағында айналадан жалпақ даланың ыстықтан алқынған демі дерлік құлазыңқы ызың үн естіліп тұрғандай болады. Сол ызыңдан кісінің құлагы шынылдаپ, басы айналар тәрізді. Таңғы алажеуімнен тұрып, шаруа қамымен ала тыныс, ала өкпе болып арпалысып жүрген жүрттың қыбыр-жыбыры да дәл осы мезгілде пышақпен кескендей сап тыйылады. Жан-жануар көленке сағалап солықтап кетеді.

Қазір де ауыл манында қара-құра сиреп қалыпты. Қошеде кісі аяғы азайған. Шабындықтан тиеген жонышкасын маяға апарып салып қайтқан шөпшілердің машинасы жарыса ызғытып кеп үйді-үйдің арасына сұнгіп кетті. Гараждан жаңа шыққан топ кісі бірте-бірте шашырай түсіп самарқау аяндалп барады. Қыр басынан ауыл жақка көз салып, ине-жіптен жаңа шыққандай кіршіксіз ақ шайы кимешегінің мол өнірімен етегіне малынып тұрған ұзын бойлы қара сұр кемпір:

— Жаңағылардың ішінде Болатжанның машинасы да бар ма? — деп сұрады қасындағы немересінен.

— Бар. Алдымен озып келген папам гой,— деді бала насаттана.

— Оны қайдан таныдың?

— Папамның машинасының кабинасы сарымен болған.

— Садағаң кетейін, зердесі бар өзінің. Соны аңғарып жүргенің қара,— деді кемпір ризалықпен мейірлене.— Рәтжан, жүр қайтайық ендеше. Келін қымызды суға салып салқындастып қойды ма екен, әлде есінен шығып кетті ме? Шөлдеп келді ғой, күннің түрі мынау... жүре ғой. Атаң мен кіші әжеңнің қай жерде жатқанын ұмытпайсың ба енді?

— Ұмытпаймын. Білемін.

Ауылдың құбыласындағы қоңыр төбенің жалпақ жонында бырдай болып жатқан қорымнан шығып кемпір мен немересі еңістегі жолға келіп түсті. Қара жолдың май топырағын толарсақтан кешіп келеді. Төбеден күң шыжғырады. Жол жиегіндегі шағыр жусан, есек мияшаңға тұнып тұр.

Ұрыстың өнімсіз аяқына ықтияр болмағандай немесе Рәт:

— Эже, тезірек жүрсейші,— деп тартқылайды. Осы шөлдеп келе ме деп қаттырақ жүріп еді сәлден кейін енгітіп қалды.

— Эже, мен үйге жүгіріп бара берем, шөлдедім,— деді Рәт.

— Бара ғой, қалқам. Бұзауды көлеңкеге әкеп байла-сын деп айт. Су берсін.

— Мақұл.

— Құлыншағым, кішкентай бұлкілдеген түріңнен айналайын.— Ұрыс жолдың шаңын аспанға көтеріп томпандай ала жөнелген жеті жасар немересінің соңынан сүйсіне қарап аяңдал келеді.

Екі ара едәуір жер. Жарым ортаға келген соң, жолдан бұрылып құлаған албардың орнында шоғайнан болып қалған үйінді кесектің біріне отырып тыныс алды.

— Топырактарың торқа болсын,— деді сонан соң іштей күбірлеп, қоңыр төбе жаққа қарап отырып. Біріне арнап айтты ма, бәріне бағыштады ма оны өзі де айрып бөлгөн жоқ.— Бұлар да өз алдына үлкен бір ауылдай болып жатыр ә, ой, дүние-ай! — Осы сәт көнілі кілт толқып кеткендей болды. Іші елжірегендей жұмсақ бір күйде күрсініп, кимешегінің ұшын көзіне апарды.

Ырыс біресе алдындағы ауылға, біресе құбыласындағы қорымға көз жүгіртіп көп отырды. Бойында оның бірін жатсынып, бөтенсіген күй болған жоқ. Мына ауылдың тіршілік-тұрмысына қазір қандай қанық болса, ал өткенге сәл ой жүгіртсе осы корымда жатқандардың әркайсысы сондай таныс болмысымен көз алдына келері сөзсіз. Осы жұртқа қай кезде қазық қағылып, алғашқы үйі қашан тұрғызылғанынан бастап мына думанды үлкен ауылдың бары мен жоғы, ауыры мен женілі өзіне етene таныс.

Қоңыс аударып келіп, осы бір елсізге ірге тепкен елдің жігіт ағасы болған, көпке түскен ауыртпалықты қайыспай көтеріскең нелер абзал азаматтары — Ырыстың көз көрген қадірмен замандастары қазір осы қоңыр төбенің үстінде жатыр.

Байқасаң адам баласының өмірінің мәні тірлігінде таусылып бітпейтін, дамыл таптырмайтын іс қаракетінде сияқты. Ал өмір бойы құмырсқадай тырбанып өтетін осы мазасыз тіршілік алдағы үрпақтың қамы, солар үшін жасалатын игілік тәрізді. Өз ісінің жемісін тастанмай жиналтеріп арқалап ала жөнелген жан жоқ шығар. Бәрі де кейінгінің нәсібі болып қалады.

Көзі тірісінде байыздап отырып ракатын көрмеген ауыр бейнет, абыз терінің мәуесін қазіргі мына үрпаққа сыйлаған өз қатарларының көбі үлкенде анда жатыр. Олардың үлкені-кішісі, жақсысы мен жайсаны да бар. Бірақ қай-қайсы да адам баласына тиесілі әлгі абзал борышын өтеп кетті дерлік.

Осы сәт кемпірдің көніліне көп елес оралды. Санасында өткен күндердің сағымы толқыды.

Ұрыс жаратылысынан уайымшыл, күйреуік жан емес ті. Алайда қартайған соң кісі босаң тарта ма, кейінгі кезде өткен-кеткенді жі ойлайтынды шығарды. Қатарының азайып бара жатқаны жаңына бататын болып жүр. Өз тұрғыласы қалмаса кәрі де жетімдей кәріп болады екен. Бұл да көнілшек тартты.

Міне, қазірде ойына қай-қайдылар оралып, жаңағана барып, бас-басына дұға жасап қайтқан көппен қайта кездескендей болып отыр. Осылармен бірге ертегідей есте қалған нелер қызығы мен қыны аралас күндерді бастан өткерген екен. Өткен күнде кабырға қайыстырар ауыр елестер де, небір кимас сәттер де аз емес.

Ұрыс толқып отыр...

Казіргі мына шаруасы шалқыған совхозға айналған ауылдың осы елсізге келіп қоныс тепкендей алғашқы тұрғызған баспаналарының орны осы өзі отырған жүрт. Қөленке болар көгергені, қараусыны жоқ жан баспаған ен далада, жусанды жазықта жер кепелер мен жатаған балшық үйлер бырдай болып бой көтерген сол бір жаз, сол жаз бойы осы далада ұя салған қарлығаштай тыным таппаған, аш-жалаңаш болса да салы суға кетпей, жаңа арман, жаңа өмірге талпынып, ойын құлкісін кайта тапқан жансебіл, еңбекқор жандар көз алдына келді. «Ауыр жылдар еді ғой. Ой, қын-ақ болды-ау».

Малдан басқа тіршілігі жоқ, сонын әуенімен көшіп-конып, шұбап жүрген елдің қыс құмға құлатып, жаз Арқаға айдап жүрген алдындағы кара-құрадан басқа күнелтісі шамалы-тын. Киіктей босып жүрген кезбе жүрттың ірге тепкен тұрақты қонысы, тиянақ етер өзге шаруа жайы жоқ екенімен ісі болмапты-ау. Ел ғасырлардан бергі сүйегіне сіңіп кеткен бейнетті тіршілікке әбден көндігіп алған. Тұрмыстың онан басқа түрін іздеп көрген емес. Осы самарқаулықтың тақсіретін талай тартса да

онан сабак алып, айналаға көз жүгіртіп, жай-күйіне өз-геше зер салып қарауды ойламай, күн көрістің үйреніс-кен осы арнасымен тарта берген. Алайда жадағайлықтың құсырына тағы кезікпей қалмады.

Бейқам жүрт жүнін киім, етін тамақ етіп, жан сактап келген төрт түлік мал біткенді қырына алған қыстың үстемелей соққан ақ боранына беріп, кемесі суға кетіп, салт бастары сопиып елсіз жағаға малтып шыққан жолаушыдай сенделіп қалды. Тіске басар талғажудан жүрдай болған көпке аштықпен бірге сүзек араласты. Кей ауылдар отырған-отырған жүрттарында жусап қалды. Енді кенеуі кеткен көшпелі елдің күйін көтеру үшін тұрмысына соны леп әкелетін берекелі әрекетке кам жасалды. Қөвшілік егін егіп, мал өсіре алатын, отырықшы жүрт болатын коныс іздеп Караптауға қарай жосыды. Жаяу-жалпылы, жудеу жүртты алдынан кіремен ас-ауқат тасып, асырап, ілде-алдамен осы далага жеткізген еді. Келе ауыл-ауыл колхозға бірігіп, бәрі жаңа аудан болып құрылудың қамын жасады. Жан біткен жаңа коныс салуга жаппай кірісті. Бұл сол қырғын қыстың көктемінде еді. Зеркүл марқұм:

— Женеше, ел Караптауға қарай көшетін көрінеді. Біз қайтеміз. Жер аяғы кеніді, жаратқан жалғыз лайығы осы деген шығар, басымызды шағындан қол-аяқты жеңілдетті,— деп жудеу жүзі мұнға толып, жас үйірілген жанарымен бұған кинала қарады. Айтарын аяktамай толқыған көңілдің әсерінен бе, іркіліп қалды.

Уылжыған, қызыл шырайлы жүзді, дөңгеленген бота көз, қаракаттай мөлдіреген жанарынан үяндық пен жылылық есіп тұратын, жүріс-тұрысы майды, жинақы, бипаз Зеркүлдің мына кісі танымастай өзгерген сынық жүзін көргенде Ырыс аяп кетті. «Қайғыдан мұжіліп, шөгіп кетіпті-ау, жазған»,— деп мүсіркеді. «Қол-аяғымызды жеңілдетті гой»,— дейді байғұс, күйгеннен айткан сөзі де, кайтсін енді. Тете өскен бір ұл, бір қызын осы айдың

ішінде бірінен соң бірін оң жаққа салып, сопа басы қалды. Колғанатқа жарап қалған кос құлышының кайғысы қатты батып кетті. Енді қарақан басын қалай қақпайларын білмей дал болуда екенін сезді Ырыс.

— Не айтпақ едің, Зеркүл, қандай ойың бар? — деді.

— Женеше-ай, не ой бар дейсің менде? Сандалған күй гой. Қандай ақылың бар беретін? Қай жаққа бет аламыз? Қалай жүрсек те бір Мәліктен баска жүгіміз жеңілдеді гой.

Ырыстын зерек көнілі Зеркулдің неге толқып отырғанын енді аңғарғандай. Екеуі бір елдің кызы болатын. Төркін жұрты кейінде, қонысы шалғай. Зеркүл солай бет аламыз ба, әлде осы көппен бірге кете береміз бе дегенді мегзеп отыр. Өз шешімін айтпай мұның көnlін байқағалы отыр.

— Зеркүл шырағым, бұйрықты іске дауа бар ма, пешенеге осылай жазылған да. Мен не айтам, кімге ақыл бере алам? Енді бұл үйде нені күзетіп, неге қарап отырам деген ойың болса, кім оны теріс дей алады. Өзің білесің де. Басың жас, менің еш өкпем жоқ, ешкім де саған кінә коймас. Ал мен тәуекелге бел будым. Осы елдің ортасына қаршадайынан келіп едім, онан шығып кайда барамын? Қолымда мына бір жаман тағы бар. Осы ауылдың жұрағаты ғой бұл да. Біреуге көз түрткі етпейін, елжұртының ортасында болсын. Ал өз көнілінде не бар? Жасырма, жасқанба, айт.

— Женеше, ендігі тіршілігіміз не болады деп ақыл салғаным гой. Менде баска бөтен ой болған жоқ. «Келінің бетін кім ашса сол ыстық» емес пе. Тайынан келіп қосылған үйірін жылқы да жатсынбайды. Алғашқы аттаған босағам, келген ауылым, оны тастанап кету маған да қыны болатын. Қішкентайынан қолында өстім. Сыртқа қақпай, сіңліндей көріл, бас-көз болдың. Мынау қынныстау жалғыз қалған шағымда жан ашыр жакыным да, арқа сүйер ақылшым да өзін деп шырғалап отырмын.

Мандайға жазғаның көремін де, қасыңызда бірге қалсам деймін. Бір-бірімізге сеп, сүйеу болармыз. Тағдырдың салғаны шығар. Уайымдай бергеннен ештеңе өнбес, елге ілесіп тірлік етеміз де,— деді Зеркұл, әрі өзіне, әрі бұған басу айтқандай, осыған өзі белін бекем буған сыңаймен.

* * *

Көшкен ел Қаратаудың етегіне жазға қарай ілікті. Иркіс-тіркіс созыла жеткен олар таудың теріскейіндегі шөлейт далаға келген келгенінше қостары мен жаппаларын жамырай тігіп жатты. Қөп адам жүк артып жүрер көліктен ада болған соң, киізін кір шалмаған нелер алты қанат ақ үйлерін тігулі күйінде тастап қос арқалап келген. Әзірге баспанасы сол болмақ. Қешікпей осы төніректен жаппай коныс салып, мына жұрт колхоз-колхозға үйымдаспақ. Қазір-ақ бұл іс қызы колға алынған. Алдымен қыс түспей жылы жайға кіріп алу — елдің бәрінің қамы сол. Жоғарыдан қос-қосынан өкілдер келіп, қайта-қайта жиналыш құрады, ауыл басшыларын сайлайды. Ру-руымен көшіп келген жүртты колхоз-колхозға бөледі. Мұның ауылын енді «Жаңажол» колхозы деп атایтын болды.

Осы күндердің бірінде темір жол бойындағы станциядан колхозшыларға киім-тамақ, құрылышқа керек құрал-жабдық әкелуге керуен жүретін болды. Керуен баратын станцияға тақау үлкен қалада Үрыстың сіңлісі тұратын. Естуінше сіңлісінің күйеуі мұғалімдік қызметте, өзі тігінші болып істейді. Жүрейін деп тұрған адамдармен бірге барып қайтсам деп аңсары ауды.

— Қайтарымда өздері әкеліп салар. Мына дайын керуенмен жетіп қалайын. Бізге не ақыл, жәрдемі болар екен. Қөптен көріспеген еді, іздең барып, жай-күйін біліп, мандайынан бір иіскең қайту парызым да ғой,— деп ақыл салып еді, бұл ойын Зеркұл теріс көрмеді.

— Барып қайтыңыз.

— Ел орналасып, жайласқан соң келерсіз. Алда-
жалда осында қолымда қал десе хабар айтарсыз. Бұйыр-
са бір жерде болайық,— деді.

Керуен күні-түні тынбай жүріп отырып керекті
станцияға төртінші күні келіп жетті. Олар осы жерден
жүгін тиеп алып, тоқтамай қайта жүріп кететін болды.
Қалаға дейін түстік жер екен. Поезд деген ағылып жа-
тыр. Ұрыс мұнда көп қарайламай жеті жасар ұлын же-
тектеп, соның біріне түсті.

Іздеп келе жаткан жақындарының әйтеуір осы қала-
да көрінеді деген сырт хабары болмаса, қайда істеп,
қайда тұратынын білмейді. Адрес атаулыдан бейхабар.
Сұрай-сұрай табармын деген үміт бар.

Қалаға күн еңкейе ілікті. Ағылған халықтың сурені-
не ілесіп отырып орталықтағы базардан келіп шыкты.
Аумағы шағын ауылдың котанындай базар аланы ығы-
жығы сапырылышқан адам. Көп аяқтан көтерілген
шаң-тозаңнан базар үстінің аспаны ақ шулан тартып кө-
рінеді. Іші қапырық, қайтар күннің ыстығы күйдіріп
тұр. Алан төнірегіндегі ретсіз бей-берекет салынған, ескі
үй жайлар да көрер көзге көнілсіз, онған дәкедей сұр-
ғылттанып кеткен. Ал өзінде бас-аяғы жинақы қала ада-
мынан гөрі жан-жақтан жиналған; жудеу өнді жүргінші-
лер көп сияқты. Жүрттың у-шуы, абыр-сабыр жүрісі
кісі елігіп қоян-қолтық араласып кететіндей арқа-жар-
қа емес. Бұрын көрмеген базар тіршілігі Ұрыска түсі-
ніксіз терең иірім тәрізді әсер етті. Осы иірімге мал-
тығалы бара жатқандай базарға ол тосырқай, өгейсіне
кірді.

Көріп-біліп алайын дегендей асықпай аяндал базар-
ды түгел аралап шықты. Мың сан адамың бірінің мұн-
да шаруасы болған жок. Біреуі сен кімсің, қайдан
жүрсін деген жок. Мына күжынаған көптің ішінде айда-
лада жалғыз жүргендей елегізіп келеді.

Базардағы жемісті, неше түрлі тәтті тағамдарды көрген соң, кішкентай Мәлік қыңқылдай бастады. Бала неме әрқайсысина көзін сатып тамағы бар жерді айнал-соктай береді. Тартыншақтап жүрмейді. Баласының қарны ашқанын сезді. Өзінің де өзегі талып тұр. Жагалап жүріп кіре беріске таяу жерде самса сатып отырған өзбек келіншегінің қасына келді. Баласына самса әперіп, өзі жол қалтасынан талқан алып суға шылап жеді. Жүрек жалғап, аздап тынығып жан шақырған соң, кеш болып қалғаны есіне түсті. Баар жерін түнде іздей алмайды. Ертең танертең сұрау салғаны жөн. Енді кешке қайда түнерін білмей дағдарды. Соңан соң санасында әлдеқандай үміт оты жылт еткендей болып, орнынан тұрды. Өзбек келіншекке қарай жүрді.

— Шырағым, рақым ет, мен бір жөн сұрайын деп едім,— деді.

— Иә, айтыңыз!

— Рақымәлі деген мұғалімді білмейсің бе?

— Жоқ, естіген кісім емес. Ол кім еді?

Ірыс оның осы қалада тұратын туысы екенін, ізден келгенін, қалай табарын білмей отырғанын айтты.

— Ой, тұрғын жайын білмеген соң бұл қаладан қалай іздейсің, табу қын ғой. Мұғалім дейсіз бе?

— Иә, мұғалім болып істейді деген.

— Онда мектептерден барып сұрастырып көрген жөн. Сол жерден білетіндер кездесер.

— Мектебі қайда болатын еді?

Келіншек қаладағы мектептердің қай жерлерде екенін ежіктеп әбден түсіндірді. Оның санасына бірі жетіп, бірі жетпей жатса да түсінген сынай танытты. «Мектеп дегені карқарадай үй емес пе, сұрай-сұрай табармын»,— деп тұр.

— Өзіннің үйің қайда, осы манда тұрасындар ма?— Сөзі жылы болған соң бүгінше үйіңе қонып шығайық,— деп өтінбек еді.

— Біз қаланың сыртында алыста тұрамыз,— деді келіншек.— Қазір күйеуім келіп алғып кетеді, ертесімен әкеліп тастайды. Шетте тұрамыз.

— Кеш түсіп қалды. Қайда барапымды білмей тұрмын. Дарада қалуға бұрын көрмеген жер, жүрегім дауаламайды Үұл маңда қайда тұнеп шығуға болады?

— Қайдам, білмедім,— келіншек басын шайқады.— Жатын орын қын. Кешке карай калада ешкім бөтен кісіні үйіне кіргізбейді. Әр түрлі адамдар бар, сенбейді.

— Енді қайттім?

— Қазір қалаға келушілер көп, осындай жатын орын таппағандардың көбі базардың айналасында тұнеп жүр. Ішінде әйел де, ерек тे бар. Кейбіреулер семьясымен. Солардың қасына конып шығарсызы.

Келіншектен әлгі айтқан тұнемелі жайдың жөнін сұрап алып, жарық барында соған келді. Үұл базардың ішіндегі ескі, үлкен, қазір иесіз қалған, керуен сарайы екен. Алдындағы бастырманың асты мен зәңкиген кең залында толған кісі көрінеді. Көп адамның іші гой, ешкім тимес, бір түн конып шығармын деп өзін-өзі жұбатып қояды. Картада ойнап гүжілдесіп отырған саяқ топтан айналып өтіп, екі-үш мосқалдау кісінің қатарына келіп орналасты.

Тұнімен үйіктаған жок. Қөнілі ілік-жарма болып, шым-шытырық ойлар мазалай берді. Бауырына тығызып, бұйыға пысылдаған ұлын құшактаған күйі көз ілмей шықты. Ертелей тұрып қалаға кетті. Екі күн табанин таусылып мектеп атаулыны адақтап шықты. Ешкім хабарын білмеді.

Ағарту мекемесінен сұраңыз, бұл қалада істеген мұғалім болса солар білуге тиісті деген соң біреулер, үшінші күні оны іздеді. Облыстық ағарту бөлімінен естіді ақыры. Күйеу баласы бұрын мұнда тұрған, қазір алыс ауданға қызметке ауысып кетіпті. Үйін де көшіріп өкеткен.

«Бұл бір әурешілік болды. Қездесуді тәнірім жазбаған еken. Қой енді есім барда елімді табайын», — деп қайту-
дың қамын ойлады.

Базарда босып жүрген ел көп. Талайы кешке қарай соның тәңірегіне түней салады. Бұл да келгелі бері солар-
мен бірге. Құндіз сінлісінің үйін іздең қаланы кезіп-кезіп келіп, қоналқаға керуен сарайының маңындағы жұртқа
косылады. Тұн баласына елегізіп ұйықтай алмайды. Қебіне құндіз бір мезгіл мызығып алатын. Бұл жолы да
табанынан таусылып шаршап, енді елге қалай жетудің уайымымен қажып, құйзеліп кеп, самса сататын келін-
шектен жүрек жалғар бір нәрсе алып жеген соң, керуен сарайдың көлеңкесіне қисайып, сәл сәтке дамылдаған.
Қөзі ілініп кетіпти. Ояна келсе қасында баласы жок. Осы тәңіректің бірінде ойнап жүрген шығар деп, әрлі-берлі
қарап еді қөрінбеді. «Тамақ іздең сонда кетті ме», — деп самса сататын келіншекке барған:

— Ойбұй сорлы, сорлап қалдың-ау. Балаңды панаңыз балаларды жинап жүрген арбаның үстінен көрдім жаңа біразда. Япырай, сенің балаң емес пе екен деп едім. Тап соның өзі болды,— деді келіншек.

— Ойбай, не дейді, қайда, қалай қарай кетті? — деді есі шыққан бұл.

Келіншектің басқа не айтқанын ұққан жок, «міне мынамен» деп базардың алдынан құн батысқа қарай кетіп жатқан тастақ жолды сілтегенін ғана біледі. Өкпесін колына алып жүгіре жөнелді. Қайда, неге бара жатқанына ой жіберіп, ақылға салатын халде емес. Сәлден кейін алдыңғы жақтан бір ат арбаның нобайы көрінді. Солай қарай жан ұшыра ұмтылды. Етек-жені жалп-жалл етіп безіп келеді. Үрейден бе, қатты қапылыстан ба қарасуға түсті. Жас шылаған жанарына ацы тер құйылып көз алды бүлдышрап, басы айналды. Бұл таяп келгенде арба-
кеш ерек: «Бұл кім, неғылған адам?» — дегендей атының басын тартты. Кимешегінің екі самайынан бүркы-

рай шықсан шашы тершіген жүзіне айғыз-айғыз жабысып елбе-делбе болып ентігіп тұрған әйелге секемдене, үрке қарады. Оның бұл көзқарасын байыптай қойған Үұрыс жоқ. Келе арбаның жақтауына сүйене берді.

— Балалар мінгізген арба кезінізге түскен жоқ па? — дегенді аптығып әзер айтты. Табан астында кезіккен мына әбігерден осы кісі күтқаратында көріп, қайырым күткен жалынышты жанармен жасқаншақтай қарады. Арбакеш «жоқ» дегендей басын шайқады. Самарқау қалпы мұның бас-аяғына тағы да біраз көз жүгіртіп алды әрі бұрылды. Жоны астаудай, жұп-жұмыр, семіздіктен түгі жылт-жылт еткен, төрт тағанына тостағандай-тостағандай нәл қаққан жуан торы атты сауырына шып еткізіп:

— Шуу! — деп қалды.

«Мына кісіден де айырылып қаламын ба, онан соң кімді іздеймін, кім қол ұшын береді», — деген уайыммен жақтаудың кенересінен ұстаган күйі қосыла ілесіп қалмай:

— Қөпжасағыр, мейірбан болыңыз. Қайырым ете көрініз. Баламды жогалтып алдым. Қемектесе қөрініз, — деп шыр-шыр етті.

Арбакеш лықсып қозғала берген атының басын қайта тежеп, сәл кідіре тусты де:

— Сізге не керек? Менде не шаруаң бар? — деді.

— Ағатай, — деді өзі құралпы кісіге абдырап аптық-қан күйі оның жас шамасымен де жұмысы болмай. Соңан соң болған жайды асыға-усіге баяндап берді.

— Маған не істе дейсіз? Мен оларды көргенім жоқ. Кім екенін білмеймін. Өз шаруаммен жүрген адаммын. Ізде, сұрастыр. Жарайды, жұмысым бар, жолымнан бөгеменіз.

Үұрыс тап кеудесінен итеріп жібергендей состиып, аңтарылып тұрып қалды. Қайтып тіл ката алмады. «Япыр-ай, бірінің басына іс түскенде пендениң пендеге

қаралығы, мұсіркеуі болмаушы ма еді. Не деген қату жан еді», — деп көзінен ыстық жас ыршып кетті. Қоңліл құлазып қоя берді. Сол сәтте таяу мандағы көшениң киылысынан үстінде адамдары бар жайдақ арба қылац етіп, бұрылып кетті. Қөзі шалып қалған Ырыс екі өкпесін қолына алып қуа жөнелді. Өліп-талып жетіп еді іздегені олар болып шықлады. Соңан далбасалап беле берді. Не көп ол кезде, қалада арба көп, бір көшеден соң бір көшеде көрінген арба біткенге жүгіре-жүгіре акыры талып жығылды.

Іші бір жамандыкты сезіп езіліп күйіп жанды. «Енді қайттым, енді қайда барамын? Тірідей айырылғаным ба шынымен», — деп шарасызыңқтан аһылап-үхілеп, аласурып шықты түнімен. Ертеңіне кезіккен жөн-жоба білетін біреулер:

— Қалада Балпықтың сарайы дейтін жайда бала-лар үйі бар. Соған барыңыз, бір хабарын соңан ала-сыз, — деп жол сілтеді.

Баласын мұнан да кездестіре алмады.

— Көшеден жиналған біраз панасыздарды кеше кеш-кісін басқа қаладағы балалар үйіне жөнелтіп жібердік. Бұл жерде болмаса сонда кеткені, — деді тәрбиеші әйелдер.

Оң мен түстей бір күйде сенделіп қалды. Баар жер, басар тауы таусылып лажы құрыған соң, далбасалап айналып келіп баяғы келіншекке мұнын шағады. Келіншек мұның аз күнде шөлмектей болып жүдеп, қарайып кеткен түрін көріп аяп:

— Сен енді уайымдай берме, — деді бүйте берсөн қайғы жеп қояды өзінді. Онаң да басыңын амандығын ойла, балаңың өмірін тіле. Ол өлген адам емес кой. Бағып-кағамыз, оқытамыз, тәрбиелейміз деп алып кетті гой. Адам етіп шығарады оны. Қөрерсің әлі мынандай деген қызметкер азамат болып өседі ол. Бұйырса кезде-серсіндер, табысарсыңдар. Сен бұл ебіл-себіл тенселісті

көй. Есінді жый. Ақылға кел. Еліңе қайт. Адам тәңірден бала сұрағанда аман-есен жүрсе, қарайып артымда қалса деп тілемей ме. Сенде балаңың келешегін тіле... Есің бар адам тәріздісін. Ойлан. Солай ет,— деп ақыл айтып ұзақ әңгімелесті.

«Жақсы сөз жанға азық» деген келіншектің жылы-жылы сөзі мұның көңілін жібітті. Үміт сәулесін ұялатты. «Үкімет өлтірмес, асыраймыз деп алды ғой, бұйырган бала болса қайтып көрермін бүйтіп сенделіп жүре бергенде не істеймін, босқа қаңғырып»...— деген тоқтамға келді. Өмірі көрмеген мына үлкен қаланың тұрмыс күі бұған жат қорқынышты. Сендей соғылысқан жұрттың у-шуынан басы айналып, төңірегінде гілердің әр ісіне сезіктене, секемдене қарайды. Аз күннің ішінде үрей мен жалғызыдан безер болды. Есіл-дерті ауылы болып жаны тынбады. «Мына данғазага қайдан келіп кірдім, енді қалай жөн тауып шығамын. Елге қалай жетемін?» — деген мазасыз ой жоғалған баланың қайғысын да ұмыттырып жіберді.

Жалғыз кете берейін десе жол тауып жүре алатын емес, әрі жан шіркін тәтті, қорқады. Екі арада екі жұшақырым елсіз дала бар. Қолындағы алтын жүзік, күміс білезік тәрізді біраз асыл бұйымдарын жанын шүберекке түйгендей тығынып жүріп, айырбастап, әрекеттеп, жолда талшық етуге жарайтында жетім қоржын ас-ауқат жинап алған. Түйіншегін қолтығына жасырып жол аңдуға шықты. Елге карай жүретін жолаушы, серік табылып қалама деп таңың атысы, күннің батысы үлкен жолдың бойында болады.

Қаланың күн батысындағы шыға беріс көшеде ауылдарға жөнелтетін темір-терсек, ағаш жиналған үлкен баз тұратын. Баздың кен ауласында жолаушылар үшін түнемел үй бар. Жан-жакқа жүретін жүргіншілер көбіне осы жерде тоқайласатын. Түнемел үй мен баздың қарауылы бір адам. Жасы алпыстың үстіне шығып қалған сақал-

шашы аппақ қудай, шегір көзі қуақы, сөзшең татар шал, қарап отырған кісіге әнгіме керек, баздың төңірегіне келген адамды сөзге тартып бет алысын, шаруасын, аты-жөнін қалдырмай сұрастырып, жолаушының жайын білген соң, көбіне жөн сілтеп, жол-жоба айтып, қамын жеп, тірлігін бірге реттесіп отыруға пейілді-ак.

Өзіне серік іздеген Үрыс та осы баздың төңірегін ториды. Жүргінші біткеннен жөн сұрайды.

— Шырағым, кім боласын, қайда бармақ едін? — деді шал, Үрыс мұнда алғаш келген күні. Оның таңертекнен бері дамыл таптай әрлі-берлі өткендерге зыр жүгіріп, бірге жүретін ешкімді кездестірмей, кеш таянған соң, енді қайда баразын білмей көнілі құлазып баздың іргесіне аркасын сүйеп ойда отырған беті еді. Алғашқыда «бұл қандай адам, менде несі бар?» — деп секем алып сезіктене қарады. Бой тартып, шырай бермеді. Шал да онысын сезе қойды.

— Кеш болса түсіп келеді, жарық барда жатын же-ріңе жетіп алмайсың ба. Бұл отырысың не? Түнге қарай бейсеубет адамдар жүреді. Далада тұнеуге болмайды, — деді шал.

Лебізі жылы, құдайына қараған кісі сиякты. «Түсі иғі жан көрінеді, бекер шошып отырмын ба?» — деп ойлады.

— Кешке қарай жолға шығатын жолаушылар болмайды. Таңертеннен анды. Қайда бармақ едін? — деді шал.

Амалы таусылған Үрыс енді сезіктенгенін қойып жөнін айтты.

— Ой, барап жерің алыс екен. Ол жаққа жолаушылар көп бола бермейді. Катынас сирек. Көп күтіп қала-сың-ау, шырағым. Ол жаққа жекжат аулап барасың ба? Тұрағың қайда еді өзінің?

Келгеннен бері үркектеп ешкімге жоламай киік бол жүрген ол жан адаммен дені дұрыс әнгімелесіп, жай-жағдай сұрасып көрген жоқ еді. Шешіліп әнгімелесіп

шерін тарқататын адам таба алмай құса болып жүрген. Тосыннан кездескен бейтаныс шалға басып ан өткеннің берін актарып салды.

— Ой, мұсәпірім-ай,— деді шал аяушылық білдіре.— Қажыма, шырағым. «Қеп қындықтың да бір қуанышы болады» деген. Тірі жанның үміттен күдер үзбекені жөн. Заман түзеліп келеді ғой, көрген азап бір құнгідей болмас әлі.

Шалдың осы баздың қарауылы екенін естіген соң:

— Қөпті танитын кісі көрінесіз, құлақ қағыс бол, бізге қарай жүретін адам білсеңіз мені қалдырмаңыз,— дед өтінді.

— Қалада жатын жерің болмаса кеткенше осында паналай тұр,— деді қария.

Жол торумен бір апта өтті. Таңертең ертелең жолға шығып, ұзақты құн сенделіп жүреді, қараңғы түсे түнмел үйдің бастырмасы астындағы ағаш сәкіге қысаяды. Жуық арада жол серік болар ешкім кезіге қоймай екі көзі төрт болып салы суға кетіп жүргенде бірде шал:

— Шырағым, еліце қарай баратын адамдар табылды,— деді сүйінші құрағандай мұнымен бірге қуанып.— Жүремін десен үлардан қолайлы кісі кездесе қоймас. Осыларға ілес.

— Кімдер екен? Қашан жүрмек? Қайдан кездесем мен?— деді үл қалып қоятындағы аптығып. Шал асықпай мән-жайды түсіндірді:

— Олардың жолы біраз бұрыстау, тура сендердің ауылдарыңа соқпайды. Бірақ барап жері сол төңірек. Қілең тау аралап отырып, Қөсегенің көк жонынан шықпак. Сол жердің тау-тасын зерттейтін көрінеді.

— Қөсегенің көк жоны дейсіз бе? Ол біздің ауылдың тұсы. Япырай, оған жетсем ел шетіне іліккенім ғой.

— Ендеше, сонда барады.

Ырыс үлардың сапарының қисынына түсінбей тәптіштей бастады.

— Барады дейсіз бе? Бұлар кімдер өзі сонда, нә шаруамен барады сонда? Көсегенің көк жоны елсіз жатқан аймақ. Ол елсізде не бар?

Шал асықпай қайта түсіндірді.

— Шырағым, олар геологтар. Тау-тасты кезіп, кен іздейтін инженерлер. Тастанды зерттеп алтын, күміс, қоргасын, темір шығатын жерлерді табады. Оны тапса кейін бұл жерлерге зауыт салынады, қала орнайды. Қаратаяға мұндай адамдар қазір жыл сайын шығып жүр. Бұлар үкіметтің адамдары. Жақсы адамдар, көркпа. Олар саған тимейді. Мен бастығына жолығып жағдайынды айттым. Барам десе алып кетейік деп отыр.

Үрыс тәуекелге бел буып неде болса осыларға іле-сейін деді. Қен іздеушілердің қөлігі қос ат жеккен екі арба. Біріне әр түрлі құрал-сайман, толып жатқан сандық, буыншақ-түйіншек артылған. Екіншісінін жүгі жеңіл. Ас-ауқат, ыдыс-аяқтарын ғана тиеген. Жүргіншілердің бас-аяғы жеті-сегіз кісі. Олар екі-үшеуден жаңағы жүгі жеңіл арбага кезек-кезек мініп аяқ сұтады. Қалғандары жаяу ілесіп отырады. Алғашқы қүннен-ак топтың басшысы Үрысты алдыңғы арбаға мінгізген.

— Сіз түспей-ақ отыра беріңіз,— деп ықтияттаған. Ол айтарын айтқанмен «қалжаға оранып отыргандай масыл болып осым не? Денім сау, аяқ-қолым бүтін. Қой, үят-ты»— деп өз-өзінен қысылады.

— Келіндер, біреулерің отырындар, кезектесіп мінейік,— деп түсуге ыңғайланса:

— Жоқ, жоқ,— деп басқалары безек қағып түсірмейді.

Тамагы да солардан. Бұл бір мезгіл шай қайнатып ыдыс-аяғын жуады, әйтеуір. Елге қарай шыққан кісі болса қарасына жаяу ілесуге құлдық еді, енді қоралы жаппанаң күтіміне тап болды.

Топтың бастығы зор денелі, қасқа бас, қауға сакал, орта жастарға келген кісі. Аздап қазақша білетіні де,

көбіне Үрыспен тілге келетіні де сол. Түсініспеген соң қын фой, басқалары мұнымен көп шүйіркелесе қоймайды. Бірақ, әйтеуір, жат мінездері жоқ. Жұздері жылы, ықыластары түзу. Таянып кетсе «апа, апа» деп жандары қалмайды. Бастықтың өзі де «апалап» тұрады. «Жазған-ау, менен үлкен болмасаң кіші емессін фой. Апаң не?»— дейді бұл ішінен, өзінің қырыққа енді жеткенін есіне алып. Соңан соң: «Әй, мейлі, не десе о десін. Пейілдері жақсы, бір мың болғырлар әйтеуір, өздері»,— деп қояды.

Бұлар тау ішін аралай жүріп отырып Қесегенің көк жоны аталатын үстіртке екі аптадан асқанда жетті. Бұл тұстан теріскейде, төменде отырған Үрыстың ауылының қарасы қыр басына шыққан кісіге көрініп тұрар-ды. Елге жеткенше елегізіп, тыншымаған көңілі ауылының қарасына іліккен соң-ақ бір сәтке байыз таптырмады. Тұнде кештетіп келіп тау бұлағының сағасына жетіп жығылған жүргіншілер оянар-оянбастан, тан алагеуімен Үрыс кетудің қамына кірісті. Бәрімен қош айтысып, рақметін жаудырып жүр.

— Біздің ауыл анау,— деп қыр басынан қол сілтейді.

— О, әлі көп жер екен. Екі арада ел жоқ па,— дейді олар.

— Ел жоқ. Бірақ қазір ертелетіп шықсам күн кешкіргенше жетемін,— дейді бұл.

Жол қапшығына қант, шай, наң салып берді олар.

— Күн ыстық, жол ұзак, мынаған су құйып алышыз,— деп бірі аузы бұрандалы қалайы шелегін үстартты.

— Не деген қайырымды жандарсындар. Мұндай да жақсы адамдар болады екен-ау. Тәнірден қайтын. Өмір жастарың ұзак болсын. Өздерін де елдеріңе аман-есен жетіндер. Бала-шагаларыңмен аман-есен қауышындар. «Үйінен қырық қадам шыққан кісі кәріп» деген. Сендер де алыс жолда жүрсіндер, қыдыр шылауларында болсын,— деп көзіне жас алды.

Қоянды қырқасының етегіндегі кең жазықта күркө тігіп, қос тігіп, киіз үй көтеріп бырдай болып отырған аулына намаздыгер-намазшам арасында жетті. Бұл кетерде ел басспана тұрғызыудың қамына кірісіп, жаппай кесек құйып, алды қабыргаларын қалай бастаған. Енді қаз-қатар тізілген балшық үйлердің қараусыны едәүір көбейіп қалыпты. Біразының төбесін жауып үлгерген. Үстіне қамыс төсеп балшық жатқызған біркелкі коңыр үйлер көше-көше болып қатарласа салыныпты.

Биіктігі тізеден келіп қалың өскен шағыр жусан мен жантактың арасынан сыйзықтап үрлана жетелеген жалғыз аяқ төтемен өз қосына таянғанда есік алдында жүрген Зеркүл сонадайдан мұны көріп, мына жүрісіне таңданғандай аңырайып, қарап тұрып қалды. Жақындағанда қарсы жүрген оның:

— Женеше-ау, Мәлік қайда? Қайдан келесің?— деген даусын естігенде:

— Мәлікті өзімде білмеймін, адасып қалдым,— деп айқай сап көрісуге үні де шықпай, тығыла өксіп, буынбыуны босап сылқ етіп отыра кетті.

— Не дейді, женеше-ау, не дейсің?— деп жан даусы шыққан Зеркүл аңырап келіп мұны бас салды.

— Женеше-ау! Қоралы елден қалған жалғыз еді ғой. Қалай ғана көз жазып қалдың. Ел-жүртқа енді не бетімізді айтамыз,— деп әшейінде мінезсіз, көнтерлі, жуас Зеркүл, жан ашуы ма, іште сыйдал жатқан қасіреттің запыраны керней-керней келіп оқыс актарылып кетті ме, шыдамның шегінің жеткен жері осы болды ма, әй-теуір, басын олай бір, бұлай бір соққылап дауысты қоя берді. «Үндемегеннің ішінде жатады» деген рас екен, сай-сүйекті сырқыратып, жүректі тілгілейтін нелер жоқтауды сыңсытып, сұңқылдасын келіп. Өзі де жер болып келген көңілін мына жоқтау онан сайын құлазытып, бұл да ағыл-тегіл айғайға басты.

Бұл кезде батыстағы тау жоталарының ар жағына әлдеқашан жасырынған күннің көкжиекті жалқыннатқан қызыл шапағы семіп, аспан қара торғын тартып, көз байлана бастаған. Осы апақ-сапақта беймезгіл шыққан ашы дауыска елең еткен жүрт қос айналасына жиналышп қалды. Бір-бірінен сұрастырып мән-жайды білді. Иіріліп дағдарып қалған көптің ішінен алдымен басу айтқандардың бірі ауыл кеңестің бастығы Жақан болды.

— Койындар, шырағым, бұларың не жаман ырымға бастап. «Кебін киген келмейді, кебенек киген келеді» деген. Бүйрүқ болса әжеп емес, әлі-ақ тауып аласындар. Үкімет қарауына алған адамын асырап сақтайды, бағып-қағып ер жеткізеді. Ол баланың жағдайы мұндағыдан гөрі дұрысырақ болады. Қайта қала тәрбиесін алышп, оқып, көзі ашылып, адам болып шығады. Оған ренжіме. Койындар бұл бейуакта дауыс салғанды. Ырыс, сенің есің бар еді ғой, Зеркүлге ақылыңды айтып, үлкендік көрсетудің орнына мұның не? Түрегел, шырағым... — деп салмақ сала сөйлеп, екеуін тоқтатты.

Жақан Ырыстың алдынан көлденен өтіп көрмеген қайнағасы еді. Ағайынға, елге қадірі бар сөзі бәтуәлі, сыйлы жан болатын. Сонан соң да жасы елуғе келгенімен көзі ашық, көкірегі сергек, елге сөзі өтеді, сыйы бар жан деп жоғарыдан келген өкілдер оны ауыл кеңестің бастығы етіп сайлап бұл жұрттың жай-жапсарын сонымен ақылдастып тұратын.

Енді сол Жақан сөйлегеннен кейін Ырыс жаулығының ұшымен көз жасын сорғытып, сұық сумен бетін шайып, басын көтерді. Зеркүл орнынан тұрып іштен киіз, төсөніш алыш шығып қостың алдына жайды. Состиып түрегеліп түрған кісілер жайласып отыра бастады. Сөзді тағы да Жақан бастады.

— Ырыс, шырағым, өзің жокта кіші келін қарап отырмай тырбанып, біраз кесек күйді. Ертең бәріміз

жабылып, соны қалап төбесін жауып береміз. Тірі кісі тіршілігін істейді. Ертең қылышын сүйретіп қыс келеді. Осы бастан қамданып отын-су жинап алындар. Шүкір, елдің күйі түзеліп келеді ғой жетпей жатқандарына қол ұшын береміз. Асарын асап, жеріне жетіп отырған жан емессіндегі. Әлі жассындар. Алда өмірлерің бар. Әлі де берерін, қызығын, куанышын тауыспасын дендер. Босқа күйрей бермендер, шырактарым,— деп ұзак жұбату айтты.

Кіслер кеткен соң, қоста қатар жатқан екеуі де көпке дейін дөңбекшіп ұйықтай алмады. Бар есіл-дерті ауылға жету болып, жол бойы басқаны таусылып ойла-маған екен. Баласының орны енді білініп, ішті өртеген күйіктен ет бауыры езіліп, тұла бойы қызып, уһілегенде аузынан жалын шықты.

Ырыс Арқа жайлаған елдің қызы еді. Қөшіп-конып ауылымен араласып жүрген көрші рудың бір байының баласы, Дәulet деген жігіт, мұны жастайынан айттырып, келін етіп түсірді. Бертін келе Дәulet жалғыз інісіне де қалындыққа қайын жұрты жақтан құрық салды. Сондағы айттырғаны осы Зеркүл еді. Калың малын төлеп енді әкелеміз деп отырғанда көкпарда шауып жүріп аттан жығылып інісі қайтыс болсын. Сөйтіп он жетіге жана толған Зеркүл он жақта отырып-ақ жесір қалды. Эйелге ақыл салған заман ба ол, інісінің жылын өткізген соң Дәulet Зеркүлді жасауымен ауылға алып келді.

Тағдырына жылай-жылай мойынсұнған жас қыз қырыққа пек артқан Дәuletке тоқал болып бөлек отауга кірді. Ырыс табиғатынан сабырлы көнімпаз, бір тоға жан еді. Устіме әйел алдын деп күйеуіне сөз шығарып шу көтермеді. Болған іске көкайыл қылыш танытпай төзім көрсетті. Жас күндесі де женешелеп, алдынан көлдеңең өтпеді. Енесінің бауырынан жана шыққан қозыдай біреудің әлі он, солын танып білмеген боз өкпе баласы.

Діні жуас, жеңілtek мінез, жел сөзге үйірлігі жоқ жаңең.

«Мандаіының соры бар бейбак та. Қай жетіскенниң тірлігі дейсің. Несіне табалап, қысастық көрсетемін. Осымен бақаспай-ақ қояйын», — деп бұл да оны кеудеге теппеді. Ер жетіп қалған екі қызынаң кейін баласы тұр-ақтамай жүр еді, бұл келгеннен соң Ырыс осы Мәлікті көтерді. Қүйеуімен отасқан бес-алты жыл ішінде Зеркүл де бір ұл, бір қызды болды. Соңан кейін Дәулет «кәнпес-кеге» жатқызылып жер аударылғанда бұлар ел ішінде қалған. Отken жылғы сузектен Мәліктен басқа балалардың бәрі шетінеді. Екеуінің арасында қарайып жүрген жалғыз сол еді. Бұл тағдырдың ісіне не дерсің.

Ырыс іші қызып өртеніп бара жатқан соң, үстіндегі жамылғыны серпіп тастап, түрекеліп отырды. Аунақшып үйықтамай жатқан Зеркүл де басын көтеріп:

— Женеше, мазаңыз болмады-ау, — деп қасына таянды. Сол-ақ екен екеуі бір-біріне сүйене кетіп, үnsіз егіліп, көздің жасын қоя берді.

* * *

Қыс көппен бірге жаңа салынған қоныстануды қыстап шықты. Көктемге қарай колхоз тауға егін еgetін болды. Бірде таңертең бұлардың үйіне Жақан келді. Амандық-еңдік сұрасқаннан кейін көп сипактамай асығыс кісінің әдетімен шаруасының бетін білдірді:

— Соқашыларды жонға жөнелтпекпіз. Солармен бірге көшетін екі-үш үй іздел журмін. Әрі жүртқа жатын орын керек, әрі өздері де егіске қатысатын, жұмысқа жарамды кіслер болса деп едік. Соның біріне өздерінді қолайлас келдім.

Не айтасыз дегендей Зеркүл бұған қарады. Бұл бұл-тақтатпай жауабын берді:

— Мейлі, қайнаға. Қөптің барып жатқан жұмысы. Соның біріндей қолымыздан келгенді істерміз. Үлкен басыңызben сіз келіп отырған соң, жоқ демейміз фой.

Мұның жауабына Жақан ризалық білдірді:

— Рақмет, шырағым, көп жаса. Үлкенді сыйласаң сені құдай сыйласын. Дағын болындар. Ертең ертелең жүресіндер. Бірін соқаға шығып, бірің елдің тамағын пісірсендер ме деп едім. Барған соң ақылдасып, ыңғай-ларыңа қарай көрерсіндер.

Жақан қош айтысып орнынан тұрар сәтте екеуіне карап:

— Амандық болып бныл егін бітік шықса күзге қарай еңбек ақыларыңа жетерліктей етіп астық бөліп береміз. Қарық болып қаласындар әлі,— деді көңілдеріне демеу жасағандай. Оның өзінің іштей солай болса деп тілеп, армандаң отырғаның Үрыстың зерек көңілі бірден байқады. «Әй, жаксы адамды қойсайшы бұл, елге болын деген жан-ау. Бір от басына наң тауып бере алмай қаламын деп отырған жоқ қой, сірә. Қөптің адамы деген осы фой»,— деп ойлады.

Егіншілер соқаға жегетін аттарға қостарын артып келіп таудың үстіртіндегі Ақбұлақтың басына жетіп түсірді. Айнала жатқан бетегелі жалпақ жондарға — гасырлар бойы ұшқан құс, жүгірген аңнан басқа түяқ ізі түспеген тың далаға түрен салып, жаңа үйымдағасқан «Жаңажол» колхозының алғашқы дәнін сеппәк.

Таудың терең жыра сайларында әлі де қар бар. Кешке қарай әжептәуір ызгар еседі. Құндіз үстірт үсті жылы, шуақты. Құнгеге арқасын тәсеп қыздырынып жатқандай ракаттана керілген жота-жондардың топырағы жіпсіп, бусанып, бетінде тіршілік бейнесі біліне бастаған. Келген күні жүрт қостарын тігіп, іргесін көміп бастырып, баялыш шауып, отын жинап, жана жүрттың шаруасын шауалады. Ертеңіне я сәт деп іске кірісті.

Ырыс ер жігіттей қайратты, жұмыска жерінбейтін еңбеккор еді.

— Соқаға мен шығайын, Зеркүл сен, елдің тамағын пісіріп үйде бола бер,— деді.

— Ой, женеше, мен барамын ғой, үйде өзіңіз-ақ қалмайсыз ба дегеніне:

— Шаршасам кейін кезектесерміз, бола бер,— деп кесіп айтты.

Егіншілер тұс кезінде үйге келіп бір мезгіл тамақ ішкендері болмаса таңың атысы, күннің батысы далада. Ә дегенше-ақ Ақбұлақтың төңірегіндегі жайпақ жондардың беткейлері күйрықтай тілгіленіп атыз-атыз айдау болып қалды.

Ауылда салт басты Сәтім деген ұста жігіт бар еді. Жонға шыққандардың ішінде келген ол да бір соқаның сонында. Ырыс екеуі қатар жүр. Жатын орны да осылардың қосы.

Бірде азанда Ырыс шай үстінде Сәтімнің үстіндегі ақ сұрып жейдесінің термен сауыстанып, кірлеп, жагажені қасанданып кеткенін байқады.

— Эй, ұста жігіт, көйлегің кірлепті ғой, Зеркүлге тастап кет,— деді.

Сәтім түйе жұн шекпенін етіне жалаңаш киіп көйлегін шешіп берді. Бұлар тұскі шайға келгенде, Зеркүл бұлак басында тобылғының үстінде жаюолы тұрған кірді қыртысын қолымен жаймалап, қаттап, бұктеп әкеліп берді. Оларды киіп алған жігіт Ырыска:

— Ойырмай, женеше-ай, көйлегім етіме жұп-жұмсақ тиіп қалды-ау,— деп ыржиды.

— Е, соны өзің айтып жудырып алмайсын ба? — деді бұл.

Зеркүл жымын төмен қарады.

Осыдан екі-үш күннен кейін азанда төсектен тұрып далаға, үй сыртына шыққан беті еді. Колында екі шелегі бар Зеркүл бұлактан су алып жатыр екен. Ар жақтан

түнде тұсап жайылымға қоя берген соқаның көліктерін жишип, айдал келе жатқан Сәтім оны көріп жайдың мінгін атын тебіне түсіп жылдамдата қасына келді. Жерге түсіп атының ауыздығын алып суға қоя берді де, Зеркулге таянып барып тұрды. Екеуі бірқауым әңгімелесіп қалды. Үй артындағы қалың тобылғының тасасынан мұны байқамады. Ел әлі үйкіда сыртта жүрген ешкім болмаған соң, екеуі де жалтақтамай емін-еркін әңгімеге кіріскең тәрізді. Сол көрінбеген күйі бұл қосқа қайта келіп кірді. Қиініп беті-қолын шайған соң, тұтатқан тамыздыққа отын әкеп салмақ болып далаға шықса олар әлі сөйлесіп тұр екен. Мұны көріп екеуі жалма-жан екі жаққа шеттей жөнелді. Сәтім атына міне сап су ішіп болып қырға қарай қайта жайылып бара жатқан жылқыларға тұра шапты. Зеркул де ауылға қарай асыға басты. Бұл ештеңе байқамаған бола салды.

Кешкісін жұмыстан қайтқан соң, шаршап жүрген жұрт асын іше сала жату қамына кірісе бастаған. Сыртқа шыққан Сәтім есік алдында тұрып:

— Зеркул, отының бітіп қалыпты ғой. Айдың жарығымен біраз баялыщ шауып тастайын тасып аласың ба? — деді.

— Жарайды шаба беріңіз, біраз жиналған соң тасып алайын. Кетпен қостың іргесінде жатыр,— деді үй ішінде қазан-аяғын жишип жүрген Зеркул.

Сәтім ауылды айнала жүріп баялыш шабуға кірісті. Қарш-қарш сілтеген кетпенінің дыбысы көктемнің мауҗыраған тамық түнінде анық естіліп тұрды. Сәлден кейін жібін шумақтап Зеркул де үйден шықты. Ырыс біразға дейін елегізіп әлденеге алаңдағандай көз іле алмады. Зеркулдің анда-санда арқалап келген отының үй сыртына әкеп дүрс еткізіп тастаған дыбысына құлақ түріп елендеп жатып бір кезде талып ұйықтап кетіпті. Соナン таңертен оянды.

— Женеше, соқаға біраз күн мен шығайын, сіз үйде

болсаңызы,— деді шай үстінде Зеркұл. Үріс қарсылық білдірген жоқ.

— Мейлі,— деді.

Сәтім мен Зеркұл жұмысқа бірге кетті. Даға шыққан сайын егіншілерге көзі түседі. Жалпақ жонның ұзына бойына қос-қостап жұптасып алып соқа салып, құмырсқаша тырмысып бара жатқан жұрт. Бір шетін ала Зеркұл мен Сәтім жүр. Тырна сирак, серейген ұзын бойлы, еңкіш келген Сәтім өз жұмысын тоқтата салып Зеркұлдің қасына жиі-жиі барып, біресе соқасын шұқылап, біресе атын төңіректеп күйбендер жатады. Бұрын істемеген кәсібі Зеркұлге соқа жүргізу онайға түспей жүргенін сезді.

«Мейлі,— деді.— Мен бар дегенім жоқ өз қалауы, өз дегенімен болсын». Кейінгі кезде Сәтіммен әнгімелесе бастағалы бері Зеркұлдің мұнан бүгежектеп, тайсактан-қырап жүргенін байқағанымен аңғармағанситын. «Бір ойлары бар шығар нем бар араласып өзі білсін. Бала жоқ, бай жоқ неге қарайлап, неге байланып отырмақпыз. Жөнін тауып кеткісі келіп жүрсе сонікі дұрыс. Айналып келгенде пенденікі бір басының қамы емес пе. Әлі жас, отыздан жаңа асыпты, кім кінә таға алады. Бағымды байланап несіне отырамын деген шығар. Өз дегенін істесін мен кедергі болмайын. Қолденендер нем бар». Осы ойға келген Үріс еш нәрсе сезбеген, байқамаған қалыpta Зеркұлмен де көп сөйлеспей тоң-торыс қалды. Бірақ көңілі әлденеге күпті болып, құлазып, тағдырына қарғыс айтқандай қапалық күйден арыла алмады.

Күн бата соқадан ағытқан аттарына мініп үйге қайтқан елдің соңына сала кешігінкіреп келген Зеркұл мен Сәтім сырт көзден жасырғанымен іштей көнілді кейінте еді. Жүздерінде шырай бар. Жұмыстан шаршап, езіліп келген жандай қажып, таусылу жоқ, сергек. Үрістың сұлық жүрген кейпін аңғарған Зеркұл қипактап, қорғалақтағандай болды. Келіп қазан-аяғына көмектесті.

— Женеше, науқастанып қалған жоқсыз ба, өңіңіз неге сыйық? — деді жанашыр пейілмен.

— Білмеймін, қарадан-карап мазам болмай жүргені,— деді Үрыс шынын айтып. Екеуі де сонан соң үнсіз қалды. Төсекке жаткан соң да шым-шытырық ойлардан арыла алмай көзі кеш ілінген еді. Бір күтпеген тұс көріп оянды. Түсіне баласы кіріпті. Аппақ әп-әдемі, ажарлы-ақ. Үсті-басы тап-таза. Ақ көйлек, қара костюм-шалбар, басында тік мандай шәпкі. Түймелері алтындаі жарқырайды. Сонадайдан бұған қарап тұр, жанына келейін демейді.

— Куатым-ау, Мәлік-ау, мен сені әлденендей күйге душар болды деп жүрсем аман-есен екенсін гой. Қайда жүрсін? Кім пана болып қанатының астына алған? Үстіңдегілерді қайдан алдың? Кім киіндірді? — дейді бұл баласына қарай ұмтылғысы келіп аптығып-аласұрып. Кол-аяғы бос тұрса да қымылдауға шамасы келмейді, жаны кетіп қалған сияқты.

«Корықкан мен қуанған бірдей» деген қатты қуанған-нан есім шығып қол-аяғымды жинай алмай тұрмын гой. Казір көнілім орнықкан соң, қалпыма келемін, сонан соң барып бауырима басамын гой. Шыбын жаным-ау, қара-йып түрған түрін қара. Қөрдім-ау, әйтеуір»,— дейді бұл өрекпіп. Баласы сап-салмақты қакаң-соқаңмен ісі жоқ, бала болып еркелеп шолжандап көрмеген, тойған қозыдай монтиып отыратын, сол баяғы жуас, суп-сүйкімді қалпы. Бұған да көптен көрмеген жандай зарығып, алып-ұшып бара жатқан пейіл байқатпайды. Жай ғана жынысп күледі.

— Кімдікі дегениң не, өзімнің киімім гой, апа,— дейді жайбарақат қана.

— Құлыным-ау, қарның ашып қалған жоқ па? Жалғыз өзің қалай күнелтіп жүрсің?

Баласы мұның сөзіне мәз болғандай езу тартып күледі. Қөнілінде йнедей уайым-қайғы жоқ.

— Қасында кім бар, жалғызырамайсың ба?
— Апа, қасымда жолдастарым көп, корыкрай-ак
кой,— дейді Мәлік.

— Қандай жолdas? Қайдағы жолdas оларың?
— Бірге оқитын, бірге жүрген балалар ше...

«Е, мұны әлгі балалар бағатын үйге алып кетті деп
еді-ау»,— деп ойлайды Ырыс. Сонан соң баласына қа-
райды:

— Жаным-ау, мені осынша әуреге салғаның не? Қай-
да кетіп қалдың? Жер-көкті шарқ ұрып сені таба алма-
дым ғой.

— Апа, бізді базардан арбаға салып алған ағайлар
көп балалардың ішіне әкел тамақтандырды да поезға
отырғызды. Мен сізді кашан келер еken деп жолға қарай
бердім. Көп күттім. Келмедініз ғой.— Баласы өкпелеген-
дей екі ұрты томпайып бүртня карады. Ырыстың жаны
кеудесінен шығып кете жаздады.

— Жарық сәулем, сенің қайда екенінді білсем, от-
тын ішінде болсанда бармас па ем. Білмей лажым тау-
сылған жок па мен бейбактын.

Баласы үндемейді, жаңағы орнынан тапжылған
жок әлі.

— Шырағым-ау, состоып тұрғаның не? Жатырқап
қалғансың ба? Бері таянсаншы. Мен мына аяқ-қолымнан
қалып отырғанымды көрдің бе? Апам өзі неге жакында-
майды деп ойлайсың-ау? Бармайын деп тұрмын ба? —
Ырыс өз дәрменсіздігіне ашуланып, ышкынып «мені
не қара басып қалды» деп жұлқына ұмтылғанда оянып
кетті.

Каранғы үйде басын көтеріп түрегеліп отырды. Жас-
тығы шыланып қалған екен, аударып салды. Денесі дел-
сал. Элгі түстің әсерінен арыла алмай көнілі алай-дүлей.
Өкпесі аузына тығылып, тынысы тарылып, алқынып
бара жаткан соң, далаға шыкты. Таң каранғысы үйінан
төңірек тылсым қарауыта түсіп жым-жырт мүлгіп тұр.

Ауыл алдындағы бұлак жақтан бөбектің күлкісіндей былдырлаған бір сарынды ойнақы үн естіледі. Қөткемнің шыққа малынған салқын түні жылы төсектен тұра салып көйлекшөң шыққан Ырыстың денесін тоңазытып бірден сергітіп жіберді. Есін жып қалпына түскен соң, жаңағы түсіне қайта оралды.

«Бейшара тірі екен-ау. Тірі ғой. Жаңағы тірі адамның кейіпі ғой. Ажары жақсы, қабағында кірбің жоқ. Қөнілі шат. Тамағы тоқ, усті-басы бүтін. Қүйі бар жерде жүрген тәрізді. Қалай түсіме кірді? Әлде, хабары шығып қала ма?! Кім біледі, жаратқанның жақсылығы аз ба? Жарылқаймын десе қын емес. Қоріп тұрып екеуміздің бір-бірімізге бара алмағанымыз қалай? Мұны неге жоруға болады? Қасыма келмейді, алыс жерде жүр-ау, сірә».

Үйден біреу шыққандай болған соң, есікке қараса Зеркүл екен.

— Женеше, неғып тұрсыз, жалғыз өзіңіз, бейmezгіл уақытта,— деп қасына келді.

— Бір тұс көріп оянғаным.

— Жақсылық па?

— Білмеймін,— деді Ырыс дел-сал күйде. Сонау соң көрген түсін, өз жорамалын айтып берді.

— Қайда екенін кім білсін, бірақ аман-есен жер басып жүр әйтеуір. Тірлікте көрісуді жаза ма тағдыр жазбай ма қайдам? Тек бәле-жаладан аман, өмір-жасы үзак болғай, бейшараның,— деді күрсініп.

— Женеше-ау, жақсы тұс қой. Ойнап-құліп шапқылап жүр ғой, айналайын. Амандық болса бір күні хабарын да естірміз. Қөресіз әлі. Қездесесіз.

— Айтқаның келсін!

— Ертең бір жеті наң таратайықшы.

Шығыстан бозарып таң көрінді. Ұйып тұрған қарандылық байқатпай жылжып жасырынып жатқандай сайсала өзгеше қарауытып, үстірт үстінің түні сейіліп төңі-

рек бозаң тартты. Сынаптай жылтырап Ақбұлақтың бастауы ағарандады. Таңғы салқыннан жаурай бастаған екі әйел үйге кірді.

— Осының ертеңіне тұскі шайдан кейін үшеуі оңаша қалған сэтте Сәтім қипактай отырып әңгіме бастады.

— Реке, мені жастайымнан білесіз. Осы ауылда өстім. Артымда қарайлайтын ешкімім жоқ, салт бас жігітпін. Рұқсат етсеңіз қолдарынызға келіп кірейін. Сіздерге де, сырттағы шаруаларынызға қарауыл, бас не біреу керек емес пе? — деді.

Ырыс күтпеген әңгімеге елен етіп алдындағы жігітке антарыла қарады. Бас-аяғына байыппен көз жүгіртті. Ат жақты, орақ мұрын, шегір көз, шықшыты шығыңқы құс мойын, кең мандай, ұзын сары жігіттің жанары жуас, қабағы ашық. Қауқалақтаған ақ көңіл, терісі кең, көнтерлі жанекенін бір көрген кісі де анғарғандай. Малдас құрып, қеудесін еңкіш салып отырған күйі бұған тұра қарамай көзін жерден алмайды. Бала мінез, ар жағында еш нәрсесі жоқ, тұрған бойы осы Сәтімнің мына әңгімені шын пейілмен актарыла айтып отырғанына күмәні болмады.

Зеркүл де не айтасыз дегендей төмен қарап бұған құлак түріп қалған. Өзі үндемей отырғанымен бұл әңгіменің бір ұшығы соナン шығып жатқанын Ырыс сезді. Не дерін білмей тосылып қалды. «Жоқ» деп қайырып тастамады. «Мені қайтесіндер өздерің бас құрап жараса беріңдер. Бақталайларың ашылсын. Алдарыннан жарылқасын», — деп кесіп тағы айта алмады.

— Қайдам, өздерің біліндер. Ақылдарыңа салындар. Сендер лайық десендер мен қайда кетемін, — деді ақыры келіскең сыңаймен.

* * *

Таусыраң жатқан топыраққа тасталған дән тез-ақ бөртіп бырдай болып шыға келді. Жаз ортасына қарай

үстірт үстінде сап-сары егін теңізі толқып жатты. Қырманға түскен қызыл дәл құмның шағылындаі жал-жалга созыла, молшылықта жұрт бір кенеліп қалды. Құзге салым егінді жинап ылдига түскенде, ұста жігітті орталарына алып, қоныстанудағы үйіне бұлар үшеу болып оралды.

Сәтім тиіп-қашып ұсталық жасайды. Қала берді колхоздың қара жұмысын істейтін. Ырыс пен Зеркүл де қарайлап жатқан бала-шағалары жоқ салт басты, сабау қамшылы адамдай колхоздың қайда тіршілігі болса сонда жүретін. Көктемге сала Жақан келіп қолқа салды:

— Малға шықсандар қайтеді. Үш білдей жансындар. Қой бағу қолдарынан келеді сендердің. Мал іші береке, өздеріне де қол ғой,— деді.

Ақылдаса келе бұлар да мұны мақұл көрді. Колхозда ойдан-қырдан жиналып, бір кора қойдың басы құралып қалған екен. Соны алдына салды. Жайылымның ыңғайымен жаз жонға шығып, қыс құмға құлап, қоныстануды таstadtы енді. Таяғы құтты болып бір кора қой төрт-бес жылда мынғырған малға айналды. Орталықта отырғандарды мал бағуға шығара бастады. Малшылардың қарасы он-он бес үйге жетті. Өстіп көшіп-конып жүргенде Зеркүл екі үлді болды. Алды апыл-тапыл басып, алданышқа жарап қалды. Емшектен шыққан соң-ақ Болатты Ырыс бауырына салды. Сонан бастап баланың шешесімен жұмысы болмады. Осымен бірге жатып, бірге тұрады. Зеркүл, жазғаның да көнілінде қалтарысы жоқ еді. Кішкентайларын осыған икемдеп бөлектемей өсірді. Екі сөзінің бірінде «женеше-ау, мына балаларыңыз...» — деп отыратын. Күні бүгінге дейін Болат та өнан кейінгі Серік те мұны «үлкен апа» Зеркүлді «кіші апа» деп атайды.

Софыс басталғанда Болат төрт жаста, Серік емшектен шыға қоймаған еді. Жүзіне шырай кіріп, күлкісі келісе бастаған тіршілікке соғыс алапат дурбелен салды. Аз уақыттың ішінде-ақ ауылдағы ер-азаматтардың катары

сиреп қалды. Олар дүркін-дүркін майданға аттанып жатты. Ойын-күлкі тыйылды. Алғашқы бір-екі шақырудан «жүргізген жоқ кейінге қалдырды» деп қайтып оралған Сәтімге екінші жылға қарағанда жаз ортасында тағы да шақыру келіп ауданға жүрді.

Екі-үш күндей аялдап, үйге кешігіп қайтқан оған бұл жолы Жақан ілесе келді. Есік алдында үн-түнсіз аттан түсіп жатқан олар үйге кіргенше ләм-мим деп тіл қатқан ешкім жоқ. Төрге шығып жайғасқан соң, «әлде қайтты» деп екеуі екі жақтан жәудірей қараған әйелдерге:

— Жөнелтетін болды,— деді Сәтім хабарын айтып.— Жұмаға ауданға бару керек. Бүгінгі күн сәрсенбі.

Екі әйел тұрғынып, бүрісіп отырып қалды. Сәтім де қайтып еш нәрсе демеді. Үй ішіне бір сәт ауыр тыныштық орнады. Бұл үнсіздікті Жақан бұзды:

— Елдің бәрінің басындағы зауал ғой. Алабөтен жағдай емес. «Көппен көрген ұлы той» деген. Уайымдамаңдар, шырактарым. Арты қуаныш болсын деңдер.

— Біз қайтеміз, қоныстануға көшеміз бе онда? Қайнаға қойды кімге өткізесіз? Сәтім кетсе малда отырмайтын шығармыз,— деді Үріс шаруа ыңғайын сөз етіп.

Жақан оның сөзін аяқтатпай киіп кетті:

— Үріс-ау, көшкенің не? Қайда бармаксың? Малды өткіземін дегендерің не, кімге өткізесіндер? Кім бағады. Қойшыны мен қайдан табамын? Бәленше отыр ғой анау деп айтындаршы. Елдің бәрі көз алдарында ғой. Бұл не деген сөзің?

— Қайнаға-ау, Сәтім кетсе біз малға қалай не бола аламыз, екі әйел, екі жас бала?

— Үріс-ау, сендер не бола алмағанда мал бағу қолынан келетін кісіні қайдан іздеймін? Ер жігіттей екі жансыңдар. Өздерің бағып келе жатқан мал. Үйренген шаруаларың. Қүйеулері әскерге кеткен қойшылардың үйіне жәрдемшіге орталықтан бір-бір әйел әкеліп теліп, селбестіріп отырмыз. Елдің бәрі осындай.

— Қайдам, қайнаға,— деді Үрыс бетпақтықка бара алмай, ыңғай да бере қоймай.

Жақан енді бастырмалатпай салмақты өздеріне арта жуаси сөйледі:

— Үрыс, түсінігің бар еді ғой. Менің де лажым таусылған соң, асылып отырмын. Сендерге жамандық ойлайды дейсін бе? Қайтейін. Қын екенін де білемін. Бірақ елміз ғой, бір амалын істейміз де. Түсін, шыратыым, ойлап-ойлап өздеріңен лайықты адамға тоқтай алмадым.

— Тәуекел етіп көріндер. Жақаң өзі зер салып, жағдайларыңды біліп тұрап. Енді қайда жібереді ол майды,— деді, көп үндемейтін бір тоға Сәтім осы тұста сөзге араласып.

Үрыс мойынсұнып қалды. Шай ішкен соң қош айтысып Жақан қайтып кетті. Қір-қоңын жудырып, жолға оны-мұны дайындағып Сәтім екі күн үйде болды да жұма күні тан алагеуімнен жолға шықты.

— Малға өзім не бола тұрармын. Сен ауданға бірге барып шығарып салып қайт. Балаларды ала кет,— деді Зеркүлге. Сөйтіп жапырық сары атанға жадының үстіне текеметтен қоршау жасап, екі баланы екі жағына отырғызып Зеркүлді ілестіріп жіберді. Ертеңіне кешке қарай ауылдан алып кеткен артық-ауыс киімдерін, заттарын салған ала қоржынды тенденеп торы атты атаниң жетегінә алып қайтып оралды.

— Бүгін азанда жүріп кетті,— деді.

Сол жылы, сол жүрттa, екі таудың ортасындағы терен жырада, тас бұлактың жағасындағы жалғыз караша үйде қара күзге дейін отырды.

«Жұт жеті ағайынды» дегендегі елдің күйі кетіп жудеп, жабырқағанына қарай сол жылы таудың қаскыры күтырынса болар ма. Алдындағы малға тал түстө шабатынды шығарды. Кейде кора-кора болып, қаймықпай, төңіректеп торуылдал жүреді. Күндіз балаларды

үйге қамап, есікті сыртынан таңып, екеуі малдың екі жағынан қалмайтын болды. Тұн баласына кезектесіп күзетіп шығады. Эйтпесе көз жазып қалатын түрлері бар. «Бәлен жерде бәлешенің отарын қасқыр қырып кетіпті»... деген тәрізді қауесетті естіген сайын имандары бір уыс болады.

Құмға қарай «әні құлаймыз, міне құлаймыз» деп буынып-түйініп бірге көшетін басқа елді күтіп, қарай-лағандарына біраз болған. Сүмбіле туған соң-ақ салқын тарта беретін тау ішінің қара суығы едәуір. Үйге от жақпаса отыра алмайды. Малды қамап, кешкі тамақтарын ішкен соң, бүгін кезегі еді, Зеркүл күзетке шықты да бұл екі баланы қасына алып жатып қалған.

Ұйықтап кеткен екен. Түсінде атасын, бұрынғы қүйеуінің әкесін көрді. Берекелі, кең, қайырымды кісі еді. Келінің баласындай санап жылы қабак танытып, тең үстайтын. Бұл да алдынан өтіп көрген жоқ еді.

«Ойпырым-ау, мынау атай ғой, бұл кісі баяғыда қайтыс болған жоқ па? Қайдан жүр?— деп аң-таң болып, бір жағынан қылмысты жандай-ақ тайсақтап оған тұра қарай алмай бүгежектей береді. Ол кісінің ойында еш нәрсе жоқ тәрізді. Бұған салқын рай танытпайды. Сонадайдан тұрып:

— Келін!— деп дауыстал, ар жағына қарашы дегендай қолындағы ақ таяғын күннің батысына қарай сілтейді. Ол кісі нұсқаған жаққа жалт қарайды. Сөйтсе бұл биік бір таудың түбінде тұр екен. Жоғарыдан күркіреп ала сапыран тасқын құлап келеді. Зәресі ұшқан бұл көмек сұрағандай жалынып, атасы жаққа қараса ол кісіні енді көзіне түсіре алмайды. Не істерін білмей жан ұшырған Ырыс:

— Сүмдық-ай, ананың астында қалғанымыз ба, мына екі баланы қайттым?!— дей бергенде оянып кетті. Тұла бойы үйип қалыпты. Жүрегі дүрсілдетіп әкетіп барады. Есін жия алмай біраз жатты. Сонан соң өзіне-

өзі келіп: «Атам жарықтық түсіме қалай кірді, бұл қалай?»— деп ойлай бергенде даладан әлдене дүр ете түскендей болды.

— Ойпырмай, мынау не?!— деп бас жағында жастанып жатқан шапанын алуға да мұршасы келмей үйден ата жөнелді. Күнде қолына ұстап жүретін, белдеуде қыстырулы тұратын жыңғыл шоқпар есіне түсіп, әйтеуір соны тастамауды ұмытқан жоқ. Коранын алдына қалай жетіп келгенін өзі де білмейді. Іште апалаңтопалаң.

— Зеркүлші, Зеркүл!— деп аттан салды. Албардың ығына сүйеніп отырган күйі мызғып кеткен екен, қалба-лақтап ұшып түрегелді ол да.

Жүрек тоқтатып астын-үстін ала сапыран болып жатқан қораға зер салып еді. Байқағаны шымқай кара қойлардың оргасында әлде қасқыр, әлде ит екенін ажырата алмады, бозаландаған бір нәрсе ойран жасап жүр.

— Ойбай, секір! Қораға түс. Қырды!— деп өзі жүгір-ген бетте албардың таудың беткейіне тіреп салған, сыртынан үстіне кісі, ат та көтеріле беретін аласалау жағындағы жарынан ішке карғыды. Жан қысылғанда адамның өлермен болып кететін әдеті. Корку, үркү деген ойына кіріп шыққан жоқ. Тек бірінің үстіне бірі шығып бейберекет жөңкіген малдың аяғының астында қалып коймайын деп, жан-жагына жіті қарап, сак қозғалып, құтырғандай алас ұрып ана қойға бір шауып, мына қойға бір шауып ойрандап жүрген жыртқышқа таяна берді. Бұл кезде адамды байқап қалған қасқыр кораның төрін тастай салып, албарға қарай тұра жөнелді. Сол келген бетте секірді. Албар іш жағынан кісі бойы биік қаланған еді, бірден ар жағына асып кете алмады. Алдыңғы екі аяғы жоғарғы кенереге ілініп, тырмысып, шыға бастағанда бұл да жетті. Қос қолдан көтерген жыңғыл шоқпармен бар пәрменімен бастың тұсы осы-ау

деп періп өтті. Сылқ етіп құлаған жыртқыш аунап тұрып қайта қаша жөнелді. Бұл кезде қасына қолында бесақасы бар Зеркүл де жеткен еді.

— Айрылып қалмайық енді. Сак бол. Құтылып кетпесін. Бір жағына шыға бер,— деп тапсырды, өзі айнала қуып жүріп. Екеуі екі бүйірден қыспаққа алғанда жанталасқан жыртқыш арс етіп, таяп келіп қалған Зеркүлге тұра атылды.

— Ойбай!— деп жан даусы шыға жығылып қалған оған да қарамай Ырыс өкшелей жетіп, албарға ырғи берген қасқырды тағы періп өтті. «Қаңқ!»— еткен азы даусы шығып іргеге солаң етіп құлап түсті. Соңан кейін-ақ бас көтертпей үсті-үстіне пергіледі. Жыртқыштың шоқпар тиген денесі былқ-сылқ етіп, үні өшіп, тіршілік белгісін білдірмеген соң «енді өлген шығар» деп тастай салып, анадай жерде отырған Зеркүлге жүгірді. Ол үрейленіп қалыпты. Жанына келген мұның:

— Не болды? Амансың ба?— дегенине дір-дір етіп жауап бере алмады. Шапанының бір жені жоқ. Білегінен дірдектеп қан ағып тұр. Қасқырдың тісі бұлшық еттің едәуір жерін жырып кетіпті.

Оны сүйемелдеп үйге алып келді. Даладағы дабыр-дұбырдан оянған болу керек, екі бала түрегеліп төсектің үстінде бір-біріне үйлішіп, бүрісіп отыр екен. Көрген соң қыңқылдал, жылап бұларға қарай жүрді. Корқып қала ма қайтеді деп, оларды төсегіне әкеліп салып, орап қымтады.

— Ой, айналайындар, кішкентай, неге тұрдындар? Біз малды қарап келдік. Жатағойындар. Ұйықтандар,— деп, аймалай, арқаларынан қағып жатқызған соң, от жағып, су жылдытып, Зеркүлдің жарасының қанын жуып, құрым киіз күйдіріп басты. Соңан кейін барып қорадан әлгі бәлені сүйреп келіп, үйдің жанындағы қомыт-қомшалармен бастырып тастады. Ертеніне қидалап отырып

терісін түсіріп алды, әйтеуір. Серектей болып жетілген көктемгі бөлтірік екен.

— Тұқымың өспегір, үлкендігі тайыншадай арлан болайын деп тұрган бәле екен-ау,— деді сойып жатып денесі түршігіп.

Тұнде караңғыда қораны аралап шығып, қарап тартып кеткені болмаса, әйтеуір, өлгені жоғын байқаған. Азанда шығараарда мұқият қарап, жарадар болған он шақты қойды бөліп алып қалды. Қебісінің құйрығынан бір-бір тартып кете беріпті. Екі-үшеуін женіл тамактаған. Бағып-қакса мал болатын. Біраз көлденең бейнетін айтпағанда әйтеуір өлім-жітімге ұрынған жок. Катарға ілесіп кетті акыры.

Ал Зеркүл шошымал болып, ауырып, жарасы жазылмай көп азап тартты. Оған сездірмегенімен өзі іштей қауіптеніп: «Құтырған қаскыр емес пе екен? Сондай бәле болып сорлатпаса»,— деп талайға дейін уайымда жүрді Үрыс.

* * *

Женістің хабарын бұлар көктемгі мал төлдетудің бел шешлей түн қатып өткізген қым-куыт науқанынан бас ала бергенде естіді. Ел құмнан шығып келіп, малды осы қоныстанудың төңірегіне төлдететін. Бұлар Коянды қырқасының етегінде отырған. Түске таман орталықтан шауып шықкан салт кісі арадағы екі-үш малшының үйіне ат басын сәл аялдатып кідірді де, сол ерден түспеген қалпы бері қарай салды.

— Мынау кім өзі, қалай-қалай жүреді?— деді Зеркүл ганырқай қарап. Бәрі қораның төрінде тұрган. Үрыс тегін шапқылап жүрмеген адам екенін байыптағы.

— Баяғыда тойшыкеш шабармандар өстіп жүруші еді,— деді күліп.— Мынау не сүйінші сұрап, не тойға шақырып жүрген біреу гой.

Ә дегенше аттылы таяп қалды. Ауылдағы ересек балалардың бірі екен.

— Апа, сүйінші! Соғыс бітті! Біз жендік! — деді бала сонадайдан айқайлап қуаныштан есі шығып кеткен. Тап бір өзі женіп қайтқандай масаттанып, масайрап сыймай келеді.

— Аузыңа май айналайын!

— Көп жаса, қарағым. «Жақсы сөз жарым ырыс». Мұны еститінде күнге жеттік, шүкір! Шүкір! — деді тұрғандар көзіне жас ала толқып.

Ырыс әлгіні айта салып, әрі жөнеп бара жатқан баланы тоқтатты:

— Қалқам, бұл хабар қашан келді? Сені кім жіберді мұнда?

— Жаңа келді, апа! Мені Жақан ата жіберді! «Осы жақта отырған барлық малшылардың үйіне тез хабардла», — деді. Міне мынау сол кісінің аты,— деп бала қайта шаба жөнелді.

Ырыс енді байқады, баланың астындағы Жақанның кызыл айғыры екен.

— Елді қуант деген ғой, қайтсын. Өзі міне салып шабатын шама жок. Көп тілеуі киелі ғой, жарықтық. Тілектері болды. Мұныңа шүкір, жаратқан,— деп Ырыс құлдырай шапқан баланың артынан ұзак қарап тұрды.

Мына бала әлгі бір елең еткізген, өзі ала келген қуанышпен бірге көңіліндегі қай-қайдагы сағынышты да қозғап кеткендей. «Тәңірден сұрағанның үяттығы жоқ» деген, пенде шіркін қуанышқа тойған ба? Қөппен бірге күткен ұлы жақсылыққа жеткен күні көңілі ала-бұртып іште жатқан өшпелйтін үміт отына жел тиғендей шоқтанып көкейді тескен арманды ой әр қиялға жетелейді. «Мәлігім жаңагы балалармен қатар еді, қолымда болса өстіп әжетке жарап қалар еді-ау деп толқып тұр.— Тірі болса қайда жүр екен? Қандай болды?» Ба-

ласының қазіргі есейген күйін көз алдына елестеткісі келіп әуреленеді.

Сәтімнен кеткелі бері хабар үзілген емес. Бірде: «Жараланып госпитальға түсіп қалдым», десе, бірде: «Жазылып шырып майданға жүретін болдым»,— деп жазады. Кейінгі кезде кілең: «Жауды қуып барамыз, жеңіс жақын»,— дейтін. Әйтеуір, амандығына кәмбіл бұлар:

— Дәм бүйирса келіп қалар,— деп отыратын.

— Ойпыр-ой, бұл неғылған бітпейтін ғазапат. Жердің де тубі жоқ екен, жарықтық. Әлі қуып барамыз дейді. Тіпті жететін емес қой,— деп кейде шыдамдары жұқара сарғаятын шақтары да бар.

Софыс бітті деген соң, сол күні келіп қалатындағы елендеп, енді бір хабары болар деп күнде қарайлағанымен жуық арада Сәтімнен тырс еткен дыбыс естілмеді. Сол екі арада қозылар аяқтанып қалды да тауға көшті. Енді орталықтан жырақтап, хабар-ошары да кенделеп, «япыр-ай, бұл қалай болды» деп уайымдал құдіктене бастағанда ойда жоқта, жаз ортасында Сәтімнің өзі жетіп келді.

Үй таудың ішінде баяғы сол өздері жайлайтын бұлақтың басында отырған. Шілденің іші. Күн ысып беткей, жондар сарғайып кеткен. Бұлақ тәңіректері мен сай табандары ғана әлі ойдым-оидым көк торғын түсін бермей дала реңі сары параққа шашыраған сиядай шұбарланған кез.

Әдеттегідей бүгінде малды ертелеңтіп өргізіп, салқында жайып келіп, күн қайтқанша бұлақ басына жусатып, дамылдап түскі шайын ішіп отыр еді. Үй іргесінде көлеңкеде жатқан ит шәу ете түсті. Артынша дүсірлеген ат тұяғының дыбысы естілгендей болды. Тәменгі жакта отырған Зеркүл түрегеліп түрулі есіктен басын шығарып, сыртқа көз жіберген еді. Сол сәт үн жоқ, түн жоқ тұрып қалды. Оны байқаған Ырыс:

— Зеркүл ол кім, біреу келе жатыр ма? — деді елеңдеп.

— Женеше-ау, Болаттың әкесі,— деді ол даусы дірілдей, өні бозарып босағаға сүйенген қалпы. Ырыс:

— Койши не дейді, қане? — деп ұшып түре келгенде есік алдындағы кішкене белеңнен бері асып келе жатқан екі аттылы көрінді.

— Жаным-ау, өздері екі аттылы ғой, бірі кім?! — деді Ырыс ә дегенде көзі түскен он жақтағы сүр гимнастерка, сүр шалбар сол түстес мая жон телпек кигеннің Сәтім екенін жобалағанымен қасындағысын бірден ажырата алмай. Сол сәт тұла бойында ду еткен қуаныш толқынымен қабақат дүдемәл бір үміт те көңіліне оралып елеңдей қалған. Тізелері дірілдеп, жанары бұлдырап көз алдына сағым толқығандай болды. Аңғалағын алақанымен уқалап жіберіп қайта назар салды. Ересек кісі тәрізді.

— Е, ауылдан ілескен біреу болды ғой,— деді орта көнілденіп. Соңан соң өзінің бұл тұрысына қарадай ыңғайсыздана «ей мұным не, ер-азамат ат көлік аман келе жатқанда қуанбағаным ба? Баладан баяғыда айырылған жоқ па едім, ендігім не, жаңа жоғалтқандай болып», — деп бойын түзеп алды.

— Болат! Болат! Серік! Экең келеді! Эне қараңдар, жүгіріндер алдынан! — деді өзі сыртқа шыға беріп. Сол-ақ екен, екі бала таянып қалған аттыларға қарай құлдырай жөнелді. Олар жете бергенде Сәтім де аттан домалай түсіп, үлдарын бауырына басып, кезек-кезек иіскең сүйіп көпке дейін құшағын жаза алмады. Жүгіре басып бұлар да жетті. Жанындағысы Жакан екен. Ырыс пен Зеркүлге құтты болсын айтып: «Көз айым болдындар ма», — деп қуаныш білдірді.

Сәтім бір баласына пилоткасын кигізіп, бір баласына белдігін байлап, екеуін екі жағына алып мәре-сәре болып үйге қарай жүрді. Зеркүл бұрынырақ бара бер-

мек болып асығыс басып алға түсті. Үріс ат жетелеп Жақанмен әңгімелесе сонынан келе жатыр. Жақан жүдеулеу екен. Жөтелі шығып жүр деп естіген. «Қалай-сыз»,— деп денсаулығын сұрады.

— Е-е, Үріс шырағым, денсаулықтың несін сұрай-сың қайта жарадым, осы кезге дейін сүйретіліп келдім. Оған да рақмет.

— Өзі жасы келген кісіге бейнет те асып кетті-ау мұлде. Сізге не сын,— деді Үріс шын жан ашырлық білдіре.

— Рас, шырағым, оның. Бұрын күтінумен жүрген жан гой біздікі. Бала кезден қалған ескі ауру еді. Сол кейінгі кезде білініп, қозып кетті.

— Енді өзінізге-өзініз қарамасаңыз болмайды гой.

— Осы жолы қызметті өткізіп рұқсат алдым. Шүкір, елден дәм бүйірган азаматтар келді гой. Адам табылмай отыр дейтін емес. Солар өзі басқарсын, қызметін істесін. Қын кезде аянғаным жок, енді босат дедім. Сөйтіп ауданның ризалығын алып, жұмысын тапсырдым. Осы келгендегі ойым: Таудың ауасы жақсы, қаңғыр-күңгір әңгімелесіп отыратын мына Сәтім келді, өздерін бар, осында біраз жатып, ак ішіп, аунап-кунап қайтпақпын,— деді.

— Оныңыз жөн,— деп бәрі де қошуақ болды.

Софыстан кейінгі жаз елдің еңсесін көтертіп, ойын-күлкісі жарасқан жайма-шуақ жыл болды. Қызық сағынған жүрт тұрмыстың әлі де тапшылығымен санаспай сәл нәрсеге бола ду етіп той-томалақ жасап, арқа-жарқаланып қалады.

Сәтім келіпті дегенді естіген соң, төніректегі малшылар сау етіп, жиналып қалды. Талай жылдан бері бүйрек майы бітеу жүрген көк серкені алып үрып, Сәтімнің ерінің басынан алынған ат дорбадағы төрт шөлмекті ашып, салтанаты шағын ауылға бек жетерлік той өткізілді. Тір-

шілік ағыны кең арнаға түскендей бірте-бірте тыншып, сабырлы қалыпқа енді.

— Балалар окуға ілігіп қалды. Біз Зеркүл екеуміз-ақ мал соңында болайық, сіз орталықта отырып, осыларды оқытсаңыз,— деді Сәтім күзге салым оқу басталар алдында Ырысқа.

— Болатжанға, тіпті, обал болды, жасы асып барады,— деп бұл да мақұл көрді.

Сонан Ырыс балалармен қоныстанудан орын тепті. Құз құмға көшерде Сәтім отын-су, тамағын дайындал беріп кетеді. Жазға қарай оку тараған соң жайлалауга көшіріп алады. Сөйтіп жүргендеге балалар мектепті бітірді. Болат шофердің окуын оқып колға қарайлады да, Серік үлкен қалаға барып окуға түсті. Сәтім мен Зеркүл маңдан пенсияға шықкан соң бірақ босанды. Орталықтан жаңадан шифрлап үлкен там салып сол біткен соң, олар да көшіп келді. Окудағы Серіктен басқаның бәрінің басы қайта қосылды. Болат аяқтанып біраз жаман не-мелі болды. Кішкентайларды Зеркүл мұнан бұрын алып іискемейтін, жазған.

— Үлкен әжеңе бар, үлкен әжеңе бер,— деп отыратын үнемі. Сонан құлактарына сіңісті болып қалған Немерелерінен біреу:

— Кімнің баласысың десе, олар:

— Үлкен әжем баласымын,— дейтін ылғи.

Осыдан біраз жыл бұрын Сәтім, Зеркүл екеуі де мезгілі жетіп дүние салған. Зеркүл топырағың торқа болғыр, басында отырған мұнымен кешу айтысып жатып.

— Жеңеше, көнілінді қалдырған жерім болды ма? Алдыңан шықпасам деуші едім,— деді.

Ырыс елжіреп, қалай егіліп кеткенін байқамай қалды. Қөзінің жасымен алысып отырып, науқастың қолын мейірлөне спипалай берді:

— Айналайын, екі жалғанда ризамын!

Зеркүл мұның сөзін қошуақ алғандай басын изеп, күлімсір езу тартты. Сақардан шыққандай боп-боз жүдеу жүзіне білінер-білінбес сәл ғана қызыл шырай жүгіргендей болды. Соңан соң тәбеле қарап біраз ойла-нып жатып:

— Кәрі кісінің көңілі кінәмшіл болады. Балалар әлі жас қой. Жас адам кейде еш нәрсенің қадірін біле бер-мейді. Бір нәрседен ренжіткен сэттері кездессе қапа болмаңыз. Сізге бөтендігі жок еді ғой балалардың,— деді.

Ырыс тыныштандыра сөйледі:

— Ол не дегенің, Зеркүл!

— Жай айтқаным ғой, женеше,— деді бұған қимас қабақпен жәудірей. Соңан соң: — Шіркін-ай, Мәліктің тірлікте бір хабарын білмедік-ау,— деп күрсініп әрі қарады.

— Кездесуге бүйрық болмай түр да. Бір жерде тірлік етіп жүр ғой. Әттең, кім білген. Баяғыда-ак адам қата-рына ілікті ғой, жарығым. Ендігі үйлі-жайлы, балалы-шагалы болып өсіп-өніп кеткен шығар. Қайтейін, тірі жүрсе амандығын тілейміз де, соны дәтке қуат дейміз де. Бұл жалғанда жүздесуді жаза ма, жазбай ма, ол тәңір-дің еркінде,— деп Ырыс сыртқа шығара бермейтін сырь-ның бір ұшығын сездіріп үндемей қалған. Осыдан көп кешікпей Зеркүл дүние салған.

Біреуге ерте, біреуге кеш деген. Олар жер бетінен көшкелі қашан. Бұл болса бүйрықта несібесін татып әлі жүр. Әлі жүрмін деп ренжімейді бірак. Жарық дүние, шіркінге, не жетсін. Бір күн де болса тірлік жақсы. Тек жатса-тұрса балаларды ойладап тілейтіні: «Осылардың бірінің жаман атын естіртпей, алдында алса екен»,— дейді. Бар арманы осы.

Балаларының көңілінде де титтей кінәрат жок. Өзі Болаттың қолында. Енді қара жұрттағы қара шаңырақтың несісі осы. Жеті-сегіз кішкентайы бар. Серік баяғы үстіртке салынған заводқа оқуын бітіргеннен кейін ин-

женер болып қызметке кірген. Сондағы жаңа қалада тұрады. Демалыс сайын «жигулиін» жылтындастып «апалап» жетіп келеді. Оның да үш-төрт баласы бар. Шүкірлігін айтып, айналып-толғанып Ырыс отырады. Бар тілегі балаларының амандығы. Бар тілегі елдің амандығы.

МАЗМУНЫ

Әңгімелер

Нияз шалдың немерелері	6
Иіс су	18
Толқын	40
Аяулы мен Аїсаған	62
Сейілу	75
Мөлдір сағым	90
Ақ пірім	111
Ақ теке	134
Жыртылған жайде	138
Көктеуде	143
 Повесть	
Коңыр жон	147

Берик Шаханов

СВЕТЛАЯ РЕКА

Рассказы и повесть,

(На казахском языке)

Редактор К. Токмурзин.

Рецензент Т. Нурмаганбетов.

Художник В. Сопп.

Худож. редактор Б. Табылдиев.

Техн. редактор О. Пегова.

Корректор С. Ибраева.

ИБ № 565

Сдано в набор 29.01.79. Подписано к печати 11.04.79. Формат 70×108 $\frac{1}{3}$. Бумага тип. № 1. Гарнитура литературиая. Печать высокая. П. л. 6,0. Усл. п. л. 8,4. Уч.-изд. л. 8,1. УГ14271. Тираж 30 000 экз. Заказ 495. Цена 50 коп. Издательство «Жалын» Государственного комитета Казахской ССР по делам издательства, полиграфии и книжной торговли, 480003, г. Алма-Ата, ул. Гоголя, 111. Полиграфкомбинат производственного объединения полиграфических предприятий «Кітап» Государственного комитета Казахской ССР по делам издательства, полиграфии и книжной торговли, 480002, г. Алма-Ата, ул. Пастера, 39.

150 T.